



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ



ОҚМПУ
хабаршысы

ЮКГПУ
Вестник

ғылыми-педагогикалық журналы
№1-2 (15-16) 2018

научно-педагогический журнал
№1-2 (15-16) 2018



G•GLOBAL

№1-2 (15-16) 2018



ISSN 2415-8186



ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№1-2 (15-16)

**Шымкент
2018**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
№ 1-2 (15-16). 2018

БАС РЕДАКТОР

АЯШЕВ О.А. – п.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа

Айтбаев Ө. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Надиров Н.К.** – х.ғ.к., профессор, ҰҒА академигі; **Бегалиева Р.Н.** – п.ғ.к., (бас редактордың орынбасары); **Амирғазин Қ.Ж.** – п.ғ.д., профессор (Ресей); **Аширов Ә.Ә.** – х.ғ.д., профессор; **Байғұтова А.** – ф.ғ.к.; **Дмитрюк Н.В.** – ф.ғ.д., профессор; **Досбенбетова А.Ш.** – п.ғ.д., профессор; **Жапбаров А.** – п.ғ.д., профессор; **Исабек Б.Қ.** – тарих ғ.к., доцент; **Любчик С.** – PhD докторы, профессор (Португалия); **Дерижина И.** – п.ғ.д. (Болгария); **Пардала А.** – п.ғ.д., м.ғ.к., профессор (Польша); **Норкуте О.** – әлеумет.ғ.д., профессор (Литва); **Сзатмари П.** – тарих Phd, адъюнкт-профессор (Венгрия); **Сластухина О.И.** – ф.ғ.к., доценті (Ресей); **Подушкин А.Н.** – тарих ғ.д., профессор; **Рахымбек Д.** – п.ғ.д., профессор; **Тәңірбергенов М.Ж.** – п.ғ.д., профессор; **Шыныбаев М.Д.** – ф.-м.ғ.д., профессор; **Иманбаев Н.С.** – ф.-м.ғ.к., профессор.

Редакциялық кеңес

Қадырбаева Р.И. – п.ғ.д., доцент; **Мәдібекова Ф.М.** – х.ғ.к., доцент; **Халила А.** – б.ғ.д., профессор; **Арынғазиева Б.** – филос.ғ.к., профессор м.а.; **Алдаберген М.Н.** – т.ғ.к. доцент; **Омар Б.К.** – ф.ғ.к., доцент; **Стычева О.А.** – п.ғ.к., доцент; **Абрамова Г.И.** – ф.ғ.к. доцент; **Қиясова Қ.Қ.** – п.ғ.к., доцент м.а.; **Алтынбеков Қ.С.** – ф.ғ.к.; **Қаражігітова К.Ж.** – п.ғ.к., доцент; **Қойшиев Қ.Е.** – п.ғ.к.;

Жауапты хатшы – **Үсенбаева С.С.**, ф.ғ.к.

Техникалық редакция – **Байырбекова Л., Аблаев Н., Утенов Н.**

Журнал 2016 жылдың наурыз айынан бастап Париж қаласындағы

ISSN орталығында тіркелген.

ISSN 2415-8186 (Online), ISSN 2415-8178 (Print)

Журнал Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркеліп, **06.06.2014 ж. №14373-ж** куәлігі берілген. Ақпарат комитетіне қайта есепке қою туралы 15.03.2018 ж. № 16979-ж куәлігі берілген.

Меншік несі: «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2014 жылдың қараша айынан бастап шыға бастады. Жылына 4 рет жарық көреді.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Мақалада баяндалған мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.

Редакцияның мекенжайы:

160012, Шымкент қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 13
222-бөлме, тел. 390244/756
87083581795,
e-mail: yukgpu_khabarshy@mail.ru

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, 2018

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

ӘОЖ 378.016:004

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНА ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АРЗЫМБЕТОВА Ш.Ж., ОРАЛБЕКОВА А.К.

Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімдерді ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлаудың негізгі мәселелерін зерттеуге арналған. Сонымен қатар мектеп жағдайында АКТ-ны қолданудың қазіргі уақыттағы алатын орны мен рөлін анықтай отырып, біршама зерттеулердің нәтижесі алынған. Бұл зерттеулер инклюзивті жағдайда оқытуды жүзеге асырудың мүмкіндіктерін қарастырады. IT сауаттылық пен заманауи технологиялардың елімізде кең етек алуы жаңа мамандықтардың талаптарына сәйкес келетіні анықталады. Ерекше топқа жататын балаларды жалпы білім беру ортасына кіріктіру туралы ғылыми зерттеулер мен осы санаттағы балалармен жұмыс істеудің мәселелері жан-жақты қарастырылады.

***Кілт сөздер:** ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инклюзивті білім беру, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп көрсетті [1].

Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы. Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы


тиіс... Адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру ұлт жетістігінің факторы болып табылады, сондықтан әр қазақстандықта заманауи технологиялар кезеңінде және жаңа мамандықтардың талаптарына қажет функционалдық, IT сауаттылық, ағылшын тілін білу, адамгершілігі мол тұлға сынды қасиеттер мен құзыреті болуы керек», – деп көрсетілген [2].

Арнайы білім беруді қажет ететін балалар туралы мәселесі күні бүгінге дейін қазақстандық білім беру жүйесінде ауқымды түрде талқыланып, арнайы зерттеу пәні ретінде қарастырылмай келеді. Ерекше топқа жататын балалардың жалпы білім беру ортасына кіріктіру туралы ғылыми зерттеулер жеткіліксіз немесе жоқтың қасы. Сонымен қатар, жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше оқытуды қажет ететін балалар туралы мәліметтер қорын жасау мәселесінде қажетті дәрежеде қарастырылмай келеді.

Осы ретте, инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастырып, оның міндеттерін жүзеге асыратын оқушымен бірге маңызды орын алатын тұлға – мұғалімді жан-жақты даярлау мәселесі де өзектілікпен күн тәртібіне қойылады. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мен осы жүйеде қызмет ететін педагогтерді арнайы даярлау – әлі де болса толыққанды игерілмеген тың сала. Осы саланың тұжырымдамалық негіздерін және оны іске асырудың білімдік, ғылыми, оқу-әдістемелік, практикалық және ағартушылық тегіктерін зерттеу – қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Қазақстандық орта білім беру жүйесіне заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың жаңа әдістерін енгізу үдерісі Қазақстан Республикасының білім беруді ақпараттандыру стратегиясына сәйкес жүзеге асырылып келеді. Білім беру мекемелерін ақпараттық-коммуникациялық технологиямен қамтамасыз ету бағытында жақсы нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Атап кететін мәселе, жоғары оқу орындарындағы оқу аудиторияларының (сыныптардың) сапалық жағынан ескіруі студенттерге білім беру үдерісін ақпараттандыруға кедергі болып отыр. Аудиториялардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдануға бейімделуі, өз кезегінде заманауи техникалық құралдарды сапалы білім беру мақсатында қолдануға мүмкіндік бермейді. Бұл мәселе орта мектептерге де тікелей қатысты.

Зерттеу барысында 32 жалпы білім беру мектептерінің ақпараттық құжаттарына (кездейсоқ таңдау әдісімен) жүргізген талдауымыздың нәтижесінде олардың басым көпшілігінде дамуында ерекшеліктері бар балалардың ақпараттық ресурстардың қолжетімді ететін техникалық құрылғыларын, оларды қолдану әдістері мен алгоритмдерін (информатика аясында да, басқа пәндер аясында да) пайдаланудың тиісті деңгейде еместігі анықталды. Зерттеу нәтижесінде анықталған оқу үдерісінің АКТ-мен жеткілікті қамтылмауының негізгі себептері 1 суретте көрсетілген (Сурет 1).




Сурет 1 – АКТ-ны оқу үдерісіне жаппай енгізуді тежейтін негізгі себептер

Оқу үдерісінде АКТ-ны пайдаланудағы қиындықтарды анықтау мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті студенттерінің арасында сауалнама жүргізілді. Оған болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне 60-тан астам (3 курс) қатысқан. Зерттеу барысында студенттер «Отбасы және компьютерлік технологиялар» сауалнамасының сұрақтарына жауап берді.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің 75%-ында жеке дербес компьютері бар екені анықталды. Бірақ соған қарамастан, сауалнама нәтижелері сандық және сапалық тұрғыдан талдау барысында алынған нәтижелер педагогикалық ЖОО студенттерінің ақпараттық-коммуникациялық құралдарды кәсіби дайындық мақсатында қолдану білігі мен дағдысы айтарлықтай төмен деңгейде екенін көрсетті. Сауалнама алынғандардың көпшілігі (58,2%) өздерінің АКТ туралы білімінің мектепте алған деңгейде қалғанын көрсеткен.

Тек студенттердің 33%-ы ғана педагогика саласында компьютермен жұмыс жасай алатынын және информатика негіздері бойынша ең төменгі білімге ие екендіктерін айтқан. Студенттердің 12%-ы оқу мақсатына компьютерді пайдаланбайды, оның орнына ұялы құрылғылардағы ғаламтор желісін қолданғанды дұрыс көреді, ал 7%-ы – педагогикалық кәсіпке дайындалу үдерісінде компьютерді де, басқа АКТ құрылғыларын да пайдаланбайды. Оның орнына қағаз нұсқадағы әдебиетті қолайлы көреді. Ал енді инклюзивті білім беру жағдайында компьютерді қалай пайдалану

керектігін білетін студент мүлде жоқ дерлік. Осылай болғанның өзінде басым көпшілігі (75,6%) АКТ-ны педагогикалық үдеріске енгізу оның тиімділігін арттырады деп есептейді. Бұл мәліметтердің барлығы 2 суретте беріліп отыр (Сурет 2).



Сурет 2 – Болашақ педагогтардың компьютерді педагогикалық құзыреттілігін арттыру мақсатына пайдалануы

Респонденттердің 81,5%-ы кәсіби мамандыққа оқу барысында АКТ-ны пайдаланатын пәндерді көбірек енгізу қажет деп атап көрсеткен. Сондай мақсатта берілген білім студенттерге кәсіби мамандығы туралы ақпаратты өңдеу мен ұсыну, сақтау мен өзгерту құралдарын, әдістері мен тәсілдерін пайдалану мүмкіндіктерін арттырады деп есептейді.


Дербес компьютерде жұмыс істей білу дағдысының одан әрі қарай шеберлікке ұласуына деген сұранысы мен қажеттілік респонденттердің 13,5%-ында сақталған. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі өздерінің компьютерлік техникамен жұмыс істеу білімі мен білігі өте төмен деңгейде деп есептейтіні анықталды.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің 62%-ы білім беру үдерісіндегі компьютерлік технологиялар баланың дамуында оң нәтижелерге және тіпті оның тұлғалық өсуіне алып келеді деген ортақ пікірге келген. Алайда, барлық

дерлік респонденттер (82%) педагогтер мен ата-аналар баланың дербес компьютердегі жұмыс барысын ұдайы қадағалап отыруы керектігін де баса атап көрсеткен.

Алынған нәтижелер негізінде студенттер материалды жеткізу кезінде АКТ-ны пайдаланудың бар маңыздылығын түсінеді деп тұжырымдауға болады. Олардың көпшілігі ақпараттық-коммуникациялық құралдарды оқыту үдерісіне енгізу білім берудің тиімділігін арттыра алады деп есептейді.

Төменде берілген суретте осы мәселе бойынша сауалнама нәтижелері көрсетілген (Сурет 3).



Сурет 3 – Болашақ педагогтардың «Педагогтің ақпараттық құзыреттілігі» ұғымын түсіндіру нәтижелері (педагогикалық қызметте АКТ-ның пайдалану құзыреттілігі), %-бен

Алынған нәтижелер болашақ педагогтардың қатарында «ақпараттық құзыреттілік» терминінің бірыңғай түсінігі жоқтығын көрсетеді. Болашақ мұғалімдердің «ақпараттық құзыреттілік» ұғымын түсіндіруі бір-біріне ұқсамайды. Бұл аталған терминнің айтарлықтай кең мағыналы екендігімен де байланысты деп түсінеміз. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі оны кәсіби іс-әрекет барысында тәжірибелік міндеттерді шешуге қажетті теориялық білімдердің қомақты көлемімен теңдестіруге болады деген қорытындыға келген.

АКТ-ны сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдану барысында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту барысында бірқатар ерекшеліктер болатынын ескеру керек. Сабақты, сабақ жоспарларын ұйымдастыру мен бірқатар

әдістемелік тәсілдерді жүзеге асыру барысында назарға алынатын әртүрлі психологиялық және педагогикалық аспектілер болады. Олар:

- сабақты ұйымдастыру барысында балалардың оқу-танымдық әрекетіне араласуын ескеру керек;
- толеранттылық немесе жоғары ұйымдастырылған шыдамдылық әртүрлі мүмкіндігі бар балаларға білім беру барысында өте маңызды дерек болып саналады;
- баланың жеке тұлғалық қасиетіне құрметпен қарау;
- оқушылардың мүмкіндіктері, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеру.

Мүмкіндігі шектеулі балаларда оқуға деген мотивация төмен болатыны белгілі. Бүгінгі таңда бұл мәселені шешу үшін Microsoft Office PowerPoint, Windows Movie Maker ортасында орындалатын презентациялар қолданылады. Экрандағы дыбыс, қозғалыс және түс – баланың назарын сақтап тұрғатын, оқыту үдерісін әлдеқайда саналы ететіндей факторлар.

Сабақ жүргізуде АКТ-ны қолданғаннан кейін бірқатар оң нәтижелер байқалды. Олардың бірқатары сабақтың эмоционалды түрде бай және толыққанды, көрнекті болуы, оқушылардың білімін бақылау мен тексеру үшін бөлінетін уақыт қысқаруы, ойлау әрекетінің тәсілдері қалыптасуы, оқушылардың бақылау мен өзін-өзі бақылау дағдыларына үйренуі, оқулықты қолданылу аясы кеңеюі, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артуы байқалуы (мысалы, презентацияны таныстыру барысындағы оның тартымдылығы мен жарқын көрнекілігі т.б.). Көріп отырғанымыздай, сабақтың әр түрлі кезеңдерінде АКТ-ны қолданғанда қол жеткен оң жағдайлар көп.

Сабақ үстінде АКТ құралдарын қолдану барысында балалардың денсаулығына ерекше назар аударылады. Сабақ жоспарына физикалық және динамикалық кідірістер, көзге арналған жаттығулар, денсаулық сақтау технология элементтерін қолдану секілді элементтер кіреді.

Сабақ барысында оқушылардың қол жеткізген оқу жетістіктерін бағалауды Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған бағалау критерийлеріне сүйене отырып жасауға болады. Олар 2016-2017 оқу жылында I сынып оқушыларын оқыту бастауыш білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы ҚР МЖМБС-2015 және ҮОЖ-ға сәйкес іске асырылады. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бағалау ҚР МЖМБС-2015 көрсетілген білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға бағдарлануы қажет. Алайда, кейбір оқушылардың бағдарламаны меңгеру мерзімі ұзап, нәтижесінде олар қалыпты дамыған балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне сәйкес келетін деңгейге жетеді.

Білім беру саласында мүмкіндігі шектеулі балалардың жетістіктерін бағалаудың негізгі мазмұнын шектеуді, яғни бұзылысты (көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, әлеуметтік-эмоциялық сала) ескере отырып қалыпты дамыған құрбыларымен бірдей болуы қажет. Бұл жағдайда мыналар бағалануы керек:

- арнайы оқу дағдыларының қалыптасуы, мысалы, көру бұзылыстары бар балалардың Л. Брайль шрифті менгеріп және/немесе тегіс баспалы шрифтпен жазуы мен оқуы;

- білім беру салалары бойынша құзыреттіліктері қалыптасуы, ауызша және жазбаша тілдік қарым-қатынас құралдарын пайдалануы, саналы оқу мен жазу қабілеті болуы, математикалық білім элементтерін шынайы өмірде қолдану іскерлігі, олардың өмірге қажетті мәнін түсінуі және т.б.

- әлеуметтік-тұлғалық нәтижелерді бағалау: өз күшін орындалатын талапқа сәйкес бағалай алу, физикалық жүктемеде, медициналық препараттарды қолданғанда, аз таныс заттық-кеңістіктік ортада (бөлмеде, көшеде) өз бетінше қозғалу кезінде нені жасауға болатынын және нені жасауға болмайтынын түсіну.

АКТ құралдарын қолдану оқыту үдерісін белгілі бір деңгейде жақсартуға септігін тигізеді. Бастауыш мектепте ойын әрекеттің ең басты әрі маңызды түрі саналады. Ойын барысында оқушылар қиын ұғымдарды, білім алуға қажетті дағдылар мен шеберлікті еркін де жеңіл меңгеріп, өзі таным үдерісіне тікелей қатысқандықтан есте ұзақ әрі жақсы сақтайды.

Осылай, сабақ және сабақтан тыс уақытта арнайы нұсқаулар бере отырып мультимедиялық бағдарламаларды қолдану көптеген дидактикалық мәселелерді шешуге септігін тигізетініне көз жеткізе аламыз. Атап айтсақ:

- оқушылардың оқуға деген ынтасы және оқу-танымдық белсенділігі мен қызығушылығы жоғарылайды;

- жекелеп оқыту міндеттері шешіледі, жекелеп оқытудың көлемі, қиындық деңгейі, оқу материалын беру темпі, динамикасы мұғалімнің тікелей бақылауында болады;

- оқу материалы кезеңмен берілуі үздіксіз бақыланады;

- жаттығулардың түрлілігі мол болуына септігін тигізеді;

- білім алушылардың өзіндік жұмыстары белсенді болады;

- өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытудың тиімді мүмкіндігі болады;

- үйге берілетін және тағы да басқа тапсырмаларды тексеру уақыты үнемделеді.

Зерттеу жұмысын орындау барысында басқа авторлармен біріге (С.М. Кенесбаев, А.К. Оралбекова, Н.Т. Сартаева, М.А. Данабаева) 2017-2018 оқу жылына «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу-әдістемелік кешені (байқау нұсқасы) пилоттық білім беру ұйымдарына ендірілді [3].

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті. – Алматы, 2017. – № 10 (78). – Б. 1-2.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://edu.gov.kz>
3. Кеңесбаев С.М., Оралбекова А.К., Сартаева Н.Т., Данабаева М.А. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 112 б.

АРЗЫМБЕТОВА Ш.Ж., ОРАЛБЕКОВА А.К. ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ОСНОВЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.

В статье представлены результаты исследования, посвященного проблемам использования информационно-коммуникационных технологий будущими учителями начальных классов в условиях инклюзивного образования. Определив роль и необходимость использования ИКТ в современных условиях школы, аргументировав необходимость такого рода исследований, авторы обращаются к описанию новых возможностей ИКТ в условиях инклюзивного образования. Утверждение, что ИТ грамотность и современные технологии в нашей стране чрезвычайно важны для современной молодежи и будущих специалистов, становится доказательным благодаря обращению авторов к рассмотрению научных исследований по проблемам обучения детей с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: *информационные и коммуникационные технологии, инклюзивное образование, будущие учителя начальных классов.*

ARZYMбетова SH. ZH., ORALBEKOVA A.K. PROBLEMS OF TRAINING FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS THROUGH INFORMATION COMMUNICATION TECHNOLOGY.

The article deals with the analysis of research on the use of information and communication technologies by future primary school teachers in an inclusive education. The role and the need to use ICT in today's school environment is very important. Also, studies conducted in the context of inclusive education show new opportunities for ICT. It is definitely clear that it literacy and modern technologies in our country receive huge responses from today's youth and future professionals. The article also discusses research on the integration of children with special educational needs and their problems at the moment.

Keywords: *information and communication technologies, inclusive education, future primary school teachers.*

ӘОЖ 371.134:51 004 (043.3)

ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

БАЙДЫБЕКОВА Е.И., ДОСЫБЕКОВ А.К., ДОСЫБЕКОВА Ш.К.

Мақалада оқушылардың оқу қабілетін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Әр оқушының интеллектуалдық қабілетін ертерек анықтау, оларды бір-бірінен ерекшелемей барлығына бірдей жағдай жасау, олардың әрқайсысы өз ерекшелігіне сай жұмыс жасауына мүмкіндік беру туралы айтылады.

Оқушыларға мұндай мүмкіндіктер берудің бір жолы компьютерді оқу құралы ретінде пайдалану ұсынылады.

Компьютер мен интерактивті бағдарламалық-әдістемелік құралдар мұғалім мен оқушының әрекеттесу формаларын өзгертіп, компьютерді мұғалімнен гөрі көмектесетін кеңес беруші ретінде қарастырады.

Оқушының оқу іс-әрекетін дараландыру арқылы оқу мүмкіндігі мен оқу мүдделілігін жоғарылату жолдары көрсетіледі.

***Кілт сөздер:** оқу қабілеті, оқу мүмкіндігі, оқу мүдделілігі, білімділік қоры, компьютермен оқыту.*

Қазақстандағы білім беру жүйесі жаңа деңгейге көшуде. Білім беру ұйымдары алдына өмір бойы білім алатын заманауи қоғамның азаматын тәрбиелеу міндеті қойылды. Белгіленген міндет жаңа білім беру парадигмасына көшуді талап етеді, бұл парадигма жаңа стандартты жүзеге асыратын мұғалім қызметіне де түбегейлі өзгерістер енгізуде.

Мұғалім қызметіндегі өзгеріс мектептегі оқу үдерісіне жаңаша көзқарасымен, оқушының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруымен, оларды орындау барысында өз қабілеттерін дамыта алатын белсенді субъект қалыптастыратын жаңа оқу ортасын құруымен көрінеді. Өйткені, оқушының өз оқу іс-әрекетін заман талабына сай ұйымдастыра алатындай дәрежеде болуы, оның қандай деңгейде дамығандығына, мектепте алған теориялық және іс-тәжірибелік даярлығымен бірге жеке басының белсенділік, ізденімпаздық қасиеттерінің қаншалықты қалыптасқанына да байланысты.

Оқушыларды қажетті оқу информацияларымен қамтамасыз ету, олардың өзіндік іскерлік іс-әрекеттері мен тәжірибелерін дамыту, оқыту үдерісін жеке тұлға ерекшелігіне сәйкес бағдарлау арқылы орындалатын іс. Сондай-ақ осындай оқу іс-әрекетін мақсатқа сай жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау жүйесі ғылыми тұрғыда негізделуі де керек.

Сонымен бірге заман талаптарына байланысты қазіргі сабаққа деген көзқарастар да өзгерді. Заманауи сабақта классикалық құрылым сақталуымен қатар әрбір мұғалімнің сабақты құрастыруында да, оқу материалының

мазмұнын сұрыптауында да, оны түсіндіру технологиясында да өзінің шығармашылық көзқарасын талап етеді.

Осы талаптарды іске асыру, жеке адамды белгілі бір жүйе деп қарастырып, бұл жүйедегі оқу үдерісінің әсерлеріне байланысты оқушының атқаратын іс-әрекеті сыртқы, ал оның оқу мүмкіндігі, мүдделілігі, қызығушылығы ішкі жүйе деп ескеретін дидактикалық құралдар жасау проблемасын тудырады. Бұл проблеманы шешу балаларды оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін айқындап, мектептегі оқу үдерісін шәкірттің жеке ерекшелігіне сай ұйымдастыруға алып келеді.

Бұл жағдайда оқушылардың зейінін бір арнаға шоғырландыра отырып, сыныптағы психологиялық атмосфераны орнықтырумен бірге ойлануына жағдай жасап, алдыңғы өткен тақырып бойынша оқушылардың тірек білімдерін жаңғырту арқылы субъектінің назарын оқу мақсатына аударып олардың белсенділігін өз ісінің өніміне айналдыру, яғни оқу қабілеттерін қалыптастыру көзделеді.

Мақсат қою нақты әр оқушының ішкі қорлары мен мұқтаждықтарына (туа біткен, үйренген әдеттерін қоса алғанда) сүйенуді, оқушылардың жүрегіне жақын идеяларды, мүмкіндіктерін ескеруді қажет етеді. Оқушылардың барлығына бірдей, білім беру стандарты талаптарына сәйкес ортақ мақсатты тауып қоюға талпыныс жасаумен бірге, индивидтің қабілеттері мен мұқтаждықтарын да ескеру керек.

Оқушылардың қабілеттері мен бейімділіктерін зерттей келе олардан нәтижесінде қандай өнім болатынын белгілейтін мұғалім, бұл іске кең ауқымды түрде терең қарауы керек. Күтілетін нәтиже сыныптағы оқушылардың деңгейі негізінде (төменгі деңгей, орта деңгей, жоғары деңгей) құрылады. Осылайша жеке ерекшеліктер ескерілген оқыту барысында оқушылар оның мақсатымен таныса отырып, өзінің міндеттерін белгілейді, күтілетін нәтижені анықтап алады.

Оқу үдерісін шәкірттің жеке ерекшелігіне сай ұйымдастыру, олардың оқу ісін дараландыру компьютерді негізгі оқыту құралы ретінде пайдалану негізінде шешіледі. Оқу іс-әрекетін дараландыруда компьютерді негізгі оқыту – оқу құралы деп қабылдау, оқушыларды дәстүрлі әдістермен оқытудан негізгі айырмашылығы болмақ. Өйткені, оқытудың басқа техникалық құралдарымен салыстырғанда компьютердің артықшылығы – оны қолдану икемділігінде, әрбір оқушының іс-әрекеті деңгейіне сай жұмыс жасай алатындығында [1, 109].

Компьютер көмегімен дараландырылған оқытуға ізденіс пен зерттеу сипатын беру арқылы оқу үдерісі белсендіріледі. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін біле отырып, компьютердің техникалық мүмкіндіктеріне сай, оқу үдерісін басқарып ұйымдастыра алса, мұғалім оқу іс-әрекетін

дараландыру мәселесін шешеді. Осылайша білім беруде компьютерлік технологияларды пайдалану, оқыту үдерісін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Компьютер көмегімен оқытуды дәстүрлі оқыту теориясы мен іс-тәжірибесінің, қазіргі кездегі білім саласын информатикаландыру технологиясы жетістіктерімен ұштастыру, білім жүйесін реформалаудағы сапалы жаңа кезеңді анықтайды. Қазіргі телекоммуникациялық байланыс құралдары, компьютерлер, интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтарының әр түрлі оқыту формаларын жетілдірудегі, оған қоса оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастырудағы, өзіндік жұмыстарды орындауға көмектесетін әдістемелік құралдар ретінде атқаратын жұмысы маңызды [2, 102].

Компьютер мен интерактивті бағдарламалық-әдістемелік құралдар мұғалім мен оқушының әрекеттесу формаларын өзгертіп, компьютерді мұғалімнен гөрі ақылдаса отырып, көмектесетін кеңес беруші ретінде қарастырады. Ал мұндай өзгеріс оқушының білімге деген ынтасын арттырып, сабақтың, нәтижелік бақылаудың жаңа модельдерін іздеуге жетелейді, оқытудың жеке адамға бағытталған қызықты түрлерін енгізуді керек етеді.

Әдетте оқу бағдарламалары басты екі стратегия – жеделдету және байытуға негізделеді. Оқу үдерісін – оқушы тобының оқу тапсырмасын қайталап орындауы деп түсінсек, онда процесс компоненттері – оқу тобын құраушы оқушылар мен оқу тапсырмасының нормативті құрылымының элементтері болып табылатын іс-әрекеттердің операциялары болмақ. Оқу барысында игерілген әрбір операция, оқу тірегіне айналады да, оқушының білімділік қорын толықтырып, байытып отырады.

Сонымен, оқу үдерісін сипаттайтын ең бірінші мөлшерлік көрсеткіш – оқушының білімділік қоры. Яғни оның игерген білімі, біліктіліктері және дағдылары жиынтығының мөлшері.

Оқу үдерісіндегі екінші басты стандартталған мөлшерлік көрсеткіш - іс-әрекет түріндегі әр операциясының оқу үдерісіндегі құндылығы.

Оқушының білімділік қоры және құндылығы – оқушылар мен олар орындайтын операцияларды реттеп, оқу үдерісіндегі орындарын анықтайды. Сонымен бірге, оқушы мен орындалатын операциялар ара қатынасын сипаттайтын туынды көрсеткіштерді бағалауды мүмкін етеді. Мұндай көрсеткіштердің біріншісі – оқушының оқу мүмкіндігі [3, 76].

Мүмкіндік – оқушының іс-әрекеттерді орындау арқылы, нәтиже алудан, жаңа нәтиже алуға, онан соң, нәтижені іс-тәжірибеде пайдалануға қарай бағытталған даму түріндегі өзгеру сипаттамасы, іс-әрекеттерді топтастыру (жүйелеу), қайта құру, өңдеу арқылы түрлендіру динамикасы.

Оқушы оқу барысында өз өмірінің қожасы болғысы, өзінің өмірлік мүддесін іске асырғысы келеді. Ол мұғалім беретін педагогикалық әсерлерін, яғни оқу тапсырмаларын, өзінің өмірлік мүддесіне сай келгендіктен ғана қабылдап, олардан өз мүдделеріне жету үшін қажетті іс-әрекеттерді ғана орындайды. Оқушы мүдделері, оның оқу үдерісіне көзқарасынан көрінеді, өйткені көзқарас мүдделерден пайда болады, оларды өрнектейді, реттейді. Көзқарас өзгеруі – оқушының шешім қабылдауы барысында пайдаланатын, іс-әрекеттерінің құндылық критерийлерін өзгертеді. Көзқарасты сипаттайтын шама – мүдделілік.

Мүдделілік – оқушының өз іс-әрекеттері субъектісіне айналу сипаттамасы. Мүдделілік арқылы іс-әрекеттердің оқу және еңбек дағдыларын қалыптастыру барысындағы, қоғамның материалдық байлығын рухани және мәдени дамуын іс-тәжірибеде пайдалану барысындағы, әлеуметтік және құндылық функциялары бағаланады. Мүдделілік – оқушының оқу үдерісіне көзқарасы өзгеруінің, іс-әрекеттердің оқушы сеніміне, игілігіне айналуының динамикасы.

Оқыту барысындағы оқушы іс-әрекеті, өз білімділік қоры мөлшеріне сәйкес, өз мүддесін барынша толық қанағаттандыруға бағытталған болса, онда мүдделілік шамасы оқушының білімділік қоры мөлшерінен және операцияны игеруге қажетті мүмкіндіктен тәуелсіз болады.

Бұл тұжырым мүдделіліктің оқушы жағдайы мен оны қоршаған ортадағы алатын орны өзгерген кезде де сақталады. Мүдделілік – жаңа басқару әсері беріліп, оқушы осыған байланысты жаңа роль қабылданғанда ғана өзгереді. Яғни әр сабақта мұғалім қорытынды жасауы барысында оқушылардың жеке қабілеттерінің дамуы, шығармашылық ізденістеріне бағыт беруі, өздігінен білім алу жолдарын көрсетуі арқылы оқушылар мүддесіне әсер ете алады [4, 535].

Сонымен бірге бұл мәселеде оқушылардың білімін бағалаудың алатын орыны ерекше. Қазіргі кезде оқушыларды бағалаудың формативті түрі ұсынылуда. Оны кейде қалыптастырушы бағалау немесе «оқушының дүниені тануын бағалау және білім беруді жақсарту үшін бағалау» деп те атайды. Себебі, ол оқушының жеке басының дамуы мен қалыптасуына көмектеседі. Бұл бағалау жүйесі мұғалімнің әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді, оқушының материалды меңгермегендігін басынан-ақ байқауына, оқушы білімін диагностикалауына мүмкіндік беріп, мұғалімге оқу үрдісін басқаша ұйымдастыруға көмектеседі, ал оқушыға – өзінің білім алуына деген үлкен жауапкершілікті сезінуді жүктейді. Формативті бағалау басқа бағалау әдістеріне қарағанда оқушыға материалды тереңірек түсінуіне көмектеседі. Сонымен қатар сол материалды сараптап, өмірде қалай қолдануға болатындығы туралы ойлануын оятады.

Орнықты жағдайда оқушының әр оқу операциясын игеру мүмкіндігі оның осы мүмкіндікті іске асыру үшін жұмсайтын білімділігі мөлшерін білдіреді. Оқушының оқу іс-әрекетін орындау сипаттамалары осы мүмкіндіктердің және мүдделіліктердің өзара байланыстары арқылы көрінеді. Оқу тапсырмасындағы операциялардың дұрыс орындалу мүмкіндіктері бірдей болғандықтан, оқушы олардың қайсысын орындау жөнінде ойланып жатпай, кез-келгенін дұрыс орындауы мүмкін. Бұл іс-әрекеттің операцияға айнала бастағандығын, яғни оқу барысында оқушы қабілетінің қалыптасқанын көрсетеді.

Әр оқушының интеллектуалдық қабілетін ертерек анықтау, оларды бір-бірінен ерекшелемей барлығына бірдей жағдай жасау, олардың әрқайсысы өз ерекшелігіне сай жұмыс жасауға мүмкіндік беру. Оқушыларға мұндай мүмкіндіктер берудің жалғыз жолы – балаларды компьютермен оқытуға көшу.

Ақпараттық технологияларды, оның ішінде компьютерді қолдану – оқу үдерісі тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы. Оларды білім алушылардың шығармашыл-ізденіс әдісімен жұмыс жасауына мүмкіндік беретіндей оқу тапсырмаларын дараландыруға пайдаланып, оқу үдерісінің «кезеңдермен қалыптастыру шкаласына» сай ұйымдастыру түрінде анықтау мұғалімнің міндеті. Сонымен бірге, дәстүрлі оқытуды жоққа шығармай, оларды оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде сауатты үйлестіріп, іске асыру керек. Бұл жағдайдағы негізгі идея – оқушылардың өз жұмысына қатысты айтылған пікірлер жайында ойлануын, іс-әрекетін келешекте жетілдіру мүмкіндіктерін табуға ынталануын ұйымдастыру, яғни оқу қабілетін қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейзеров В. Школа и компьютер // Педагогика. – 2003. – № 6. – С. 109.
2. Клишина М. Информатизация и наукоемкие технологии образования – условие эффективности его реформирования // Высшая школа Казахстана. – 2004. – № 3. – С. 101-102.
3. Әмірбеков А. Оқу процесін оптимальді-әдістемелік басқару негіздері. – Шымкент: Полиграф, 1999. – 140 б.
4. Әмірбекұлы А., Байдыбекова Е.И., Досыбекова Ш.К. Интербелсенді оқыту технологиясын алгоритмдік деңгейде қолдану // Жаңа Қазақстан, жаңа ұстаз, жаңа ұрпақ: ХҒТК материалдар жинағы. – Шымкент, 2011. – 534-538 бб.

БАЙДЫБЕКОВА Е.И., ДОСЫБЕКОВ А.К., ДОСЫБЕКОВА Ш.К.
ФОРМИРОВАНИЕ УЧЕБНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ШКОЛЬНИКА

В статье рассматриваются вопросы формирования учебных способностей школьников. Особое внимание обращается на выявление особенностей каждого

учащегося, создание для них одинаковых условий, предоставление возможности работать в соответствии с их индивидуальными особенностями.

Предлагается использование компьютера в качестве учебного средства как одного из путей формирования познавательных способностей учащимся.

Компьютер и интерактивные программно-методические средства, изменяя формы взаимосвязей между учителем и учащимся, рассматриваются в качестве главного помощника и консультанта.

Как одно из главных условий повышения возможностей мотивации к учению характеризуется в статье индивидуализация и дифференциация учебной деятельности школьников.

Ключевые слова: *познавательные способности, учебные возможности, мотивация к учению, процесс индивидуализации, компьютерное обучение.*

BAIDEBEKOVA E.I., GOZIBEKOV A.K., DOSYMBEKOVA S.K. DEVELOPING THE SCHOLASTIC ABILITIES OF PUPILS

In article are considered questions of the shaping the scholastic abilities of the pupil. Is it Also considered more early revealing the particularities of each pupil, creation for them equal terms, granting the possibility to work in accordance with their individual particularity.

It Is Offered use the computer as scholastic facility as one of the ways of the presentation of the pupils of such possibilities.

The Computer and интерактивные software-methodical facilities, changing forms of the intercoupling between teacher and pupil, are considered as greater assistant and consultant than teacher.

By means of personalizations of scholastic activity учащихся are shown way of increasing of the possibilities and motivation learns

Keywords: *scholastic abilities, scholastic possibilities, motivation learns, fund of the knowledges, computer education*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

УДК 514 (075.8)

**ОСЕСИММЕТРИЧНАЯ ДЕФОРМАЦИЯ
СОСТАВНЫХ ТРАНСВЕРСАЛЬНО-ИЗОТРОПНЫХ
ЦИЛИНДРИЧЕСКИХ КОНСТРУКЦИЙ**

ЖУМАБАЕВ М.Ж., ЖУМАБАЕВ К.Ж., МЫКТЫБЕКОВ Б.

Краевые задачи, относящиеся к исследованию полого цилиндра, решаются теми же методами, что и для сплошного цилиндра. Рассматривается цилиндр из трансверсально-изотропного материала при действии осесимметричной распределенной по его боковой поверхности. Приведены решения для сплошного и полого цилиндров. Приводится осесимметричная задача составного многослойного цилиндра, подверженного действию внешних нагрузок, распределенной по боковой поверхности наружного цилиндра. Составная конструкция конечной длины изготовлена из комбинации трансверсально-изотропных, изотропных материалов. При решении осесимметричной задачи для трансверсально-изотропных тел в функциях напряжения, искомую функцию можно представить с помощью одной функции, удовлетворяющей функции четвертого порядка.

Ключевые слова: *краевые условия, трансверсально-изотропный материал, осесимметричная задача, собственные числа, формула Эллиотта, собственные функции, класс однородных решений, метод Фурье.*

Относительно простое решение краевых задач для цилиндров с точно выполненными краевыми условиями на боковой поверхности находится в случаях, когда не заботятся об условиях на торцах или удовлетворяют им в духе Сен-Венана. Не нарушая общности, можно считать, что напряжения, распределенные на торцах цилиндра, статически эквиваленты нулю. Решение, удовлетворяющее краевым условиям на боковой поверхности, легко подчинить условиям на торцах в смысле Сен-Венана. Однако, если напряжения, статически равные нулю на торцах, не удовлетворены, то они могут оказать существенное влияние на распределение напряжений в средних сечениях сравнительно короткого цилиндра. В других случаях может представить интерес исследование местных напряжений в области, примыкающей к торцу цилиндра. Краевые задачи, которые возникают в этих случаях, весьма трудоемки, хотя аналитическое построение их решений возможно, например, в «классе однородных решений».

Краевые задачи, относящиеся к случаю полого цилиндра, решаются теми же методами, что и для сплошного цилиндра. Для решения

поставленных задач рассматривается цилиндр ($r_1 \leq r \leq r_2$ и $-h \leq z \leq h$) из трансверсально-изотропного материала при действии осесимметричной нагрузки, распределенной по его боковой поверхности.

Общее уравнение теории упругости для трансверсально-изотропных тел, связывающее деформации и напряжения, можно представить в следующем виде [1]:

$$\begin{aligned} \varepsilon_r &= a_{11}\sigma_r + a_{12}\sigma_\theta + a_{13}\sigma_z, & \gamma_{\theta z} &= a_{44}\tau_{\theta z} \\ \varepsilon_\theta &= a_{21}\sigma_r + a_{22}\sigma_\theta + a_{23}\sigma_z, & \gamma_{rz} &= a_{44}\tau_{rz} \\ \varepsilon_z &= a_{31}\sigma_r + a_{32}\sigma_\theta + a_{33}\sigma_z, & \gamma_{r\theta} &= 2(a_{11} - a_{12})\tau_{\theta z} \end{aligned}$$

Согласно [1], при решении осесимметричной задачи теории упругости для трансверсально-изотропных тел в функциях напряжения, искомую функцию напряжения можно представить с помощью одной функции $\varphi(r, z)$ (r – радиальная координата, z – осевая), удовлетворяющей одному уравнению четвертого порядка

$$\nabla_1^2 \nabla_2^2 \varphi(r, z) = 0,$$

$$\nabla_i^2 = \frac{\partial^2}{\partial r^2} + \frac{1}{r} \frac{\partial}{\partial r} + \frac{1}{s_i^2} \frac{\partial^2}{\partial z^2},$$

где

$$\begin{aligned} s_1 &= \sqrt{\frac{a+c+\sqrt{(a+c)^2-4d}}{2d}}, & s_2 &= \sqrt{\frac{a+c-\sqrt{(a+c)^2-4d}}{2d}}, \\ a &= \frac{a_{13}(a_{11}-a_{12})}{a_{33}a_{11}-a_{13}^2}, & b &= \frac{a_{13}(a_{13}+a_{44})-a_{12}a_{33}}{a_{33}a_{11}-a_{13}^2}, & c &= \frac{a_{13}(a_{11}-a_{12})+a_{11}a_{44}}{a_{33}a_{11}-a_{13}^2}, \\ d &= \frac{a_{11}^2-a_{12}^2}{a_{33}a_{11}-a_{13}^2}, \end{aligned}$$

Здесь параметры a_{ij} – характеристики упругой податливости трансверсально-изотропного тела. Используя формулы Эллиотта [2], функцию напряжения φ можно выразить через две функции φ_1 и φ_2 , которые удовлетворяют двум уравнениям второго порядка. В этом случае

$$\nabla_1^2 \varphi_1 = 0, \quad \nabla_2^2 \varphi_2 = 0$$

$$\frac{\partial \varphi(r, z)}{\partial z}$$

$$\text{и } \frac{\partial \varphi}{\partial z} = \varphi_1(r, z) + \varphi_2(r, z).$$

Для решения однородного уравнения

$$\left(\frac{\partial^2}{\partial r^2} + \frac{1}{r} \frac{\partial}{\partial r} + \frac{1}{s_i^2} \frac{\partial^2}{\partial z^2} \right) \varphi_i(r, z) = 0, \quad i = 1, 2$$

используется метод Фурье $\varphi_i(r, z) = V_i(r) \cdot S_i(z)$, в соответствии с которым необходимо найти решения следующих систем уравнений:

$$\begin{cases} \frac{\partial^2 V^1(r)}{\partial r^2} + \frac{1}{r} \frac{\partial V^1(r)}{\partial r} = \lambda^2 V^1(r) \\ \frac{\partial^2 S^1(z)}{\partial z^2} = -\lambda^2 S^1(z) \end{cases} \quad \begin{cases} \frac{\partial^2 V^2(r)}{\partial r^2} + \frac{1}{r} \frac{\partial V^2(r)}{\partial r} = \lambda^2 V^2(r) \\ \frac{\partial^2 S^2(z)}{\partial z^2} = -\lambda^2 S^2(z) \end{cases}$$

В приведенных уравнениях верхние индексы в функциях $V(r)$ и $S(z)$ означают их принадлежность к функциям $\varphi_1(r, z)$ или $\varphi_2(r, z)$ соответственно. Величины λ_2 являются собственными значениями, а соответствующие им решения – собственными функциями. Собственные числа определяются из однородных граничных условий.

В работе были рассмотрены решения для сплошного и полого круглых цилиндров в случае, когда нагрузка на боковой поверхности симметрична относительно плоскости $z=0$.

Полый цилиндр ($r_1 \leq r \leq r_2$ и $-h \leq z \leq h$). Граничные условия для полого цилиндра принимаются в виде:

$$\begin{cases} w^1(r, z) = 0 \Big|_{z=-h} \\ \sigma_{rz}^1(r, z) = 0 \Big|_{z=-h} \\ w^1(r, z) = 0 \Big|_{z=h} \\ \sigma_{rz}^1(r, z) = 0 \Big|_{z=h} \end{cases}, \quad \begin{cases} \sigma_r(r, z) = P_1(z) \Big|_{r=r_1} \\ \sigma_{rz}(r, z) = P_2(z) \Big|_{r=r_1} \\ \sigma_r(r, z) = F(z) \Big|_{r=r_2} \\ \sigma_{rz}(r, z) = 0 \Big|_{r=r_2} \end{cases}$$

Функции напряжения в этом случае отыскиваются в следующей форме:

$$\begin{aligned} \varphi_1(r, z) = & C_1 \left(\frac{r^2}{2} - z^2 s_1^2 \right) + C_2 z + \sum_{n=1}^{\infty} \left(C_3 I_0 \left(\frac{\lambda_n}{s_1} r \right) + C_4 K_0 \left(\frac{\lambda_n}{s_1} r \right) \right) * \cos(\lambda_n z) + \\ & + \sum_{n=1}^{\infty} (C_5 J_0(\mu_n r) + C_6 Y_0(\mu_n r)) * \left(C_7 sh \left(\frac{\mu_n}{s_1} z \right) + C_8 ch \left(\frac{\mu_n}{s_1} z \right) \right) \end{aligned}$$

$$\varphi_2(r, z) = C_1 \left(\frac{r^2}{2} - z^2 s_2^2 \right) + C_2 z + \sum_{n=1}^{\infty} \left(C_3 I_0 \left(\frac{\lambda_n}{s_2} r \right) + C_4 K_0 \left(\frac{\lambda_n}{s_2} r \right) \right) * \cos(\lambda_n z) +$$

$$+ \sum_{n=1}^{\infty} (C_5 J_0(\mu_n r) + C_6 Y_0(\mu_n r)) * \left(C_7 sh \left(\frac{\mu_n}{s_2} z \right) + C_8 ch \left(\frac{\mu_n}{s_2} z \right) \right)$$

Функции напряжения, подставленные в граничные условия на свободных торцах, позволяют исследовать случаи с различными значениями собственных чисел. В полученных уравнениях для отрицательных значений собственных чисел λ нетривиальные решения не существуют и поэтому постоянные $C_7 = C_8 = C_7 = C_8 \equiv 0$. Положительные значения собственных

чисел λ оказываются равными $\lambda_n = \frac{\pi n}{2h}$. Этим собственным значениям

$$\cos \left(\frac{\pi n}{h} z \right)$$

соответствуют собственные функции, определяемые с точностью до постоянного множителя. Однородные на торцах граничные условия также позволяют получить:

$$C_2 k_1 + C_2 k_2 = 0$$

$$s_1^2 k_1 C_1 + s_2^2 k_2 C_1 = 0$$

Функции напряжения для рассмотренных собственных чисел принимают вид:

$$\varphi_1(r, z) = C_1 \left(\frac{r^2}{2} - z^2 s_1^2 \right) + C_2 z + \sum_{n=1}^{\infty} \left(C_3 I_0 \left(\frac{\lambda_n}{s_1} r \right) + C_4 K_0 \left(\frac{\lambda_n}{s_1} r \right) \right) * \cos(\lambda_n z)$$

$$\varphi_2(r, z) = C_1 \left(\frac{r^2}{2} - z^2 s_2^2 \right) + C_2 z + \sum_{n=1}^{\infty} \left(C_5 I_0 \left(\frac{\lambda_n}{s_2} r \right) + C_6 K_0 \left(\frac{\lambda_n}{s_2} r \right) \right) * \cos(\lambda_n z)$$

Граничные условия на боковой поверхности

$$u_r(r, z) = P_1(z) \Big|_{r=r_1} \quad \sigma_r(r, z) = F_1(z) \Big|_{r=r_2}$$

$$\sigma_{rz}(r, z) = P_2(z) \Big|_{r=r_1} \quad \sigma_{rz}(r, z) = F_2(z) \Big|_{r=r_2}$$

где $F_1(z)$, $F_2(z)$ – заданные внешние радиальные и касательные нагрузки, а функции $P_1(z)$, $P_2(z)$ – нагрузки по внутренней поверхности цилиндра. После подстановки функций напряжений в граничные условия на радиальных поверхностях для каждого λ находятся следующие соотношения:

$$\begin{aligned}
 & \left(A_{44}(1+k_1)\lambda^2 I_0 \left(\frac{\lambda r_1}{s_1} \right) - \frac{A_{11}-A_{12}}{r_1} \frac{\lambda}{s_1} I_1 \left(\frac{\lambda r_1}{s_1} \right) \right) C_3 + \left(A_{44}(1+k_1)\lambda^2 K_0 \left(\frac{\lambda r_1}{s_1} \right) - \frac{A_{11}-A_{12}}{r_1} \frac{\lambda}{s_1} K_1 \left(\frac{\lambda r_1}{s_1} \right) \right) C_4 + \\
 & \left(A_{44}(1+k_2)\lambda^2 I_0 \left(\frac{\lambda r_1}{s_2} \right) - \frac{A_{11}-A_{12}}{r_1} \frac{\lambda}{s_2} I_1 \left(\frac{\lambda r_1}{s_2} \right) \right) C_5 + \left(A_{44}(1+k_2)\lambda^2 K_0 \left(\frac{\lambda r_1}{s_2} \right) - \frac{A_{11}-A_{12}}{r_1} \frac{\lambda}{s_2} K_1 \left(\frac{\lambda r_1}{s_2} \right) \right) C_6 = A_n \\
 & \frac{(1+k_1)\lambda^2}{s_1} I_1 \left(\frac{\lambda r_1}{s_1} \right) C_3 + \frac{(1+k_1)\lambda^2}{s_1} K_1 \left(\frac{\lambda r_1}{s_1} \right) C_4 + \frac{(1+k_2)\lambda^2}{s_2} I_1 \left(\frac{\lambda r_1}{s_2} \right) C_5 + \frac{(1+k_2)\lambda^2}{s_2} K_1 \left(\frac{\lambda r_1}{s_2} \right) C_6 = B_n \\
 & \left(A_{44}(1+k_1)\lambda^2 I_0 \left(\frac{\lambda r_2}{s_1} \right) - \frac{A_{11}-A_{12}}{r_2} \frac{\lambda}{s_1} I_1 \left(\frac{\lambda r_2}{s_1} \right) \right) C_3 + \left(A_{44}(1+k_1)\lambda^2 K_0 \left(\frac{\lambda r_2}{s_1} \right) - \frac{A_{11}-A_{12}}{r_2} \frac{\lambda}{s_1} K_1 \left(\frac{\lambda r_2}{s_1} \right) \right) C_4 + \\
 & \left(A_{44}(1+k_2)\lambda^2 I_0 \left(\frac{\lambda r_2}{s_2} \right) - \frac{A_{11}-A_{12}}{r_2} \frac{\lambda}{s_2} I_1 \left(\frac{\lambda r_2}{s_2} \right) \right) C_5 + \left(A_{44}(1+k_2)\lambda^2 K_0 \left(\frac{\lambda r_2}{s_2} \right) - \frac{A_{11}-A_{12}}{r_2} \frac{\lambda}{s_2} K_1 \left(\frac{\lambda r_2}{s_2} \right) \right) C_6 = C_n \\
 & \frac{(1+k_1)\lambda^2}{s_1} I_1 \left(\frac{\lambda r_2}{s_1} \right) C_3 + \frac{(1+k_1)\lambda^2}{s_1} K_1 \left(\frac{\lambda r_2}{s_1} \right) C_4 + \frac{(1+k_2)\lambda^2}{s_2} I_1 \left(\frac{\lambda r_2}{s_2} \right) C_5 + \frac{(1+k_2)\lambda^2}{s_2} K_1 \left(\frac{\lambda r_2}{s_2} \right) C_6 = D_n \\
 & (2A_{44}(1+k_1)s_1^2 - (A_{11}-A_{12}))C_1 + (2A_{44}(1+k_2)s_2^2 - (A_{11}-A_{12}))C_1 = K_n \\
 & A_n = \frac{1}{h} \int_0^{2h} P_1(z) \cos(\lambda z) dz \quad B_n = \frac{1}{h} \int_0^{2h} P_2(z) \sin(\lambda z) dz \\
 & \text{где} \\
 & C_n = \frac{1}{h} \int_0^{2h} F_1(z) \cos(\lambda z) dz \quad D_n = \frac{1}{h} \int_0^{2h} F_2(z) \cos(\lambda z) dz \quad K_n = \frac{1}{2h} \int_0^{2h} F(z) dz
 \end{aligned}$$

Объединяя последнее уравнение с уравнением $s_1^2 k_1 C_1 + s_2^2 k_2 C_1 = 0$, которое было получено из условий на свободных торцах, получена замкнутая система уравнений относительно C_1, C_1 .

Сплошной цилиндр ($0 \leq r \leq r_2$ и $-h \leq z \leq h$). Для сплошного цилиндра принята следующая система граничных условий:

$$\begin{cases} w^1(r, z) = 0 \Big|_{z=-h} \\ \sigma_{rz}^1(r, z) = 0 \Big|_{z=-h} \\ w^1(r, z) = 0 \Big|_{z=h} \\ \sigma_{rz}^1(r, z) = 0 \Big|_{z=h} \end{cases}, \quad \begin{cases} u_r(r, z) = 0 \Big|_{r=0} \\ \sigma_{rz}(r, z) = 0 \Big|_{r=0} \\ \sigma_r(r, z) = P_1(z) \Big|_{r=r_1} \\ \sigma_{rz}(r, z) = P_2(z) \Big|_{r=r_1} \end{cases}$$

Применяя те же рассуждения, что и для полого цилиндра, с учетом особенности решения при $r_1=0$ для сплошного цилиндра, получены следующие соотношения:

$$\left(A_{44,2}(1+k_3)\lambda^2 I_0\left(\frac{\lambda r_1}{s_3}\right) - \frac{A_{1,2} - A_{1,2,2}}{r_1} \frac{\lambda}{s_3} I_1\left(\frac{\lambda r_1}{s_3}\right) \right) C_7 +$$

$$\left(A_{44,2}(1+k_4)\lambda^2 I_0\left(\frac{\lambda r_1}{s_4}\right) - \frac{A_{1,2} - A_{1,2,2}}{r_1} \frac{\lambda}{s_4} I_1\left(\frac{\lambda r_1}{s_4}\right) \right) C_8 = A_n$$

$$\frac{(1+k_3)\lambda^2}{s_3} I_1\left(\frac{\lambda r_2}{s_3}\right) C_7 + \frac{(1+k_4)\lambda^2}{s_4} I_1\left(\frac{\lambda r_2}{s_4}\right) C_8 = B_n$$

где

$$A_n = \frac{1}{h} \int_0^{2h} P_1(z) \cos(\lambda z) dz \quad B_n = \frac{1}{h} \int_0^{2h} P_2(z) \sin(\lambda z) dz$$

Составной цилиндр ($r_1 \leq r \leq r_2$, $r_2 \leq r \leq r_3$ и $-h \leq z \leq h$). Далее рассматривается осесимметричная задача о напряженно-деформированном состоянии составного цилиндра (Рис. 1), подверженного действию внешних нагрузок, распределенных по боковой поверхности $r = r_3$ наружного цилиндра. Составная конструкция конечной длины изготовлена из комбинации трансверсально-изотропных, изотропных, а в некоторых случаях и ортотропных материалов.




Рисунок 1 – Составной цилиндр

Граничные условия для составной конструкции из сплошного и полого цилиндров, при заданных нагрузках на боковых поверхностях, определяются следующим образом:

$$\left\{ \begin{array}{l} u_r(r, z) = 0 \Big|_{r=0} \\ \sigma_{rz}^1(r, z) = 0 \Big|_{r=0} \\ u^1(r, z) = u^2(r, z) \Big|_{r=r_2} \\ w^1(r, z) = w^2(r, z) \Big|_{r=r_2} \end{array} \right. \quad \left\{ \begin{array}{l} \sigma_r^1(r, z) = \sigma_r^2(r, z) \Big|_{r=r_2} \\ \sigma_{rz}^1(r, z) = \sigma_{rz}^2(r, z) \Big|_{r=r_2} \\ \sigma_r^2(r, z) = F_1 \Big|_{r=r_3} \\ \sigma_{rz}^2(r, z) = F_2 \Big|_{r=r_3} \end{array} \right.$$

А в случае двух полых цилиндров:

$$\left\{ \begin{array}{l} \sigma_r^1(r, z) = P_1 \Big|_{r=r_1} \\ \sigma_{rz}^1(r, z) = P_2 \Big|_{r=r_1} \\ u^1(r, z) = u^2(r, z) \Big|_{r=r_2} \\ w^1(r, z) = w^2(r, z) \Big|_{r=r_2} \end{array} \right. \quad \left\{ \begin{array}{l} \sigma_r^1(r, z) = \sigma_r^2(r, z) \Big|_{r=r_2} \\ \sigma_{rz}^1(r, z) = \sigma_{rz}^2(r, z) \Big|_{r=r_2} \\ \sigma_r^2(r, z) = F_1 \Big|_{r=r_3} \\ \sigma_{rz}^2(r, z) = F_2 \Big|_{r=r_3} \end{array} \right. ,$$

где верхний индекс 1 указывает на принадлежность переменных внутреннему цилиндру, а индекс 2 указывает на принадлежность переменных внешнему цилиндру, $r=r_1$ – внутренний радиус первого полого цилиндра, $r=r_2$ – радиус контактной поверхности двух цилиндров и $r=r_3$ – внешний радиус второго полого цилиндра. В общем случае будут исследоваться трансверсально-изотропные цилиндры.

Халық аңыздары мен жырлардан, тарихи хикаялар мен шежірелерден, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан ата-бабаларымыздың ана тегіне ерекше назар аударғанын байқауға болады. Бұл туралы белгілі шығыстанушы ресей ғалымы Лев Николаевич Гумилевтің (1912-1992): «...Анасының шыққан тегіне айрықша мән берілген... Ханзада Төременді тақтан тайдырудың себебі, «шешесінің шыққан тегінің төмендігі болды. Әрине, бұл желеу, оның саяси жауларының айла-амалы, бірақ, сол дәлелінің қызықтығына қараңызшы» [11, 72 б.] – деп жазуы тегін емес. Айрықша құрметтелетін ата-баба аруақтарын кие тұту белгісі ретіндегі ұрандардың сақталу себебі, ел басына күн туған, қиын-қыстау кезеңде, ел үшін, жер үшін кескілескен шайқастарда ата-бабасының, сол рудан шыққан батырлардың, билердің, жыраулардың атын ұран етіп шақырып, солардан медет сұраған. Солардың ішінде ру, халық рухын көтерер, елдікке бастап, желеп жебейтін әйел есімдері де бар. Қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен ерлігімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына тіл арқылы сіңіре білген әйелдер (Құртқа, Қарашаш, Домалақ ана, және т.б.) көп болған. Сондықтан, ана тілінің тағдырында, бүгінгі мен ертеңінде бағзы замандардағыдай аналардың алатын орны, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше. Демек, тіліміздің алтын арқауын асыл қолдарынан шығармай ұстап, құнарын жоғалтпай сақтап, ұлттық тіліміздің қадірі мен құдіретін ұғындыруды аналардың қасиетті парызы ретінде қазіргі қазақ қоғамында қалыптастыру, оның әлеуметтік-материалдық негізін жасау – өзекті мәселелердің бірі. Өз тілін *ана тілі* деп атаған қазақтардың танымында, мәдениетінде «әйел-анаға» ерекше мән берілген. Ел аузында есімі қалған небір кеменгер ойшылдардың, ұлтымыздың біртуар азаматтарының, танымал тұлғалардың бойындағы асыл қасиеттердің әжесінен немесе анасынан, яғни, нағашы жұртынан даритыны кездейсоқтық емес. Көркем әдебиеттегі аналар бейнесін тілдік дүние суреті аясында «қазақ әйелі» рәмізі тұрғысынан қарастырар болсақ, көптеген ғажайып қазыналарға кездесеміз. Әйел болмысы, оның еркектен ерекшелігі, ең алдымен, әйелдің сұлулығынан көрінеді. Сұлулық – тек әйел затының өлшемі. Сондықтан, әрбір әйелдің сұлулыққа ұмтылуы, ал, ақындардың бүкіл

адамзат баласы секілді сұлулыққа құмарлығы, ынтықтығы – заңдылық. Мысалы, Абайдың *сұлулық концептісін* сипаттауы мынадай тіркестер арқылы көрінеді: «*кең маңдай*», «*қолаң шап*», «*ақ тамақ*», «*қызыл жүз*», «*қара көз*», «*имек қас*», «*қызыл гүл*», «*ақ тісің кір шалмас*», «*шісің – гүл аңқыған, нұрың – күн шалқыған*» және т.б. Аталған тіркестерден қазақ халқының сұлулық туралы ұғымына сай мағыналар айқын аңғарылады. Олардың бірқатары халық санасында бұрыннан қалыптасқан етене жақын тұрақты сөз тіркестері болса, енді, бірқатары ақынның өз қолданысындағы сөз өрнектері.

Қазақтың аңыздары мен эпостарында *махаббат* оптимистік сезімнен трагедиялыққа дейін өрбіген. Қазақ дүниетанымында махаббат туралы түсініктің өзіндік ұзақ тарихы бар. Бұл ұғым көбінесе, саяси-патриоттық және рухани-адамгершілік мәселелерімен тығыз байланысты. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымына тән махаббат ұғымының асыл қасиеттерін жинақтап көрсеткен эпостардағы қыздың тамаша образдарының бірі Қыз Жібек бейнесі. Эпос дәстүрлі сипатта басталмайды, яғни, сезімнің пайда болуы келісімге, тағдырға, пешенеге жазғанға негізделмейді, ол таңдау еркіндігіне арқа сүйейді. Негізгі кейіпкер Төлеген өзіне қалыңдықты өзі табады. Махаббаттағы таңдау құқығы мен сезім еркіндігінің көрініс беруі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-адамгершілік қатынастардың жаңа толқынын білдіреді, оны қоғам жазғырмайды, керісінше, қолдауға тырысады. Дегенмен, бұл махаббаттың өмірі ұзақ болмады. Күйеу жігіттің жол үстінде қаза табуы Қыз Жібекті өз заманының сұрапыл дала заңын түсінуге, өз сүйіктісін мәңгі есте сақтауға қарай итермелеп, бекзаттандыра түсті. Қазақ түсінігінде махаббат тек қажетті дүние ғана емес, ол бұл пәнидегі адамның бірден-бір өмір сүру тәсілі болып табылады. Халық бұл сезімді айтумен шектеліп қана қоймай, оған жүйелі түрде тәрбиелеу құралы ретінде үлкен мағына берді. Тарихи деректерге арқа сүйесек, Қозы Көрпеш, Төлеген, Жібек, Баян – барлығы өз ата-аналарының, өз бауырларының, жақындарының махаббатымен, әлеуметтік ортасымен тәрбиеленген жандар. Махаббат ұғымы – қазақ дүниетанымының өзекті де күрделі мәселесі. Махаббат деген адамның өмір сүруінің бірден-бір тәсілі, оның еркіндігінің, өзіндік таңдау еркіндігінің көрінісі. Қазақ халқының «*сұлу сұлу емес, сүйген сұлу*» деуі соның дәлелі. «*Махаббат пен құштарлық ол екі жол*», деп Абай айтқандай, махаббат адамдардың қоғамдағы отаншылдық, ұлтжандылық, адамгершілік, имандылық қатынастарын анықтайтын халыққа тән философиялық категория. Көшпелі қазақ махаббат дастандарын қасиетті діни кітаптардан кем бағаламаған. Өйткені, махаббат Алланың нұры. Махаббатқа әркімнің қолы жете бермейді, ол Алланың нұры жауғандарда ғана болмақ. Махаббаты жоқ адам әлемді және өзін тани алмайды, оның өмірге деген рухани құштарлығы да болмайды. Ондайлардың рухында Алланың сәулесі жоқ. Қазақтың махаббат жырларында осындай идея

қыз бен жігіт арасындағы қалтқысыз сүйіспеншілік арқылы берілген. Адамды рухани жағынан жетілдіру – махаббаттың басты қасиеті. Махаббат жырларының көбісі қайғылы жағдаймен бітетіні де сондықтан. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы өмірде болған Қозы үшін Баянның өзін өлімге қиюы өмір қызығын тәркі ету емес, сол өмірге деген құштарлықтың қуатынан болған жағдай. Бұл түсінік қазақ әдебиетінде кеңінен тараған. Махаббат тақырыбына құрылған жырлар нағыз гуманизм, оптимизм идеяларын насихаттаған туындылар болып табылады.

Қазақ эпостары мен аңыздарында махаббат көп қырлы болып келеді: өмірге деген махаббат, туған жерге деген махаббат, өз халқына деген махаббат, ата-анаға деген махаббат, әйел мен еркектің махаббаты, балаға деген махаббат. Осы көптүрлілік махаббат туралы түсініктің нақтылануына, адам мен әлем арасындағы қатынасты тереңдете түсуге көмектеседі. Сондықтан, Баян мен Жібек сияқты арулардың сүйікті адамынан айрылуы жарық дүниеден түнілуге дейін әкеледі. Жер бетіндегі әлеуметтік жалғыздықты сезіну орны толмас нәрседей көрінгені белгілі. Жібек бейнесінің ерекше психологизмі – оның ерік күшіне қарамай өмірі бірте-бірте сөне бастауында. Баянмен салыстырғанда Жібек өмір сүруді қалайды. Бірақ, ол қандай өмір еді? Еске алу арқылы өмір сүру өз парызыңды орындауға деген ұмтылыс қыздың қасіретін одан сайын тереңдете түсті. Махаббат әрқашан азап шегумен байланысты болатынын міндетті түрде айту қажет. Қасірет шегу ғашықтардың өмірінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Махаббат – бұл үздіксіз азапқа түсу. Махаббат адамды азапқа түсіретін сезім болғандықтан одан міндетті түрде құтылу керек дейтін буддалықтардың түсінігінен өзгеше, қазақта және т.б. шығыстық тұжырымдамаларда азап рухқа ерекше күш, ғашықтарға айрықша шабыт береді. Ғашықтардың біреуінің өлімі екіншісіне орны толмас қасірет әкеледі. Баян оқиғасындағы сұлу қыз жүрегінің шындықпен табысуы тамаша рухани көрініс. Махаббатты адамның өмір сүруінің бірден-бір тәсілі ретінде түсінудің қазіргі мағынасы ерте кезден-ақ анықталған. Сондықтан, өткенге ғылыми талдау жасағанда, өткенді асыра марапаттамай, өзіміздің өткен рухани-өмірлік тәжірибеміздегі жағдайларды асыра дәріптемей, теріс сәттерден де арылуымыз қажет.

Ұлы Абай махаббатты экзистенциалдық тұрғыдан терең түсініп, оның мәнін «жүрек» категориясы арқылы ашты. *Махаббат философиясының* және *жүрек философиясының* тілі мен шығу тегі бір болатын. Ендеше, мұндай адамда бұл сезім әуелден-ақ сақталған. Оның өмірі махаббатты іздеуден және оны табудан тұрады. Абай өзінің «Қара сөздерінде» жүрек, махаббат туралы жиі айтады [12]. «*Жүрек*», «*намыс*», «*рух*», «*ерлік*», «*ар-ұят*» туралы философиялық пайымдауларын Абай терең герменевтикалық талдаулармен кеңейтеді. Ол махаббаттың мәнін анықтай отырып, тек сол ғана адамның өмірін толықтырады

деген қорытынды жасайды. Адам өз махаббатын басқаға сыйлай отырып, өзінің жанын біреуге қия отырып, өзі оны жоғалтпайды, керісінше, өз болмысының мәнін жауапкершіліктен, қуаныштан, құрбандықтан табады. Абай махаббаттың түрлері туралы айта отырып, сезімдік махаббатты кемсітпей, оны рухани махаббаттың жоғары сатыларының бірі деп есептеп, адамдарды жүректің тілімен сөйлесуге шақырады. Ал, Шәкәрім Құдайбердіұлы, махаббатты ақиқаттың, руханилықтың жарығымен байланыстырады. Оның пікірінше, адам өз махаббатын жоғалтса, онда ол өзінің адамдық мәнінің тереңдігінен де айырылады. Қазақ дүниетанымында махаббат туралы философиялық түсінік көпжақты, көпқырлы, сонымен қатар, ол әлемді үйлесімді-біртұтас ретінде тануға итермелейді. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында махаббат ұғымы әлемді ерекше сезіммен қабылдау тұрғысынан және әлемде өмір сүрудің бірден-бір мүмкін тәсілі ретінде көрініс табады. Махаббаттың нақты-жалпы ұғымының мәні осында жатыр. Қазіргі уақытта бұл ұғым елімізде қоғамның рухани-адамгершілік тұрғысынан қайта өрлеуінде өте өзекті болып отыр. Өкінішке орай, бүгін біз бұл сезімнің құнсыздануының куәсі болып отырмыз. Жыныстық революция, абсолюттік прагматизм, ұлы сезімді жасанды, жалған махаббатпен ауыстыру – қазіргі заманның мұңды көріністері. Махаббатты терең философиялық түсінуді қайта жаңғырту қажет, яғни, ол жас адамды өз ортасында үйлесімділікке, түсіністікке әкеледі және қоғамдағы әлеуметтік жатсынудан құтқарады, өзіне деген махаббаттан басқаға және бүкіл әлемге деген махаббатқа дейін жеткізеді. Бұл сезімге жастарды жүйелі түрде тәрбиелеу қажет. Айрықша шығармашылық ретіндегі махаббатқа тәрбиелеу (махаббатпен тәрбиелеу) – еліміздегі жастарға білім беру жүйесінің негізі болуы керек. Қазіргі жаһандану заманында махаббат философиясын қайта жандандыру және оны кеңінен насихаттау әлемдегі өзара түсінісу мен рухани келісімді нығайтуға, әлеуметтік, діни және мәдени қайшылықтарды шешуге өз ықпалын тигізері сөзсіз. Бүкіл дүниені жаманшылықтан құтқаратын керемет – қайырымдылық, махаббат, әдемілік болып табылады. Біреуді жақсы көру, біреуді жан-тәніңмен сүю, біреуге жақсылық жасау тек рухани бай адамдарда ғана болатын қасиет. Адамда жақсы қасиет болмаса, данышпан Жүсіп Баласағұн айтқандай, оған бақ та, бақыт та қонбайды. Рухани бай адам ешқашан өзінің туған елін, өзінің халқын, өзінің Отанын сатпайды. Шынайы рухани сезім адамның негізгі байлығы болып табылады. Махаббат біздің өз басымыздың жеке қамын ойлауды жеңуіміз, бізге нағыз өмірдің шапағатты толымдылығын сыйлайды және өмірімізге мән-мағына береді.

Қазақ әйелдері туралы мақаланы жазу барысында, әсіресе, олардың сырты мен ішкі үйлескен сұлулығы, мінез байлығы, ақыл-парасаты жөнінде әңгімелегенде, ең алдымен батырлар жырындағы, аңыз әңгімелердегі әйел

кейіпкерлердің көз алдымызға келері сөзсіз. Құртқа – қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділіктің, Жібек – сұлулық пен сымбаттың, Айман мен Ақжүніс және Қарашаш әйелдер үшін таптырмайтын қасиет – қулық пен айлакерліктің, тапқырлықтың, Домалақ ана қарапайымдылық пен көрегенділіктің, Баян сұлу мен Айша бибі – сұлулық пен махаббатқа адалдықтың, сезімге тұрақтылықтың символы. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырында Құртқаның батырдың аты Тайбурылды өзі таңдап, оны қандай ыждаһатпен бағып-қаққаны туралы баяндалады. Қобыландының досы Қараман «жауға бірге жүр» деп шақырғанда, батыр Құртқамен ақылдасып, оның «тұлпардың бағуында қырық үш күн кемдігі бар» деген сөзіне тоқталып отырғанын айтқанда, Қараман: *«қатынның тілін алсаң, қатынға ақыл салсаң...»* – деп оның намысына тиеді. Қобыландының ашуланғанын көріп Құртқа Тайбурылды батырға амалсыз шығарып береді. Шайқаста аттың бабының қырық үш күн кемдігінен зардап шеккен батыр Құртқаның тілін алмағанына қатты өкінеді. Бұл – халықтың әйелде ақыл, байыптылық, жағдайды дұрыс таразылау сияқты қасиеттердің басым екенін, оны жете бағаламау, намыс көру жөнсіз екенін білдіреді. Әйел ақылына халықтың бас июінің айшықты көрінісі – «Айман-Шолпан» жырында да кездеседі. Осы жырда халықтың *«алтын басты әйелден бақа басты еркектің артық»* еместігін мойындап, әйел ақылына бас ұруы, әйел сұлулығынан ақылды жоғары қоятыны байқалады. Қазақ жырауларының эпикалық мұраларында маңызды орын алатын бақыт ұғымының мәнін аша отырып, қазақ ойшылдары бақытты жұбайлық өмірмен байланыстырады, оны бақыттың бір бөлшегіне жатқызады. Үйдегі барлық бақыт пен игіліктің ұйытқысы ошақтың иесі, отбасының тірегі болып табылатын әйелге деген құрмет пен ізет ойшылдардың бәріне тән.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әділбаева Ш.А. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз. – Алматы, 2009. – 280 б.
2. Усачева Н.А. Женщина: ее статус, судьба и образ в мировой литературе. – Алматы, 2016. – 277 с.
3. Гачев Г.Д. Национальные образы мира: Евразия космос кочевника, земледельца и горца. – М., 1999. – 368 с.
4. Міштайұлы Т. Тоғыз ай // Ана тілі. – 2011. – 16 қараша.
5. Жанпейісова С. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы. – Алматы, 2014. – 248 б.
6. Соловьева Г.Г. Загадка счастья. Опыт философского размышления. – Алматы, 2016. – 224 с.
7. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ және хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 88 б.
8. Сейдімбек А.С. Қазақ әлемі: оқу құралы. – Алматы, 1997. – 464 б.
9. Адаева Г.А. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесі. – Алматы, 2017. – 147 б.
10. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1987. – 1 т. – 401 б.
11. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы, 1994. – 460 б.

12. Абай Құнанбайұлы. Жазғытұры // Абай. Поэзия. // <http://www.abay.nabrk.kz/index.php?page=content&id=149>

АРЫНГАЗИЕВА Б.Б. ИСТОРИЧЕСКИЕ ФОРМЫ ОБРАЗОВ КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН.

В статье исследуются философско-теоретические аспекты проблемы женщин в целях глубокого и разностороннего раскрытия образа женщин в мировоззрении казахского народа посредством определения его исторических архетипов. Вместе с тем, рассматриваются религиозные верования древних казахов и гендерные характеристики в последующей традиционной казахской философии в рамках мифологического, религиозного и философского мировоззрения, а также анализируются символические знаки современного образа женщин и влияние на женский образ исторических условий.

Ключевые слова: легенда-сказки, символизм, тотем, тернарный мир, культурная дисперсия, синкретизм, тенгрианство, сакральное, номадизм, автохтонная культура, генеалогическое сознание, архетип, феминизм, любовь, красота, гендер, свобода, родство, семья, поколение.

ARINGAZIEVA B.B. HISTORICAL IMAGES FORMS OF KAZAKH WOMEN.

The article examines the philosophical theoretical aspects of women and the nature of the genes in the traditional Kazakh philosophy of ancient Kazakh in the context of mythological outlook, defining the aspiration of the archetypes to discover and deepen the image of the woman in the world outlook, analyzing the symbolic signs and historical influences of contemporary women.

Keywords: legend-tales, symbolism, totem, ternary world, cultural dispersion, syncretism, Tengrianism, sacred, nomadism, rooster only, autochthonous culture, genealogical consciousness, archetype, feminism, love, beauty, gender, freedom, kinship, family, generation.

ӘОЖ 394 (470)

ӨЗБЕКСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ РУХАНИ МАҢЫЗЫ

ҚОЖАБЕКОВА З.Е., ТАЖЕКОВА А.Ж., НӘЛБАЕВ К.Қ.

Бұл мақалада Өзбекстандағы қазақтардың «Киелі жерлерінің» еліміздің рухани қазынасында алатын орны зерттелген. Бұл мәселені зерделеуде қазақтардың көрші республикаға миграциясын кезеңге бөліп зерттеу қажет болды. Сондай-ақ қазақ диаспорасының Өзбекстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық өміріндегі ықпалы мен үлесін қоса зерттеу талап етілді.

Кілт сөздер: Түркілер, этностар, демограф, Созақ көтерілісі, этникалық себептер.

Көнеден Орта Азия кеңістігі жаратылысынан біртұтас екені айдан анық. Осындай табиғи бірлік оны мекендеген халықтардың тағдырын да бір еткен. Өзіне тән мәдениеті бар осы Орта Азия елдері мыңдаған жыл бойы Тынық мұхиттың жағалауынан Атлантикаға дейін үлкен екі Еуропа мен Азия құрлықтарын біріктерген ежелгі түркі әлемінің бір аймағы болатын. Алайда Алтын Орда ыдырауымен бірлігінен айырылған бұл өлкені мылтық, зеңбірекпен қаруланып үлгірген патшалық Ресей басып алды. Осылайша екі ғасырға жуық созылған отарлық езгі басталды.

Билікті большевиктер басып алысымен орыстың ұлы державалық шовинистік саясаты еселене түсті. Халықтарымыздың біртума ұлдары алғашқы кезеңде большевиктердің ұрандарына сеніп қалып, Ташкентте 1920 жылы кеңестік Ресейдің құрамында батыс Түркістан аймағы түгелімен кіретін Түркі Кеңес Республикасын құру туралы шешім қабылданды. Алайда Кремль бұл қадамды аса қауіпті деп тауып, мұның басшыларының көзін жойып, атам заманнан бері араласып жатқан түркістандықтардың этникалық негізін бұзып, оларды бір-бірімен және ішінара алауыз болатындай етіп бес республикаға бөліп, өзін барлық мәселелер жөнінде жоғары би етіп қойды. Мысалы, қазақтармен түбі бір Хорезм хандығы мен оның айналасын мекендеген, қазақтардан айырмашылығы шамалы этностар – құрама мен қарақалпақтарды, Сырдария облысының қазақтар жайлаған бір бөлігін Өзбекстан құрамына кіргізді. Өзбекстанның құрамына тәжіктердің де біраз бөлігін қосты. Бұл жасалған халықтар қосындысын – өзбек, республикасын – Өзбекстан деп атады. Және де ортақ шағатай тілінде сөйлеп жүрген халықтарға жасанды өзбек тілін таңды. Сол тілді бүгіндері өзбектер ана тіліндей пайдаланып келеді [1].

Мұның бәрін большевиктер халықтардың өз жолын таңдап алуы деп соқты. Ал іс жүзінде қаншама халықтарды, оның ішінде айтарлықтай тарихы бар, талантты да еңбекқор түркі халықтарын өз болмысынан тайдыру жолын салды.

Бұған дәлел ретінде ХХ ғасырдың атақты шығыс зерттеушісі ресейлік ғалым В. Бартольд большевиктердің халықтарды валонтарлық жолмен большевиктенуін қателік деп атады. Ол: «Түркістанда адамдар өздерін қоғамдық өмірде ұлтқа бөлмей, қоқандық, жетісулық, бұқаралық деген сияқты тұрғылықты жерлері арқылы белгілейді» – деп атап көрсетті [2]. Ғалым бұл аймақтың халықтары бірлігін бұзбай мәдени ортада пайдаланып жүрген, көпшілікке түсінікті ортақ шағатай түркі тілі арқылы прогреске тез жетеді деп санады. Сонымен қатар ол әр халықтың өз тілдерін пайдалануына да қарсылық білдірген емес.

Алайда Кеңестік кезеңде жүргізілген «ұлттар эксперименті» мұны одан арман ушықтырып жіберді. Кеңес өкіметі жүргізген әкімшілік-

территориялық бөліністері негізінде ұлттардың бір республикадан басқа республикаға өтіп кету көрінісі қалыптасты. Оның дәлелі КСРО басшысы Н.С. Хрущевтің XX ғасырдың 50-60 жылдарында жүргізген республикалардың экономикалық әл-ауқатын теңестіру саясаты еді. Осындай теріс саясаттың нәтижесінде қазақ ұлтының біршама бөлігі Өзбекстан Республикасының Қарақалпақ АКСР-і, Бұқара, Ташкент, Жыззак, Сырдария облыстарының аумағында қалып қойды.

Сонымен Кеңестер өкіметі тараған кезде әр республика өзімен-өзі өмір сүріп жатты. Егемендігіміз нығайған сайын «ауылымыз аралас, қойымыз қоралас» қазақ пен өзбек халықтарының байланысында шекаралық бөгеттер пайда болды. Бұл өз кезегінде Өзбекстандағы бауырларымызбен саяси-мәдени өміріміздегі қатынастарымызды күрделендіре түсті.

Осындай тарихи себептермен қазақ халқы шекараның екі жағында бөлініп қалды. Ресми дерек көзіне қарағанда, Өзбекстанда 899195 қазақ тұрады. Ал тәуелсіз демографтардың мәліметіне жүгінсек, бұл сан біршама өсе түседі – шамамен 1,3 немесе 1,5 миллион [3].

Ұлтты ұлт ететін берік діңгектер – тіл, діл, дін, тамырын тану, тегін білу. Шеттегі қандастарымыздың бойындағы осы ұстындарды сақтап қалуға, ең алдымен қазақ мемлекеті мүдделі болуы қажет. Сонда ғана ол қандастарымыз бізге білікті мамандарды бермек, жаңа көзқарастарды, жаңаша ойлау жүйесін әкелмек. Ұлтымыздың ұлық болуына, мемлекет іргесінің берік болуына сыртта жүріп-ақ үлкен үлес қосатын болады. Осыларды ескере отырып, біз Өзбекстандағы қандастарымыздың тарихын, саяси-мәдени және әлеуметтік өмірін жазуды мақсат еттік.

Қазақ пен өзбек – тамырлас халық. Бауырлас ел. Енші бөліскеніне де саусақпен санарлықтай ғана ғасыр өтті. Өзбекстанның топырағы қазақ халқы үшін де қасиетті, киелі. Себебі, ол топырақта қазақтың ірі-ірі тарихи тұлғалары жатыр. Ташкентте Шымыр баба, Жабай әулие, Қойлық пен Киік аталардың және әйгілі Төле бидің бейіті бар. Самарқан қаласының әйгілі Регистан алаңындағы үш медресенің екеуін – Шердор, Тилла Қори медреселерін салдырған Самарқанның билеушісі Жалаңтөс Баһадур аталған қала іргесінде, Мақтұм ағзамның қасына жерленген. Науаидағы Нұрата қаласында екі ұлы бабамыздың мазары тұр. Бірі – Әйтеке би, екіншісі – Әйтеке бидің бабасы Сейітқұл әулие [4].

Осыларға негізделіп, өзбек жеріндегі қазақ ұлтының асыл ұлдары тарихта өзбек мемлекетінің қалыптасып, дамуына үлес қосқан. Оған көптеген дәлелдер бар.

XIX ғасырда өмір сүрген өзбек қоғам қайраткері және тарихшысы Абу Тахирқожа «Самария» атты кітабында Жалаңтөс туралы мынадай деректер келтіреді: «Жалаңтөс Баһадур аштархандықтар әулетінен шыққан Бұхара

хандығында аталық лауазымында қызмет етті. Кейіншелік қызметтен кетіп, қалада көпшілікке арналған ғимараттар салумен айналысты. Соның бірі – Шердор мешіт-медресесі. Бұл ғимарат хижра жыл санауының 1028 жылы (біздің жыл санауымызбен 1618 жылдың шілде айында) біткен. Шердор мешітін ислам дініндегі шиа бағытының 12 имамының алтыншысы Самарқанда жерленген Имам Жаффар Садықты құрметіне салдырған. Бұл ғимараттың Шердор деп аталуына кіреберісінде салынған екі жолбарыстың (өзбекше «шер») суреті себеп болған. Жалаңтөс «алшын» руынан еді» [5].

Ал, екінші бір деректе ХХ ғасырда өмір сүрген тарихшы Э. Хуршуттың «Ши – Чач – Ташкент» атты еңбегінде ХVII ғ. басынан, анықтай түссек 1601-1753 жылдар аралығында Ташкент қаласы қазақ хандығының иелігі болып, ол жерде Қатаған Тұрсын және Жүніс қожа билеген кездерде қазақтардың ықпалды болғандығын атап өтеді. Бұл деректер қазақ пен өзбектің Өзбекстан аумағында баяғыдан «қоян-қолтық» өмір сүргенін дәлелдейді [6].

Екі халықтың тарихында да қиын-қыстау кезеңдерде бір-біріне көмек қолын созған мысалдар көп. Соңғы ХVII-ХХ ғғ. қазақ халқының басына түскен қасіреттер кезінде, ұлтымыздың көп бөлігі осы өзбек халқынан пана тапты. Сол себепті Өзбекстандағы қандастарымыздың қоныстануының негізгі бес легін көрсетуге болады. Біріншіден, 1635 жылдан – 1755 жылға дейінгі қазақ-жоңғар соғысы жылдарындағы қоныстануы. Әсіресе, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» – деп аталған ұлы апат жылдардағы қазақтардың өзбек жеріне қоныстануын жоғарыда аты аталған Абу Тахирқожа «Самария» еңбегінде былай сипаттайды: «1134 хижра жылында (біздің жыл санауымыз бойынша 1722 ж.) Шахрисабз (қазірде бұл қала бар) бегі Ибрахимбай және тағы басқа ауқаттылар бірігіп, Ражабханды Самарқан ханы деп жариялап, Бұқара ханы Абулфайз және оның қала билеушісі болған маңғыт Хақим аталыққа қарсы бүлік шығарды. Бұл қақтығыс үш жылға созылды. Бүлік шығарған бектер қалмақтардан қашып келген қазақтармен бірігіп Бұқара әскерін жеңді. Қолында көп малдары бар қазақтар Самарқан мен Бұқара маңында көшіп-қонып, бүтін бау-бақша мен егін алқаптарын малдарына жегізіп, таптап тастады» [5].

Екіншіден, Патшалық Ресейдің отарлау саясаты. Діні басқа, ниеті басқа орыстардың қазақ ұлтының намысы мен мүддесін аяқ асты етуіне қарсы өршіл, ұлтжанды қазақ азаматтары Сырым Датұлы (1783-1797) және Кенесары Қасымұлы (1837-1847) басшылығымен болған ұлт-азаттық көтерілістері және олардың жеңілісіне байланысты қандастарының елді тастап кетуі. Мұның дәлелі Сырым Датұлы патшаның жазалаушы әскері соңынан қалмаған соң, 30 мың шамасындағы адамымен Хиуа хандығының жеріне өтіп кетеді. Сонда 1802 жылы қайтыс болады.

Үшіншіден, 1917-1922 жылдардағы революция және азаматтық тайталас зорлық-зомбылық дәрежесіне жеткізілген террорды жүзеге асырды. Әсіресе Азамат соғысы кезіндегі қызылдар мен ақтардың қимылынан ең алдымен қарапайым халық зардап шекті. Олардың қайсысы болса да малды, бірінші кезекте аттарды реквизициялады (әскери қажеттер үшін зорлықпен тәркілеу түрі), қазақтар арасында күштеп мобилизация жүргізді, ауылдарды және даланы өртке орады. Атамандар Дутов пен Анненковтың казактары ерекше қатыгездігімен көзге түсті. «Омский вестник» газетінің тілшісі, жазушы Антон Сорокин былай деп жазды: «Дутовтың казактары Торғай даласында қазақ ауылдарына қырғидай тиді. Әрбір қазақ – қылтанақ, шөп-шалам жеді». Осы жазушының «Жеменейдің әні» деген әңгімесінен мынаны оқуға болады: «Анненков отрядының казактары қазақтарды тонап, киіз үйлерін балтамен шапты, от жағып, марқа қозыларды қуырып, асып жеді, ауылды тып-тиыл қылып, айқай салып, ысқырып, қарақшылардың әнін айтып кетіп бара жатты. Отрядтың алдында бұзақы казак Филарет Осетрин ұзын сырықты мақтаншыпен көтеріп барады, оның ұшар басында төрт бұрышты үлкен кара шүберек салақтайды. Бұл Анненков мұражайдан ұрлап әкеткен Ермактың туы болатын» [1].

Жоғарыдағы айтылған сұмдық және Кеңес үкіметінің елде соғыс жылдарындағы экономикалық саясаты – халық шаруашылығын ұжымдастыру, экономиканы басқарудың әміршілдік жүйесі, еңбекті ұйымдастырудың әскери формасы, азық-түлікті бөлудің әділетсіз көрінісі қазақ бұқарасын кедейлендірді.

Кеңестердің жаңа экономикалық саясаты Қазақстанды орасан зор қиыншылықтарға ұшыратты. 1921 жылдың жазында республиканың едәуір бөлігін қуаңшылық жайлады. Оның алдында қатты жұт болып, ол кей жерлерде малдың 80% дейін қырылуына әкеп соққан еді. Ашығушылар саны республика халқының 1/3 бөлігін қамтыды, олар 1921 жылғы қараша айында – 1 миллион 508 мың, 1922 жылдың наурыз айында – 2 миллион 303 200 адам болды, мамыр-маусым айларында бұл сан едәуір азая түсті [1].

Осындай сұм кезеңде «қой аузынан шөп алмайтын» қазақ тағы да оңтүстікке жайма-шуақ өзбек жеріне ауа көшті.

Төртіншіден, 1931-1933 жылдарда Қазақстандағы Кеңестер үкіметі қолдан жасаған ашаршылық жылдарында аш өзек қазақтардың және осы ашаршылыққа орай Кеңестерге қарсы соғысқан ұлтжанды азаматтар Өзбекстан жерінде қорғау табуы және қоныстануы. Әсіресе «Созақ көтерілісі» салдарынан осы өңірде көп қоныстанған ру-тайпалар – саңғылдар мен тамалар көрші республикада бас сауғалады.

Бесіншіден, Кеңестер Одағының бас хатшысы Н.С. Хрущевтің ХХ ғасырдың 50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басындағы

республикаларды теңестіруге бағытталған қате саясатына орай Қазақ КСР-нің көптеген территориясы халқымен қоса қазіргі Ташкент облысындағы Бостандық ауданы, Жыззақ пен Сырдария облыстарындағы Мырзашөл өңірі Өзбекстанға берілген.

Одан келе, Кеңестер кезінде Ташкент қаласы Орта Азияның саяси-мәдени, экономикалық орталығы болып тұрған сәтте білім, ғылым қуған қазақтың зиялы ұлдары мен қыздары Өзбекстанда тұрақтап қалды. 1966 жылғы Ташкент зілзаласының зардаптарын жоюда бауырлас елге бүкілодақтық көмек көрсету кезінде өз қандастарымыз инженер-құрылысшы болып барып, сонда қалып қойды.

Қазақ ұлтының өкілдері Өзбекстан Республикасының бүкіл облыстарында кездеседі. Солардың ішінде қазақтар шоғырланып қоныстанған аудандар бар. Ташкент облысында – 340 700, Қарақалпақстан Республикасында – 332 377, Науаи облысында – 56 744, Ташкент қаласында – 45 474, Жыззақ облысында – 41 477, Бұқара облысында – 20 457, Сырдария облысында – 17 937, Хорезм облысында – 12 862 қазақтар жасайды [7].

Өзбекстандағы қазақтардың қоныстануындағы басты ерекшелігі – бұл олардың біртұтас тайпа, ру-ауыл болып қоныстану. Бұған себепші болған мынандай жағдайлар бар. Біріншіден, этникалық себептер – олардың бір бөлігі біртұтас ауыл болып көшіп келіп қоныстанған болса, бір бөлігі баяғы Қазақстандағы тайпа-ру құрылысқа негізделген қоныстар сол күйінше Өзбекстанға беріле салуы болды. Екіншіден, экономикалық себептер – мал шаруашылығымен шұғылдану барысында қазақтар өзге ұлттардан ерекшелене қоныстанды. Үшіншіден, психологиялық себептер – қазақта ынтымаққа уағыздаушы «У ішсең де руыңмен іш», «Есің барда еліңді тап» – деген мақалдардан көрініс табады.

Осыларға орай ең үлкен қазақ диаспорасы орналасқан Ташкент облысының Бостандық, Жоғары Шыршық, Қыбырай аудандарында Ұлы жүздің – қаракөңірдек, ақкөңірдек, елубай, қайшылы, тутаңбалы, жаңабай, сиқым, жаныс, ботбай рулары қоныстанған.

Ташкент облысының Орта Шыршық, Төменгі Шыршық, Піскент, Бөке, Бекабад аудандарында көп мөлшерде қазақтың қожалары, Ұлы жүздің – қаңлылар, батыр, қарабатыр, шалдар, шымыр, жаңабай, ысты, боқа, қарақойлы, Орта жүздің – саңғыл, маңғытай, құлшығаш, жауқашты, қира, жетімдер, ақболат, тоқболат, уақ, киікші, тобықты, наймандар, Кіші жүздің – тама, телеу, рамадан руларының өкілдері қоныстанған.

Ташкент қаласының маңында Ұлы жүздің – қаңлы, айтбозым, ақкөңірдек, қаракөңірдек, ысты, қоралас, Орта жүзден – құлшығаш, Кіші жүзден – рамадан рулары қоныстанған.

Сырдария және Жыззақ облыстарында Орта жүзден – алғи, қаракөсе, оразгелді, көбек, қыпшақ, найман рулары жиі қоныстанған.

Қарақалпақстан Республикасы және Науаи, Бұқара облыстарында Кіші жүздің – төртқара, шөмекей, адай, жаппас, табын, тама, рамадан рулары қазақ ұлтының көпшілігін құрайды [8].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аққошқаров Е. Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997.
2. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – 1 т. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
3. Наримбетов Т. Социально-психологические особенности казахских семей проживающих в Узбекистане. – Ташкент, 2008.
4. Есламғалиұлы М. Ғұмырнамалар мен ғибратнамалар. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.
5. Абу Тахирқожа. Самария. – Ташкент: Камалак, 1991.
6. Хуршут Э. Ши – Чач – Ташкент. – Ташкент: Узбекистон, 1992.
7. Өзбекстан Қазақ зиялылары. – Ташкент, 2002.
8. Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. – Ташкент: Узбекистон, 1994.

КОЖАБЕКОВА З.Е., ТАЖЕКОВА А.Д., НАЛИБАЕВ К.К. ДУХОВНОЕ ЗНАЧЕНИЕ САКРАЛЬНЫХ МЕСТ КАЗАХОВ В УЗБЕКИСТАНЕ. В данной статье рассматриваются «сакральные места» казахов Узбекистана. Рассматриваются периоды миграций казахов в Узбекистан и влияние казахской диаспоры на общественно-политическую жизнь Республики Узбекистан.

***Ключевые слова:** тюрки, этносы, демограф, Сузакское восстание, этнические факторы.*

KOJABEKOVA Z.E., TAJEKOVA A.D., NALIBAEV K.K. SPIRITUAL SIGNIFICANCE OF SACRED PLACES OF KAZAKH IN UZBEKISTAN. This article discusses the «sacred places» of the Kazakhs in Uzbekistan. It also examines the periods of migration of Kazakhs to Uzbekistan and the influence of the Kazakh diaspora on the social and political life of the Republic of Uzbekistan.

***Keywords:** turks, ethnic groups, demographer, Suzak uprising, ethnic factors.*

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

UDC 811.111

USING THE DRAMA ACTIVITIES METHOD IN TEACHING ENGLISH

ABRAMOVA G.I., ALIKULOVA X.N., IBRAGIMOVA T.A.

Drama is a powerful language teaching tool that involves all students interactively. Drama can also provide the means for connecting students' emotions and cognition as it enables students to take risks with language and experience the connection between thought and action. Through drama, students practice and integrate reading, writing, speaking and listening. Drama also fosters and maintains students' motivation, by providing an atmosphere which is full of fun and entertainment. In so doing, it engages feelings and attention and enriches the learners' experience of the language. Drama activities can promote interesting ways of motivating language learners and teachers. Drama activities method can be used to improve language skills for the students of any age group. However, the using drama to improve English language is of special value for adult learners, as it helps to overcome some psychological barriers, such as the fear of being embarrassed and misunderstood when speaking foreign language, that obstruct significantly the process of communication.

Key words: *drama method, teaching English as a second language, motivation to teaching.*

The topicality of research on the developing pronunciation, communication and language skills with students of intellectual schools by using the drama activities method is clearly determined by the urgent need to find the most effective ways of teaching English, due to the policy of trilingualism in the Republic of Kazakhstan that was proclaimed in the «Strategy Kazakhstan – 2050» by the president N. Nazarbayev. Our president emphasized the importance of learning English language by stating: «Being able to communicate in the language of the modern world will reveal new and unlimited opportunities for each citizen of our country» [1]. The use of drama in schools to teach is not a new concept. It has been around since ancient times and in many different countries it has been introduced in everyday classrooms. First of all, we have to clarify that by using drama in the classroom the goal is not to teach acting and performance skills, but it is presented as a methodology that can be adapted and integrated to different subject areas. As we have seen in the previous section, drama can be defined with the expression «let's pretend». Taking into account the famous ancient Chinese proverb «I hear and I forget, I see and I remember, I do and I understand», we can understand the

positive effect drama can have in the education as a way to learn through experience and active participation.

Various professionals, such as Dewey define drama in education as «learning by doing» [2, p. 2], others, as Bolton, call the way of using drama to teach «dramatic playing». Bolton adds that learning in drama is essentially reframing; that is, the knowledge a pupil already has is placed in a new perspective. Moreover, he finds educational intuitions fail in developing natural understanding, which in his view is urgent. In his opinion drama could help pupils learn to cope with the complexities of relationships in a modern society [3 p. 45].

For a deeper understanding of the process of using drama in English teaching, it is important to consider the history of the emergence and formation of drama as specific mode of fiction represented in performance. Considered as a genre of poetry in general, the dramatic mode has been contrasted with the epic and the lyrical modes ever since Aristotle's Poetics (c. 335 BC) – the earliest work since Aristotle's Poetics (c. 335 BC) – the earliest work of dramatic theory [4]. The term Drama comes from a Greek word meaning «action» (Classical Greek: *δρᾶμα*, *drama*), which is derived from the verb meaning «to do» or «to act» (Classical Greek: *δράω*, *draō*). Theatre is also in origin a Greek word.

The two famous masks of drama represent the division between comedy and tragedy. They are symbols of the ancient Greek Muses, Thalia and Melpomene. Thalia was the Muse of comedy, while Melpomene was the Muse of tragedy.

Practical application of the drama activities method in teaching English includes pantomime, role-playing games, improvisation, simulation, however, our research is focused on the use of the dramatized statements for the development of language skills with students of intellectual schools. Students of intellectual schools know English significantly better than pupils of ordinary schools, this fact plays an important role in the process of choosing and working on the play, that's why we included this aspect in the title of the study on purpose.

Our research of the effectiveness of the use of drama activities method in teaching English includes the work on two plays – the first play is «Sherlock Holmes and the Mystery of the Aquilla Diamond» staged with pupils of the 7th grade and the second play is «Snow White and Her Friends» staged with pupils of the 9th grade in Nazarbayev Intellectual school of Chemistry and Biology in Shymkent. Also, we assume that the use of drama activities method provides benefits not only to young learners, but also to the adult students. We describe the process of staging a play with university students and its reflection on them in one of the sub-chapters.

The process of staging a play with students includes several important stages, each of which will be described in a separate sub-chapter. These are:

- setting the goals, objectives and expected results when working with staging a play with students;
- the choice of the play script that is suitable for the level of difficulty, age and interests of the students;
- casting;
- preparation of music and scenery;
- rehearsal process;
- the performance;
- the reflection of the participants;
- differences and similarities in work on the plays «Sherlock Holmes and the Mystery of the Aquilla Diamond» and «Snow White and her friends»;
- perspectives of the use of drama activities method with adult learners on the example of the production of the play «The Show Must Go On».

Since we are studying the use of drama for the development of language skills, such as speaking, listening, reading and writing with ESL students, we consider staging the play as a pedagogical device. Therefore, as with any pedagogical method, the process of staging a play begins with setting goals, objectives and the expected results.

The goal is one of the elements of conscious activity and human behavior. Any activity involves a goal, a motive, means, and result. Pedagogical activity is no exception. The development of the individual and the personality can occur without a pre-set goal, insufficiently conscious and therefore unorganized. Speaking about the goal, philosophers, psychologists and educators anticipate an ideally imagined result of the activity as a desired and expected product. The reason for its formation, researchers consider conscious (sometimes insufficiently conscious) needs and interests. The need, in turn, is a defect, a deficit, a lack of any vital and important means (in a broad sense) for the subject and comfortable conditions. In a similar situation, this subject suffers this deficit of something and uncomfortable conditions as a need (something is required); it is something that must be satisfied.

This conscious need becomes in the imagination of the subject the desired product, the goal that the subject can achieve in the process of activity. And since there are infinitely many needs and, moreover, they develop, there are also many goals and they also develop in the process of activity.

Pedagogical goals predict results of the students' academic progress, interaction. For a teacher, the goals are the objectives of teaching; the teacher makes certain actions to achieve these goals. For students, goals are objectives of learning, each student with different degrees of accuracy, completeness and

awareness predicts his goal in the lesson. Students' goals may correspond to the purposes of the master, or they may differ from them.

The goals show why we are going to stage plays with students.

First of all, we are aimed at developing the language competence of students – working out pronunciation, expanding vocabulary, developing communication and interaction skills. But at the same time, the development of creative thinking, imagination, the disclosure of the creative potential of students are of no less importance. We also intend to increase student's motivation in learning English by using drama activities method that provides a real opportunity for students to work on authentic tasks, which give a great deal of motivation for learning. All these goals are equally suitable for both seventh grade students and ninth. That's why we set the same goals for using drama with both 7th and 9th grades.

The difference between students of the ninth grade and the seventh grade is that the seventh grade students are not yet fluent in English they have communication problems when speaking English. Therefore, one of the main goals for the staging of the play «Sherlock Holmes & the Mystery of the Aquilla Diamond» was the development of students' communication skills. Students of the ninth grade speak English much better, but because of their age characteristics, they have some problems in gender interaction with each other, while the seventh grade students are uninhibited and free to communicate with each other. In this case, one of the main goals for staging the performance «Snow White and Her Friends» with the ninth grade was the development of students' interaction skills.

Setting of expected results from the staging of plays in English as a means of developing the language competence is also highly important. Expected results show us how far we achieved set goals.

When asked how to create a play for children, Stanislavski replied: *«The same as for adults, only better»*.

One of the most important problems of any theater is the choice of repertoire. To choose a suitable play, the teacher needs to look at his/her students, to evaluate their age characteristics, to think about what he/she would like to teach them. It is very useful in order to understand what play should be staged, to talk with the children about what kinds of book they like to read, which of them are relevant today.

The choice of the script is one of the most important elements of the work on the play. The success of the play depends on the choice of a suitable script in a large extent. When choosing a script for the play that will be staged with students, several factors need to be considered:

1 the lexical complexity. The lexical complexity of the script should correspond to the students' level of English language proficiency. If there are too many complicated, obsolete, and rarely used words in the script, it is extremely

difficult for students to memorize their cues by heart, therefore, students lose interest in participating in the play. In addition, the performance must be understood by the audience. Except English teachers, there are usually schoolchildren and their parents in the audience. Because the lexical complexity plays a very important role in selecting of the script.

2 the age and personal characteristics of students who take part in staging the play. Any student has individual personal characteristics (individual-personal abilities, intellectual activity, level of self-esteem, working capacity, etc.). At the same time, all students at a certain stage of training are also characterized by common features.

3 students' interests. There is no doubt that when choosing any means of working with children, the teacher needs to take into account the interests of the students. When students are involved in the lesson, the work process turns into an exciting activity, students' motivation and initiative grow significantly. For example, if most pupils of one grade are fond of comics or drama fans, the presence of these elements in the script will greatly increase the students' desire to participate in it.

4 the presence of an obligatory subject, which should reflect the performance. Sometimes, the staging a play is carried out simultaneously with school activities, such as a week of languages, an 81 % English week, the Independence Day and so on. In this case, the teacher must follow the subject and choose a script that suits it.

Regarding age and personal characteristics, we should say that our research is aimed to work with the middle age group. It is highly important to give a brief characterization of the students' age groups that we work with. The determining role of the middle age group (from 10-11 to 14-15 years) is played by communication with peers. The leading activities are educational, socially-organizational, sports, creative, labor.

During this period, the child acquires a significant social experience, begins to comprehend himself as an individual in the system of labor, moral, aesthetic social relations. An intentional desire to take part in socially significant work, to become socially useful is quite common for the teenagers. This social activity of the adolescent is due to greater receptivity to the assimilation of norms, values and behaviors that exist in adult relationships.

Such an increase in self-knowledge depends on the fact that there is a replacement of the common position of «I in relation to society» into two, following each other positions «I am in society» and «I and society». He also identifies three stages of the adolescent period:

1) locally-capricious (10-11 years old) – there is a need for recognition of adults;

2) «right-meaningful» (12-13 years) – conditioned by the need for social recognition, which is revealed in the speech form «I also have the right, I can, I must»;

3) «assertive-effective» (14-15 years) – there is a willingness to show themselves, express their strength.

For the staging a play with the 7th grade, we decided to stop on the script «Sherlock Holmes and the Mystery of the Aquilla Diamond». Firstly, the script corresponded to the theme of the week of the English language, which was dedicated to Sherlock Holmes, within which this performance was shown. Secondly, this script had an appropriate level of the lexical complexity it did not contain too many complex words. Thirdly, the script was interesting and original. A well-known and beloved detective from Baker Street, Sherlock Holmes, and his faithful and reliable friend, Dr. Watson are involved in a strange and confusing investigation – the incredibly expensive and extremely beautiful diamond of Lady Aquilla was stolen. A beautiful woman turns to the most famous inspector London for help and Sherlock Holmes and Dr. Watson take up the investigation. This script was simple and understandable to the audience.

For the staging a play with the 9th grade, we chose the script «Snow White and Her friends». First of all, because the script was unusual, there were interesting elements, such as a dance battle, jokes. In addition, as in the play «Sherlock Holmes and the Mystery of the Aquilla Diamond», the characters are well-known to the audience, which means that the viewers' interest is assured. This script is a comedy; unexpected turns of the plot make the audience to be in suspense. Also, there are no gnomes in the plot, instead of them Snow White's friends are other princesses, Aurora and Belle. Sweet, kind and beautiful Princess, Snow White, is known throughout the kingdom as the creator of the most delicious cupcakes. But the evil Queen did not like cupcakes and poisoned Snow White with French fries. To save Snow White, the handsome prince needs to show courage and talent.

But, finding a suitable script is not enough to reach success in staging a play. It's quite common that the script needs to be adapted for actors and audience, schools and even society. For example, the teacher-director changes the words that are too complicated or obsolete, replacing them with lighter and more understandable, of course, within reasonable limits, while leaving enough new words to expand the vocabulary of students. Then, sometimes the scripts are too boring. To solve this problem, the teacher – director dilutes the script with humorous elements - jokes, funny situations, etc. Also, the addition of a cultural flavor provides great attention to the performance. For example, the addition of national heroes, music, clothes, humor of the country, in which the performance will be shown. First of all, this makes the play relevant and interesting for the audience. In some cases, the director even changes the plot of the performance, if

the plot does not meet the requirements of the school, etc. But, in any case, it's very difficult not just to stage the production, but also to write a script for it.

Adaptation of the script is very important, responsible and time-consuming work that requires a lot of time. Success of the performance and its understanding depends on the adaptation of the script.

Осы мақала үшін авторлардың тақырып пен материалды іріктеуін анықтаған жетекші идея: лингвистикалық циклдің жалпы міндетті пәндері бойынша студенттерді бақылау мен бағалаудың тестілік формасы – тиімді және ұтымды, Сондықтан тест тапсырмаларын құру шарттары мен қағидаларын білу, оларды әзірлеу біліктілігінің қажетті шеңберінің болуы оқытушының кәсібилігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Тест тапсырмаларының банкі – білім беру бағдарламасының барлық пәндерінің оқу-әдістемелік кешенінің қажетті құрылымы туралы ережені негізге ала отырып, авторлар «Тестовый практикум по русскому языку» оқу-әдістемелік (Шымкент: ОҚМПУ, 2018. – 150 б.) құралын Қазақстан педагогикалық жоғары оқу орындарының тілдік емес мамандықтарының студенттеріне арнайды. Мақалада осы басылымның оқу-әдістемелік пен мазмұндық толтырылуының ерекшелігі сөз болып тұр, ол тілдердің полилингвалды игерілуі жағдайында студенттердің білімін ағымдағы, аралық, қорытынды бақылауға дайындық кезеңінде оқытушылар мен студенттердің іс-әрекетін реттейтін құралдың аңдатпасы ретінде сипатталуы мүмкін.

Кілт сөздер: педагогикалық жоғары оқу орын, тілдік емес мамандықтар, мәдениетаралық коммуникация, тест тапсырмалары, бақылау түрі, жабық құрылымды тесттері.

KADIEVA M.I., SYCHEVA O.A. TECHNOLOGY FOR CREATING TESTS IN THE PRACTICE OF UNIVERSITY LEARNING LANGUAGES

The leading idea, determining approaches to the topic and the selection of the authors of the material for this article: test form control and evaluation of students in general education subjects of linguistic cycle-effective and rational, but because knowledge of conditions and settings create test tasks, have the necessary range of skills of their development is an important indicator of teacher professionalism. On the basis of the

provisions on the Bank of test items is a necessary component of educational-methodological complex of all items of the educational program, the authors prepared for publication a teaching aid «Test workshop in Russian language» (Shymkent : JuKGPU, 2018. -150 p.), designed for students of non-language majors pedagogical universities of Kazakhstan. Specifics about the training-methodical and content of this publication is referred to in this article, which can be described as a kind of announcement benefits, regulating the actions of teachers and students in the preparatory phase the current, intermediate, final control of knowledge of students in terms of multilingualism.

Keywords: *Pedagogical University, neязыковыe specialties, cross-cultural communication, test tasks, form controls, tests a closed structure.*

ӘОЖ 811.512.1

ТҮРКІ СИНГАРМОНИЗМНІҢ ДАУЫСТЫ ЖӘНЕ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРҒА ТАРАЛУ МӘСЕЛЕСІ

КӨПБОСЫНОВ Б.К.

Бұл мақалада қазіргі түркі оның ішінде қазақ тіліндегі сингармонизмнің теориясы қарастырылады. Күні бүгінге дейін сингармонизмді тек дауысты дыбыстардың үндесімі деген біржақты пікір айтылып келеді. Қазақ тіліндегі үндесім теориясының дауыссыз дыбыстарға да тән екенін кезінде А. Байтұрсынұлы мен Х. Досмұхамедұлы да баса айтқан болатын. Өкінішке орай, түркі теориялық фонетикасы, қазақ тілі оқулықтары мен оқу-әдістеме құралдары «дауыстылардың үндесімі» дегеннен әлі күнге дейін арыла алмай келеді. Біз осы мақалада сингармонизмнің дауыстымен бірге дауыссыз дыбыстарға тән екенін дәлелдеуге тырыстық.

Кілт сөздер: *фонетика, морфология, сингармонизм, дыбыс, ассимиляция, фонология, просодия.*

Сингармонизм мәселесі о бастан күрделі тілдік құбылыс ретінде танылып келді. Сондықтан оның төңірегіндегі пікірталастар ешқашан толастаған емес. Содан бірте-бірте оның шын мәні ашыла бастады.

Түркі сингармонизмі проблемасында «дауыссыздарға қатысты сингармонизм туралы айтуға бола ма?» деген тағы да бір маңызды сұрақ бар. Бұл сұраққа Н.К. Дмитриев: «Сингармонизм делится на гармонию гласных и гармонию согласных» [1, 39 б.], – деп жауап береді. Дегенмен, дауыстылардың үндестігі дауыссыз дыбыстардың сапасына әсер ете ме деген сұрақ туады. Басқа сөзбен айтар болсақ, онда: езулік сингармонизм мен еріндік сингармонизм көрші дауыссыздардың айтылуын өзгерте ме,

өзгертпей ме? Егер өзгертетін болса, оның ықпалы алдыңғы және кейінгі дауыссыздарға бірдей тарала ма, әлде олардың біреуіне ғана әсер ете ме? Басқа зерттеушілер тарапынан дауыссыздардың дауыстылардың үндестігімен байланысына қатысты сұрақ нақ осы тұрғыдан қойылуда. Француз ғалымы Жан Дени: «Явление гармонии гласных, что касается по существу только гласных, имеет отзвук в некоторых согласных, например в гуттуральных и в латеральном вибранте l (л)» [2, 108-109 бб.]. Әзербайжан тілінің дыбыстық құрамын эксперименттік тұрғыдан зерттеудің нәтижесінде әзербайжан ғалымы профессор Ф.А. Кязимов: «Түркі тілдеріндегі сингармонизм тек дауыстыларға ғана емес, дауыссыздарға да таралады» [3, 94 б.], – деген тың пікір қосты.

Бұл келтірілген екі көзқарастағы дауыстылардың сингармонизмін түсінудегі айырмашылық Ф.А. Кязимовтың тұжырымдаған мына пікірінен айқын көрінеді: «В звуковом составе аффикса постоянным признаком является: в вокализме – узкое и широкое образование, в консонантизме – способ и место образования; варьируют в звуковом составе аффикса: в вокализме – твердость и мягкость (иначе: место образования), огубленность и неогубленность, в консонантизме – твердость и мягкость» [3, 92 б.]. Мұның өзі қазіргі зерттеушілердің ұстанып отырған басты теориясы болып табылады.

Әлімхан Жүнісбековтің қазақ тілінің материалдары бойынша сингармонизм мәселелеріне арналған зерттеулері – түркі тілдеріндегі сингармонизм дауыстыларға да, дауыссыздарға да таралатын құбылыс екендігі туралы тұжырымды бекіте түседі, бірақ сингармонизм дауыссыздарға қатысты болғанда дауыссыздың дыбыстық реңкі, сингармониялық дыбыс кешенінің элементі ретінде, дауыстыға тәуелді болып өзгеріске түседі. Ә. Жүнісбеков осы кешендегі дауыссыздардың фонетикалық қасиетін зерттеп, дауыссыздардың дауыстылармен тіркесуінде артикуляцияда болатын өзгерістерді анықтады. Фонологиялық және экспериментті-фонетикалық талдаудың нәтижесі оған төмендегідей тұжырым жасауға мүмкіндік берді: «Гласные казахского языка сочетаются только с определенными оттенками согласных, и, наоборот, в зависимости от соседних гласных согласные приобретают различные оттенки. Ни один из них нельзя назвать основным... Все они равноправные оттенки одной фонемы» [4, 72 б.]. Одан әрі: «Оттенки согласных фонем по своим артикуляционно-акустическим признакам также вполне определенно соответствуют тому или другому сингармоническому варианту» [4, 73 б.]. Дауыстылардың үндестігін автор дәстүрлі, екі тұрғыда түсінеді: палатальді / палатальді емес, еріндік / еріндік емес.

Хакас тілінің материалдары бойынша дауыстылар мен дауыссыздарды сингармониялық комплекс аясында эксперименттік зерттеу де құрамындағы дауыстылар еріннің қатысына байланысты карама-қарсы қойылатын сөздердегі дауыссыздарда түрлі реңктердің пайда болатынын дәлелдеп берді. И.А. Оглоблин: «В словах, имеющих в своем составе гласные переднего ряда, согласные палатализуются, а в словах с гласными заднего ряда употребляются только непалатализованные согласные. При наличии в слове лабиализованных гласных согласные независимо от признака ряда подвергаются огублению» [5, 3 б.].

Сингармонизмнің тілдік табиғатын ашуға тырысқан еңбектер мол. Солардың бірінен «Сингармонизм бір қарағанда дауыстылардың үндестігі болып көрінеді және фонетикада дауысты дыбыстардың ассимиляциясы тұрғысынан қарастырылады, ал шынында мұндай көзқарастан әлдеқайда қызықтырақ және құрылымының мазмұны терең» [6, 191 б.], – деген проф. А.А. Реформатскийдің пікірін табамыз. Ол сингармонизмді дауысты дыбыстардан бөліп алып, оған бағындырмай, өз алдына бірегей текті құбылыс екенін айтты. Бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, құрылымдық тұрғыдан күрделі тілдік құбылыс екенін анық меңзейді. Ғалым өзінің ойын әрі қарай жалғастыра келіп, сингармонизмді фонетикалық құбылыс деп қарастыруға болмайтындығын, сондай-ақ оны дыбыс түрленімі деп қарауға да болмайтынын баса ескертеді.

А.Н. Кононов үндестік заңының аффикстердің варианттылығына әсер ететінін көрсете келіп, бұл жайында мынандай пікір айтады: «В силу этого звуковой состав турецких аффиксов нестабилен и варьируется в зависимости от фонетического состава корня или основы слова как по линии гласных, так и по линии согласных» [7, 35 б.].

Ж. Әбуов сингармонизм туралы пікірін былайша түйіндейді: «...сингармонизм – не просто фонетический факт казахского языка, а фундаментальное явление, на основе которого осуществляется вся словесная, слоговая и звуковая реализация казахской (тюркской) речи» [8, 16 б.]. Сингармонизмнің тек дауыстыларды ғана емес, сонымен қатар дауыссыздарды да қамтитыны туралы әртүрлі пікірлер айтылды, солардың кейбіреулеріне біз де қосыламыз.

Оның ішінде Н.К. Дмитриев пен А.А. Реформатскийлердің жоғарыда келтірілген пікірлері ойымызды дәйектей түседі. Біздің ойымызша, сингармонизм тек дауыстыларға ғана емес, дауыссыздарға да таралады, өйткені түбірдегі дауыссыздарға аффикстердегі дауыссыздардың бейімделуінен де үндестік көрініп отырады. А.А. Реформатский осыған байланысты В.В. Радловтың И.А. Бодуэн де Куртенэнің салғастырмасын «тамаша» деп бағалағанын, өз кезегінде сингармонизмнің «морфологиялық

сөзтудырушы құрал ретінде қолданылатынын», «дауыстылар үндестігінің пайда болуы морфологияда жатқанын және орал-алтай тілдерінің ішкі формаларымен тығыз байланысты» деген пікірін келтіреді [9, 96 б.].

Мысалы, проф. М. Жүсіпұлы «Тілдің дыбыс қорын сингармонизм фонологиясының бағытында зерттеу үшін, біріншіден, ізденушінің алдында тұрған мәселелерге функционалдық (динамикалық) көзқарасты қалыптастыру керек; екіншіден, қазақша сөйлеу процесінде дыбысталу дағдысының және қазақ артикуляциялық базасының (дыбыстау мүшелерінің) сингармонизм заңына нық бейімделгенін анықтау керек. Ал, бұлардың ұйытқысы сингармонизм заңы екендігі, сондықтан ол сингармониялық және бейсингармониялық (акцентті-фонемалық) дыбыстау дағдылары мен артикуляциялық базаларды салыстырып зерттегенде айқын байқалады» [10, 7 б.] дей отырып, зерттеушілерге күрделі мәселе қоюда. Сингармонизм мәселесін толықтай шешу қажет болса, онда оны жеке бөліп қарамастан, өзге тілдердегі өзі тектес тілдік бірліктермен салыстыра қарастыру керек екенін ұсынып отыр. Сонымен қатар сингармонизмді оның тілдік қызметі тұрғысынан қарастырғанда ғана оның табиғатын толық түсіне аламыз. М. Жүсіпұлының сөзімен айтқанда: «Сингармонизм – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің *лық* таңбасы, сөз құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) қамтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тура қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру. Сөз, сөздің құрамындағы буындардың барлығы бір сингармониялық тембрмен сипатталады» [10, 107 б.]. Сонымен сингармонизм – жалпы түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі күрделі құбылыс ретінде сөздің просодикалық белгісі, ол сөздің құрамындағы дыбыстардың бәрін толық қамтиды, соның нәтижесінде дыбыстардың бәрі бірігіп, бүтін бір сөзге айналады, сонда сөз сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады, дұрыс танылады.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі туралы ғылымының құрамындағы үш теорияның да тегі А. Байтұрсынұлы мен Х. Досмұхамедұлының осы салаға арналған еңбектерінен басталады.

Көптен бері А. Байтұрсынұлының фонетикалық көзқарасын арнайы зерттеп келе жатқан профессор М. Жүсіпұлының «қазақ тілінің дыбыстарын А. Байтұрсынұлы фонологиялық мағыналы единицаларға» бөліп талдағанын айта келіп, «...қазақ тілінің просодиялық доминантасы деп А. Байтұрсынұлы сингармонизмді түсінген...» [10, 56 б.] деуі бүгінгі зерттеушілердің оған берген әділ бағасы болып табылады. Осының бәрінің негізінде А. Байтұрсынұлының «Қазақ сөзі екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке

сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» [11, 390 б.] деген қағидасы жатыр. Бұл жердегі баса көңіл бөлетін жай «жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» деген сөзі. Ең бастысы Ахаң сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың фонологиялық мәртебесін тең көріп отыр. Әрине дауыссыз «...дыбыстардың жуан, жіңішке айтылу ықтияры дауысты дыбыстарда болады» [11, 390 б.] деген сықылды жарыспа пікірлерді де кездестіріп қаламыз. Алайда ғалымның өзінің көкірек көзімен тапқан қазақ сөзінің бірегей просодикасы жайлы ойлары әрқашан басым жатады.

Жалпы фонетикада (общая фонетика) сөз просодикасы тілдегі дыбыстарды бүтін бір сөз етіп басын құрастырып тұратын фонетикалық бірлік ретінде түсіндіріледі. Бұл – қазір дау тудырмайтын анықтама. А. Байтұрсынұлы: «Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады» [11, 392 б.], – дейді. «Фонетиканың дыбыстарды қарастыратынын» көптің бәрі білгенімен, оның дыбыстардың «қалай сөз ішінде байласатынын» да қарастыратынын екінің бірі біле бермейді. Ендеше «тілде қанша және қандай дыбыстар бар» деген өз алдына маңызды мәселе болып табылса, олар «өзара қалай байласады» деген мәселе одан да маңызды болып табылады. Тілде «қанша және қандай дыбыстар бар?» деген сұраққа тек сөз просодикасы арқылы ғана дұрыс жауап табуға болады. Орыс тілінің дыбыстарын сөздік екпінсіз түгендеу мүмкін емес, ал буын тілдерінің дыбыс құрамын сол тілдердегі тон арқылы ғана тиянақтауға болатыны сияқты, қазақ тілінде қанша дыбыс бар екені үндесім (сингармонизм) заңы арқылы ғана анықталады.

А. Байтұрсынұлы өзінің «фонологиялық» пайымдауын төмендегідей сөздермен баяндайды: «Тіл болса, оның заңы боларға керек. Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің заңы емес пе? ...Менің бұрынғы жазған сөзім хәм осы жолғы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы». Қазақ тілінің сондай «заңы» ретінде үндесім (сингармонизм) фонологиясын алып отыр.

А. Байтұрсынұлы: «...19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады» [11, 324 б.] дегенді қазақ сөзінің үндесім просодикасына сүйеніп айтып отыр. Содан келіп қазақ тілінде «43 түрлі дыбыс» бар деген қорытындыға келеді. Сөйтіп, Ә. Жүнісбековтің пікіріне сәйкес, егер «...тюркская словесно-сегментная фонология есть фонология сингармонизма» [12, 39 б.] десек, онда қазақ, фонологиясының бастау көзі А. Байтұрсынұлының еңбектерінде жатқанына көз жеткіземіз.

Қазіргі қазақ (түркі) теориялық фонетикасының «гармония гласных» деген жаңсақтықтан арылып келіп отырған тоқтамы да осы А.Байтұрсынұлының қағидасы болып табылады. Өкінішке орай, түркі теориялық фонетикасы, оның ішінде, әсіресе, практикалық фонетика (қазақ тілі оқулықтары мен оқу-әдістеме құралдары) «гармония гласных» дегеннен әлі күнге дейін арыла алмай келеді. Түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің үндестік заңы біршама жүйелі зерттелді дегенмен, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының сингармонизм жайлы тұжырымдамасы әлі де оң шешімін таба алмай келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.-Л., 1948. – 275 с.
2. Deny J. Grammaire de la langue turque: (Dialecteosmanli). – P., 1920. – 1218 s.
3. Кязимов Ф.А. Принципы сингармонизма в азербайджанском языке // Известия ОЛЯ АН СССР. – Т. 13. – Вып. 1. – М., 1954. – С. 88-96.
4. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – А-А.: Наука, 1980. – 75 с.
5. Оглоблин И.А. К проблеме сингармонизма: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Л., 1971. – 24 с.
6. Реформатский А.А. Иерархия фонологических единиц и явления сингармонизма // Исследования по фонологии. – М.: Наука, 1966. – С. 186-198.
7. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1956. – 569 с.
8. Абуов Ж. Сингармоническая основа восприятия тюркской речи (Теоретические проблемы и экспериментально-фонетическое исследование). – Алматы: Ғылым, 1997. – 218 с.
9. Реформатский А.А. Лингвистика и поэтика. – М.: Изд-во «Наука», 1978. – 263 с.
10. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 215 б.
11. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 446 б.
12. Джунисбеков А. Тюркская фонология – фонология сингармонизма // Тюркская фонетика – 90: тез. докл. 1-й Всесоюзной конф. – Алма-Ата, 1990. – С. 38-39.

КӨЛБӨСЫНОВ Б.К. О ТЮРКСКОМ СИНГАРМОНИЗМЕ В ГЛАСНЫХ И СОГЛАСНЫХ ЗВУКАХ

В этой статье рассматривается теория сингармонизма в современных тюркских языках, а именно в казахском языке. До сих пор сингармонизм определяется как явление, присущее только для гласных звуков. В свое время А. Байтұрсынұлы и Х. Досмухамедұлы утверждали, что теория созвучия характерна и для согласных звуков в казахском языке. К сожалению, и в тюркской теоретической фонетике, и в учебниках по казахскому языку, и в учебно-методических пособиях по-

прежнему используют только созвучие гласных звуков. В этой статье мы постарались доказать, что существует сингармонизм и для согласных звуков.

Ключевые слова: фонетика, морфология, сингармонизм, звук, ассимиляция, фонология, просодия.

KOPBOSSYNOV B.K. TURKIC SINHARMONY IN VOWEL AND CONSONANT SOUNDS

This article discusses the theory of synharmonism in modern Turkic languages, exactly in the Kazakh language. Until now, synharmonism is defined as a phenomenon unique only to vowel sounds. At one time, A. Baitursynuly and H. Dosmukhameduly also said that the theory of harmony is also appropriate for consonants in the Kazakh language. Unfortunately, both in the Turkic theoretical phonetics, and in the textbooks on the Kazakh language, and in educational and methodical manuals still use only the harmony of vowel sounds. In this article, we tried to prove that there exists synharmonism for consonants too.

Keywords: phonetics, morphology, synharmonism, sound, assimilation, phonology, prosody.

ӘОЖ 811.512.1'282

**ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРМЕЙТІН (ҮСТЕУЛЕР)
СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

ҚҰРБАНОВ А.Г.

Қазіргі тіл білімінде үстеулердің ең бір күрделі де даулы сөз табы екені белгілі. Сондай талас тудырып жүрген мәселелердің бірі – үстеулердің морфологиялық құрамы болып отыр. Жалпы «үстеулер морфологиялық жағынан түрленбеуі оның негізгі граммтикалық белгісі болып табылады. Сөз өзінің сөзөзгерімдік тұлғаларын жоғалтып, сөзөзгерім жүйесінен шығып қалса, онда ол үстеуге айналады», – деп түсіну дағдыға айналған. Дегенмен бұл өлиемнің түркі тілдеріндегі кейбір үстеулерге біршама қайшы келетінін ескерткіміз келеді.

Кілт сөздер: түркі тілдері, үстеу, тіл білімі, статистика, лингвистика, сөздік, филология, сөзөзгерім, лексика-грамматика, синтаксис, түбір, семантика.

Түркі тіл білімінде ең бір күрделі де, ең бір даулы сөз таптарының бірі – үстеу сөздер. ХІХ ғасырдың басынан бастап күні бүгінге дейін үстеудің тарихы, табиғаты және лексика-грамматикалық ерекшеліктері жайлы талай-талай ғылыми еңбектер жазылды. Соған қарамастан қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда үстеу сөздердің әлі де айтылмай, әлі де шешілмей келе жатқан мәселелері жеткілікті екені анық.

Үстеу сөздердің зерттелу тарихы өткен ғасырдағы жекелеген тілдердегі жарық көре бастаған грамматикалармен тығыз байланысты. Мысалы: И. Гиганов «Грамматика татарского языка» (1801), М.А. Казем-бек «Общая грамматика турецкого-татарского языка» (1846), «Грамматика алтайского языка» (1869), Г.М. Мелиоранский «Краткая грамматика казах-киргизского языка» (1894, 1897) және т.б. Бұл грамматикаларда үстеу сөз табының өзіндік белгісі, оларды өзге сөз таптарынан ажырататын ерекшеліктер мен айырым-белгілер, үстеуге тән анықтамалар мен тұжырымдар жасалып, зерттеушілер тарапынан біршама жүйеленді. Десе де, үстеулердің жасалу жолдары мен лексика-грамматикалық ерекшеліктерінің зерттелуі толыққанды болмады. Өйткені, бұл оқулықтардың негізгі міндеті мен мақсаты белгілі бір сөз табын жан-жақты зерттеп, оған ғылыми тұрғыдан түсініктемелер мен дәлелдемелер жазып, елеулі еңбектер қалдыру емес, керісінше тіл білімі саласын, ондағы қайшылықтар мен басы ашылмаған мәселелерді реттеу, қандай да бір халықтың тіл ерекшеліктерін айқындап, тілдік жүйесін бір ізге келтіру сияқты көпшілікке танымал грамматика жасау еді. Сондықтан да аталған оқулықтарда әрбір жеке сөз табын қарастырғанда, көбінесе, оның ғылыми жағынан гөрі жалпы семантикалық тұрғысы басым болып отырды. Бұл оқулықтарда үстеулердің негізгі белгілері аталды, мағынасына қарай семантикалық топтары ажыратылды, сөйлем ішіндегі қызметінің өрісі айқындалды. Жоғарыдағы ғалымдар еңбектерінде үстеулердің сөз табы ретінде алатын орны, өзге сөз таптарымен ара қатынасы, сатылы даму формасы жүйелі түрде зерттелінбеді. Жалпы үстеу сөздер тобына теориялық анықтамалар беру, тілдік жүйеден алатын орнын, лексика-семантикалық топтарын айқындау, грамматикалық құрылымы мен синтаксистік байланысу тәсілдерін зерттеу бір жақты жүрді. Сонымен қатар, ғалымдар үстеулердің пайда болу, қалыптасу жолын анықтауда, жасалу тәсілін ашып көрсетуде жетістіктермен қатар біршама жаңсақтықтарға да ұшырап отырды. Өйткені, кейбір үстеулердің мағыналық жақтан да, функциялық жақтан да қолданылуы аралық жағдайда тұрды. Мұндай тұлғалардың дәл қай сөз табына тән екендігін кесіп айту қиын болды. Құрылымдық ерекшелігінің көмескі болуы салдарынан екіұшты даулы мәселелерге жетеледі. Осындай бірен-саран кездесетін басы ашылмаған, мағыналық тұрғыдан көмескі сөздер ғалымдар тарапынан аталмыш грамматикаларда өзіндік сипаты мен табиғатын таппады. Сонда да жазылып кеткен бұл еңбектер сол дәуірдің орасан зор зерттеулері мен нәтижелері еді. Жоғарыда аталған ғалымдардың бұл еңбектері алдағы уақытта жазылатын оқулықтар мен диссертациялық зерттеулерге бастама жол болды.

1930-1940 жылдары жарық көрген оқулықтар мен грамматикалар үстеу сөзжасымының жекелеген түрлеріне ғана талдаулар жасап, біршама жаңа

толықтырулар мен тың болжамдар қосты. Олардың арасында үстеулерге деген көзқарас біржақты болып, көбі бірін-бірі қайталады. Тек проф. Н.К. Дмитриев өз зерттеулерінде жаңаша тың деректер келтірді. Ғалым үстеулердің толық дербес сөз табы ретінде жеке мағынасының әлі де болса қалыптаспағанын, тек синтаксистік қатынас барысында кез келген сөз табымен байланысып, үстеулік мағына беретіндігін айтты. Бұл топтағы үстеулерді ғалым синтаксистік үстеулер немесе сын есімдік үстеулер деп қараған. Сонымен қатар Н.К. Дмитриев үстеу сөзжасамын, олардың жасалуындағы морфологиялық, синтаксистік тәсілдерді жеке бөліп алып, екі тәсілдің арасына айырымдық белгілерін қойып, әр тәсілдің өзіндік ерекшеліктерін анықтады [1].

Түркі тілдерінде үстеулердің зерттелуі негізінен оқулықтар мен кейбір жеке грамматикалық еңбектермен шектеліп отырды. Сондықтан да болар жекелеген тілдердің қайсысында болмасын үстеулердің сөз табы ретінде алатын орны, оларға берілетін анықтама белгілі ғылыми дәлелдемелер мен болжамдарға ие болмады. Ғалымдардың көпшілігі үстеуді жеке зерттеу нысаны етіп қарастырмағандықтан екіұшты даулы сұрақтарға жауап таба алмады. Зерттеушілердің басым бөлігі үстеулердің жасалу жолын, лексика-грамматикалық топтарын талдап, сөйлемдегі пысықтауыштық қызметіне тоқталып отырды. Үстеулердің нақ үстеу болуындағы жолын, өзге сөз таптарынан айырмашылығын, олармен тіркесу қабілетін, сонымен қатар үстеу сөздердің сан ғасырлық қалыптасуын дөп басып көрсете алмады. Түркі тіл біліміндегі көптен күткен үстеу туралы жан-жақты зерттеу, толыққанды талдау, белгілі бір жүйеге түсіріп, басқа сөз таптарымен арасындағы ірге тасты қалау, бір-бірімен байланысын жасап, ортақ қасиеттерін айқындау якут тілінің маманы, көрнекті түрколог-ғалым А.Н. Харитоновтың үлесіне тиді. Зерттеуші өзінің «Неизменяемые слова в якутском языке» атты еңбегінде үстеулерді жеке сөз табы ретінде қарастырып, түбегейлі талдаулар жасап, анықтамасын берді. Ғалым якут тіліндегі үстеулерді өз алдына жеке зерттеу нысаны етіп алды. Тілдегі сөздердің лексикалық, грамматикалық сипаттарына зер сала отырып, үстеулердің түрлі сөз таптарымен байланысын, әрбір жеке сөз табының үстеулерге ықпалын, өзіндік қасиеттерін саралады. Автор аталмыш сөз топтарын жеке-жеке алып қарастырды. Якут тіліндегі үстеулердің жалпы сипатын түркі тілдеріндегі материалдармен салыстыра отырып біршама қорытындылар мен тұжырымдар жасады. Басқа түркі тілдеріндегі үстеулерге қарағанда якут тіліндегі үстеулердің морфологиялық жағынан әлдеқайда жан-жақты дамығандығын айтты. Оның себебі: 1) якутские наречия обладают гораздо большим количеством живых, продуктивных аффиксов; 2) в якутском языке прилагательное сочетается с глаголами обычно только при помощи наречного аффикса, тогда как в других

тюркских языках оно сочетается с глаголом в своем неизменном виде; 3) якутский язык обладает значительным количеством непроизводных наречий (омертвельных слов, функционирующих в роли наречия) [2, 5].

Өткен ғасырдың 40-жылдарында үстеу сөз табына қатысты жазылған ғылыми еңбектердің бірі – Г.Азымовтың «Түркімен делинде халларын ясалышы» атты диссертациясы. Бұл еңбекте ғалым түркімен тіліндегі үстеулердің жасалу жолының қандай тәсілдер негізінде іске асатынын көрсете отырып, тілдегі үстеулердің жасалуын үлкен екі топқа бөліп қараған. Бірінші топта автор үстеулердің мағыналық ерекшеліктерінің сипатын, яғни, лексика-семантикалық топтарын түзіп, жеке тұрғанда толық үстеулік мағынасы бар түбір сөздерді қарастырады. Мысалы: ерен, хас, жауда және т.б. Екінші топтағы үстеулердің жасалуын автор туынды сөздермен байланыстырады. Туынды үстеулердің пайда болуына есімді, етістікті сөздердің қатысу деңгейін, өзге сөз табы лексикалық бірліктерінің үстеу жасау қабілетін айқындап, сөзжасамдағы үлкен тәсіл, арнайы сөз тудырушы формалар көмегімен пайда болатын үстеулердің морфологиялық құрамын ашып көрсетті [3, 24].

Жекелеген түркі тілдеріндегі үстеу сөз табына байланысты берілген кейбір пікірлерге тоқталайық. А.М. Щербактың айтуынша, ескі өзбек тілінде үстеу сөздер түрлендіруші формалары жоқ, бірақ кей жағдайда мүлдем қатыспайды дегеннен гөрі кейбір сөз түрлендіруші формалары бар, бірақ олар тұрақты, көнеленген, аралық синтагматикалық байланысы үзілген грамматикалық көрсеткіш ретінде танылады [4, 185]. А.Н. Кононов осы пікірді қостап, қазіргі тіл тұрғысынан нақтылай түседі. Ғалым: «өзбек тіліндегі үстеулер қимылдың алуан түрлі белгілерін, өту дәрежесін білдіреді». Негізгі морфологиялық-синтаксистік белгісі – түрленбейтіндігі, ал басты лексика-морфологиялық ерекшелігі түрленуші сөздердің барлығымен қатынасқа түсуі болып есептеледі», – дейді [5, 282]. Акад. И.И. Мещанинов үстеулердің түрленбейтіндігін және оның сөз түрлендіруші формаларды қабылдамайтындығын нақты көрсетеді: «Эти падежные окончания закрепляются за отдельными наречиями, придавая им различное значение и обращаясь в каждом отдельном случае в неизменяемые форманты. Таким путем, т.е. различными падежными изменениями, может от одной основы образоваться ряд наречий. Такое падежное изменение вовсе не является склонением наречий. Оно было падежным изменением в прошлом, когда наречие еще не было наречием, а выступало обычным склоняемым именем в синтаксическом значении обстоятельства. Но когда падежные формы уже закрепились за наречием, они обратились в его формант, утратив значимость падежного окончания. Таким путем в русском языке получился ряд наречий

падежного и предложно-падежного образования от одной основы, ср. *верхом, наверху, сверху* и т.д.» [6, 344].

Бұл пікірлер басқа да лингвист-ғалымдардан кең қолдау тауып келді. Мәселен, «Башқұрт тілінің тарихи грамматикасының» авторлары М.А. Азнабаев пен В.Ч. Псянчин үстеулерді өзгермейтін сөз табы ретінде тек етістікпен тіркесін мойындайды: «...нам кажется, нет необходимости делить наречия на указывающие признак признака и признак действия. У тюркского наречия есть одна функция – функция выражать признак действия, и следует считать, что правы те лингвисты, которые в своих работах защищают ту идею, согласно которой наречие указывает на признак действия» [7, 225].

Алайда, түркі тілдеріндегі үстеулердің етістікпен тіркесіп пысықтауыштық, есімдермен тіркесіп атрибутивтік қатынаста жұмсалуды бұл авторлардан басқа ешкім жоққа шығармайды. В.Г. Егоров: «Наречие – неизменяемая часть речи, которая указывает на различные обстоятельства, при которых протекает действие. Наречие обозначает или признак действия или признак другого признака», – деген анықтама береді. Бірінші жағдайда ол кимылды анықтайды және әдетте етістіктің алдында тұрады, ал екінші жағдайда сапаның дәрежесін көрсетіп, сын есімнің немесе үстеудің алдында тұрады. Чуваш тілінде үстеу есімдерге жақын болады. Бұны, біріншіден, үстеу морфологиялық жағынан зат есіммен, сын есіммен, сан есіммен, есімдікпен арақатынасты деп түсіну керек, екіншіден, үстеу кейбір жағдайда есімдермен, әсіресе, сын есіммен сәйкес келеді деген мағынада түсіндірген жөн [8, 273].

О.Джамалдинов та үстеулердің негізгі грамматикалық белгісі өзгермейтіндігі мен кимыл-әрекетті анықтайтындығы деп көрсеткенімен, үстеулердің етістіктен басқа сын есім, зат есім және үстеулермен тіркесіп, анықтауыш қызметін атқару мүмкіндігі бар екенін айтады [9, 15].

Түркі тіл білімінде кейбір үстеулердің сөзөзгерім тұлғаларын қабылдап, түрлі морфологиялық өзгерістерге ұшырайтынын алғаш көрсеткендердің бірі – А.Н. Боровков болды. Ғалым: «критерий неизменяемости наречий и различие их, особенно по связи с существительными, чрезвычайно условны. Понятие неизменяемости мы устанавливаем из сопоставления наречий с соответствующими формами существительного и их реального значения, т.е. устанавливаем, предметно ли значение в каждом данном случае или не предметно, поскольку в форме наречий мы находим преимущественно косвенные падежи существительных с послелогоми или без них», – деп жазып, кейбір үстеулердің біршама өзгерістерге ұшырайтынын көрсеткен [10, 95]. Бұл пікірді біраз түрколог ғалымдар қостап, өз еңбектерінде тілдік фактілермен дәлелдейді. Солардың бірі С. Фузайлов өзбек тіліндегі үстеулердің бірсыпыра сөзөзгерім

қосымшаларын қабылдауы мүмкін екенін айтады. Ондай үстеулердің морфологиялық құрамына септік тұлғалар, көптік қосымшалары, *-и* тәуелділік қосымшасы және салыстырмалы шырай көрсеткіштері кіреді. Бұл морфологиялық тұлғаларды қабылдаған үстеулердің лексика-семантикалық мағыналары өзгереді [11, 13]. Демек, өзбек тіліндегі үстеулерді мүлдем түрленбейді деу – дұрыс емес [11, 20].

А. Шукюров азербайжан тіліндегі үстеулердің осы екі қасиетін саралап, салыстыра келе үстеу өзгермейді деген тұжырым жасайды. оның себебін былай түсіндіреді: «түбір үстеулер зат есімнің рөлін атқарғанда, оларда белгілі дәрежеде фонетикалық өзгеріс болатынын атап айту керек. Атап айтсақ: бұл сөздердегі лексикалық екпін бірінші буыннан соңғы буынға ауысады. Берілген сөздердегі бұл өзгеріс тек сөйлемнің құрамында ғана іске асады... Түбір үстеулердің дара туынды үстеулерден өзгешелігі, олар септеледі, көптеледі, кейде жіктеле де алады. Зат есімнің заңы бойынша өзгертін үстеулер жайында мынаны айтпасқа болмайды: біріншіден, бұлар өте аз, екіншіден, олар өзгерген күнде де үстеу сияқты емес, зат есім сияқты екпінді соңғы буынға түсіріп өзгереді. Сондықтан үстеуді өзгереді деуге негіз жоқ» [12, 199].

Үстеулердің морфологиялық жағынан өзгертінін тілдік фактілерге сүйеніп, ғылыми тұрғыда негіздеген С.А. Гочияева болды. Автор А.Н. Боровков, Л.Н. Харитонов, Н.А. Баскаков және басқа да түркологтардың пікірлеріне сүйене отырып, қарашай-балқар тілдеріндегі үстеулердің лексика-грамматикалық құрылымын үш өлшемнің бірлігі құрайтынын көрсетеді: «1. Лексико-семантической стороны слова, что предполагает лексическую самостоятельность наречий как слов с самостоятельным значением, указывающим на время, место, причину, цель и образ действия; 2. Морфологической сущности наречий, которая складывается из: а) неизменяемости, что условно для некоторой группы наречий; б) наличия ряда аффиксов, присущих только наречиям; в) соотносительности наречий с другими частями речи; 3. Синтаксической функции обстоятельств» [13, 218].

Сондай-ақ, С.А. Гочияева А.Н. Боровковтың жоғарыдағы пікіріне қарашай-балқар тілдеріндегі үстеулердің кейбір сөзөзгерім тұлғаларының дәлел бола алатынын көрсетеді: *бюгюн, быйыл, былтыр, бюрсюкюн* сияқты есімдерден жасалған үстеулер сол есімдер сияқты септік жалғауларды қабылдайды. Кейбір үстеулер жіктеледі. Ондай үстеулер жіктеліп сөйлемде баяндауыш қызметін атқарғанымен, сөз табы ретінде үстеу болып қалады. Ғалым бұл құбылыстың басқа да түркі тілдерінде (өзбек, құмық және т.б.) кездесетінін, алайда барлық зерттеулерде мәселенің белгісіз себептермен сөз болмай келе жатқандығын және бұның аса қажеттілігін атап көрсетеді: «Тем не менее, наличие такого рода фактов создает необходимость тщательного

изучения этого вопроса, хотя бы для конкретизации критерия неизменяемости или малоизменяемости тюркских наречий» [13, 219].

Бұл еңбектердің барлығында үстеу сөздер тек морфологиялық жағынан қарастырылып, оның морфологиялық құрамы, жасалу жолдары мен мағыналық топтары сөз болды. Осы бағытта жоғарыда көрсеткеніміздей екі түрлі көзқарас қалыптасты. Оның бірі үстеулер мүлдем өзгермейді десе, екіншісі үстеулер аздап өзгерістерге ұшырайды деген пікірді қолдады. Соңғы кездердегі тілдік қолданыстар екінші пікірдің дұрыстығын дәлелдеп отыр. Оның түрлі тілдік және басқа да факторлары бар. Ол туралы төменде сөз етпекпіз. Жоғарыдағы зерттеулер осы пікір таластығымен де құнды болып отыр. Осындай қайшылықтарға қарамастан түркі тілдеріндегі үстеулердің жасалу жолдары мен мағыналық топтары жан-жақты, терең зерттеліп бір ізге түсіп, ғылымдағы өз бағасын алды десек қателеспеспіз. Соған қарамастан аталмыш еңбектерде үстеу сөздердің кейбір қырлары қамтылмай қалып отыр. Өйткені бұл зерттеулерде үстеу сөздердің басқа сөз таптарымен тіркесі туралы тіпті сөз болмайды немесе атүсті айтылады. Сөйлемдегі қызметі туралы тек пысықтауыштық қызметі ғана, оның өзінде өте аз көлемде қамтылады. Ал, басқа қызметтерін кейбір ғалымдар тіпті ескермейді, ал кейбір ғалымдар атап көрсеткенімен тілдік фактілермен ғылыми тұрғыдан дәлелдеуді қажет етпейді. Сондай-ақ үстеулердің сөзжасамға қатысы да біржақты қаралады. Бұл зерттеулердің барлығында дерлік үстеу сөздердің жасалу жолдары толық қамтылады да, ал оның өзге сөз таптарына өту процесі назардан тыс қалып қойған. Осындай кемшіліктеріне қарамастан бұл еңбектер тіл білімінде аса құнды да жоғары болды. Алайда қоғаммен бірге тіл мен тілдік қатынастар да даму үстінде болатындықтан аталмыш зерттеулердің кейбірі қазіргі тілдік тұрғыдан қайта қарауды, тағы да толықтыра түсуді талап етеді. Осы айтылғандардың барлығын саралай келе, біз бұл еңбегімізде үстеулердің осы қырларын ашып, оның көмескі тұстарын қазіргі қазақ тілінің фактілерімен салыстырып ғылымдағы өз бағасын беруге тырыстық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – М.: Изд-во АН СССР, 1939. – 237 с.
2. Харитонов А.Н. Неизменяемые слова в якутском языке. – Якутск: Госиздат, 1943. – 81 с.
3. Азымов Г. Түркмен делинде халларын ясалышы: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Ашхабат, 1944. – 24 с.
4. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1962. – 495 с.
5. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1960. – 446 с.

6. Мещанинов И.И. Члены предложения и части речи. – М-Л.: Наука, 1978. – 386 с.
7. Азнабаев М.А., Псянчин В.Ч. Историческая грамматика башкирского языка. – Уфа: Изд-во БашГУ, 1983. – 244 с.
8. Егоров В.Г. Наречие // Материалы по грамматике современного чувашского языка. I. – Чебоксары: Чувашск. гос. изд-во, 1957. – 362 с.
9. Джамалдинов О. Наречие в современном уйгурском языке: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1965. – 16 с.
10. Боровков А.К. О частях речи в языках тюркской системы // Революция и письменность. – 1936. – № 2. – 90-97с.
11. Фузайлов С. О наречиях в современном узбекском языке // Труды Ташкентского гос. ун-та. Новая серия. XXIX, филолог. науки. – Ташкент, 1952. – С. 15-26.
12. Шукюров А.Д. О категории наречия в тюркских языках // История, культура, языки Востока. – М.: Наука, 1970. – 243 с.
13. Гочияева С.А. Особенности наречий в карачаево-балкарском языке // Труды Карачаево-Черкесского НИИ ЭИ ЯЛ. – Черкеск, 1968. II. – 213-247 с.

KURBANOV A.G. ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ НЕИЗМЕНЯЕМЫХ СЛОВ (НАРЕЧИЙ) В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Известно, что в современной лингвистике вопрос о неизменяемых словах характеризуется как сложный и противоречивый. Одной из спорных проблем является морфологический состав наречий. В целом морфологическая неизменяемость представляется основным грамматическим знаком наречия. Если слово теряет эту способность, то оно изменяется и становится наречием.

Ключевые слова: тюркские языки, диалекты, лингвистика, статистика, языкознание, словарь, филология, корень, лексика и грамматика, синтаксис, семантика.

**KURBANOV A.G. HISTORY OF RESEARCH OF UNCHANGEBLE ADVERBS
ING TURKISH LANGUAGES**

It is well known fact that in modern linguistics the discussed item it is the most complicated and controversial one. One of the problems that contributes greatly to this discussion is the morphological composion if plagiazism. Morphological modification of the sterioftiges is its main morphological sign. It's hard to understand if the word loses its word character and disappears from the word sistem. However, it's necessary to note that such kind of criterion is somewhat contradictory in some of the Turkic languages.

Key words: Turkic languages, addition, linguistics, statistics, vocabulary, philology, lexico-grammatics, syntax, root, semantics.

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

УДК 785(574)

СИМФОНИЧЕСКИЕ ПОЭМЫ МЫНЖАСАРА МАНГИТАЕВА

ДЖОЛАМАНОВА Г.Д.

В статье рассматриваются произведения М. Мангитаева, написанные в жанре симфонической поэмы, дается оценка его вклада в развитие этого жанра в казахской музыке, представлен анализ одночастных сюит и поэм. Сюита для симфонического оркестра «Козы и Баян», сюита «Ақ толғай» и поэма «Кұлагер» - наиболее характерные для композитора типы симфонической драматургии: пейзажно-изобразительная и драматически-конфликтная. Статья содержит некоторые выводы о музыкальном стиле композитора, особенностях образного строя его произведений, структурно-композиционных закономерностях и принципах претворения национального музыкального материала.

Ключевые слова: симфоническая поэма, сюита, симфоническая драматургия, музыкальный стиль, программность, национальная культура, народный эпос.

В истории развития симфонической музыки в Казахстане, особенно в период формирования основных жанров казахской профессиональной музыки особый интерес у композиторов вызывали одночастные симфонические жанры, такие, как симфонические сюиты, увертюры и поэмы. Это было естественно на этапе формирования симфонических жанров в республике, но не менее важной причиной этого интереса были их структурно-композиционные и образно-содержательные особенности этих жанров, которые в силу своей лаконичности, программности и некоторым принципам развертывания музыкального материала, оказались близки национальной культуре. Единство и цельность их эмоционального строя, преимущественно волнообразный характер развития и заложенная в содержании программность оказалась близка принципам развития национальных инструментальных жанров, таких, как, например, күй.

Одним из композиторов, внесших значительный вклад в развитие этих жанров был композитор Мынжасар Мангитаев (1937-2011). Он принадлежит ко второму поколению казахских композиторов, которое пришло на смену основоположникам профессиональной композиторской школы казахской музыки – Ахмету Жубанову, Евгению Брусиловскому, Латифу Хамиди и др. поколению, которому выпала роль утверждения тех художественных принципов национальной композиторской школы, которые сложились к середине XX века.

В истории казахской музыки М. Мангитаев остался в числе тех композиторов, в творчестве которых соединились необыкновенная общительность и доступность музыки с высоким профессионализмом, плодотворной работой в сфере академических «серьезных» жанров. Воспитанный в национальных традициях, он создавал произведения, понятные широкому кругу слушателей и, прежде всего, казахской национальной аудитории. Его музыка была своеобразным «проводником» для восприятия этой аудиторией жанров мировой музыкальной культуры.

Притягательность музыки М. Мангитаева во многом связана с его богатым мелодическим даром, который проявил себя в произведениях самых различных жанров – в симфонической, хоровой, камерно-инструментальной музыке, в музыке к драматическим спектаклям и кинофильмам и, конечно же, в песнях. Неслучайно, многие его произведения, особенно песни, приобрели общенародную популярность.

Интерес к одночастной симфонической музыке проявился у него уже в студенческие годы. В качестве дипломной работы М. Мангитаевым была представлена одночастная симфония До мажор для большого симфонического оркестра. Она отчетливо обнаружила характерные особенности образного строя его музыки, а именно – преобладание светлых, лирических и оптимистических образов (была исполнена Государственным Симфоническим оркестром КазССР, дирижер – Народный артист КазССР Ф. Мансуров).

Сюита для симфонического оркестра «Козы и Баян» (в 4-х частях), написанная в 1972 году, основана на мотивах известного народного эпоса «Козы Корпеш и Баян сулу». Народная поэма привлекла композитора своей поэтичностью, выразительной силой образов, драматизмом. Сюита носит программный характер, ее части раскрывают лишь наиболее яркие эпизоды эпического сюжета. 1-я часть – «Баян резвится» рисует образ молодой девушки, проводящей дни беззаботной юности в доме отца. 2-я часть – «Бетпақ дала» – пейзаж степи, по которой отец Баян, не желая отдавать дочь замуж за бедного Козы, откочевывает далеко от своего аула. В то же время музыка этой части отличается и определенной психологической выразительностью, передавая печаль разлуки сестер Баян с родным краем:

О, Балталы-Баганалы, наш край!
С дремучими озерами – прощай!
С лягушками в прохладных водоемах,
С бескрайними просторами – прощай!
Прощайте, реки, цвета бирюзы!
Прощайте люди зрелые, мурзы!
Прощай Корпеш – малютка в колыбели!

Сбежал твой тесть – бесчестный Карабай.

Если первые две части носят характер зарисовок – пейзажных, портретных, то 3-я часть насыщена событиями и посвящена трагическим страницам народной поэмы. Музыка этой части зримо рисует последующие драматические события: поединок Козы с Кодаром, коварное убийство спящего батыра. На вершине кульминации музыка без перерыва переходит в следующую, 4-ю часть – «Печаль (горе) Баян». Скорбный плач Баян, передающий безысходное горе девушки, содержит необычайно экспрессивные хроматические интервалы, а ее начальная интонация, со скачком на малую нону и сопровождающая начало всех последующих фраз, по своему эмоциональному накалу напоминает начало вокального эпизода «Горе Баян» из народного эпоса. Достаточно экспрессивно и завершение поэмы: сложные аккордовые образования на тихой звучности усиливают ощущение трагического конца.

Интерес жанру симфонической поэмы композитор поддерживал на протяжении всей своей жизни. Уже будучи зрелым композитором, в 80-ые годы М. Мангитаев возвращается к работе над этим жанром. Два произведения этих лет – сюита «Ақ толғай» и поэма «Кұлагер» – представляют наиболее характерные для него типы симфонической драматургии: пейзажно-изобразительную и драматически-конфликтную.

Сюита «Ақтолғай» (1980) была создана на основе одноименной народной песни, воспроизводящей события времен джунгарского нашествия. Это история казахской девушки Ақтолғай, которая, потеряв своих родителей, спасается в узбекских степях. Несколько лет она находится на чужбине и, когда, наконец, возвращается на родину, находит своих родителей. Песня, рассказывающая об испытаниях девушки, получает здесь высоко-нравственное, гражданское звучание. «Для меня судьба девушки Ақтолғай – это не только ее судьба. Я пишу о народе, который, преодолевая трудности в течение многих веков, в конце концов, приходит к восстановлению своей нации, к освобождению и независимости», – говорит автор. Задуманное как глубоко личное, сокровенное размышление о судьбе народа, оно решено здесь в лирико-эпическом, картинно-повествовательном плане.

Другим примером создания композитором симфонического произведения на основе содержания песни является поэма «Кұлагер». Взяв за основу песню прославленного казахского певца Ахана сере о гибели его любимого скакуна Кулагера, а также написанной на основе этого сюжета одноименной поэме И. Жансугурова, М. Мангитаев создает развернутое эпико-драматическое полотно, наполненное необычайной экспрессией и этической напряженностью. В произведении звучат три подлинных песни Ахана-сере – «Кұлагер» (главная партия), «Алты басар» (побочная партия) и

«Әудем жер» (2-ая побочная партия). Но решающее значение среди них имеет, конечно, песня «Құлагер». А Жубанов писал о ней: «Это – крик души поэта, стоны его сердца. Это плач о невозвратном. Враги убили прославленного скакуна, не дававшего им покоя, и отомстили певцу, затмившему их своей славой» [2, с. 72]. По другой версии, гибель Кулагера связана с именами влиятельных лиц, стремившихся отомстить Ахану за его независимый характер и обличительные песни. Но в интонациях песни «Құлагер» композитор услышал не только скорбь, отчаяние, но и большую жизненную силу. Какими бы ни были страдания в этом мире, зло не может победить все истинно человеческое. Переживание художником смерти его любимого коня возвышает его над этим злом. Звучащая в конце торжествующая, светлая тема *Andante*, основанная на интонациях песни «Кулагер», рождает мысль о непобедимости силы искусства.

В 1992 году поэма была исполнена во время открытия памятника Кулагеру в г. Кокчетаве, а в 1996 году была написана вторая редакция поэмы.

Творчество М. Мангитаева, сформировавшееся в середине прошлого века, явилось отражением того светлого, гармоничного восприятия жизни, которое было характерно для его эпохи. Безусловно, оно не утратило своей актуальности и сегодня, воплотив в себе удивительную цельность его природы в сочетании с глубокой потребностью дарить свою любовь людям.

ЛИТЕРАТУРА

1. Джоламанова Г., Мангитаев М. // Композиторы Казахстана: сб. ст. – Алматы, 2017. – С. 110.
2. Жубанов А. Соловьи столетий. – Алма-Ата, 1967. – С. 72.

ДЖОЛАМАНОВА Г.Д. МАҢҒЫТАЕВТЫҢ СИМФОНИЯЛЫҚ ПОЭМАЛАРЫ
Мақалада композитор М. Маңғытаевтың симфониялық поэма жанрында жазылған музыкалық шығармалары және оның қазақ музыкасына осы жанрды ары қарай жалғастырып дамытуында өз үлесінің бар екендігі айтылады. Бір бөлімнен тұратын сюиталары мен поэмалары жатады. Симфониялық оркестріне арналған «Қозы мен Баян», «Ақ толғай» сюиталары, «Құлагер» поэмасы осылардың айғағы. Композитор көбіне өз шығармаларында көркем-пейзаж драматургиялық қайшылықтарды симфониялық музыка арқылы аша білді. Мақалада композитор өз музыкалық стилінде – образдық мазмұнының жүйелігі, композициялық құрылым-заңдылықтары мен принциптерін – қазақтың ұлттық музыкасына сүйене отырып жазды.

Кілт сөздер: *симфониялық поэма, сюита, симфониялық драматургия, музыкалық стиль, бағдарламалылық, ұлттық мәдениет, халық эпосы.*

JOLAMANOVA G.J. MANGITAEV'S SYMPHONIC POEMS

Астрономия аспан денелерін, соның ішінде Күнді, жұлдыздар әлемін, планеталарды және т.б. аспан объектілерін зерттейтін ғылым. Сонымен қатар аспан денелерінің құрылымын, олардың кеңістіктегі орындары мен қозғалыстарын зерттеп, бүкіл ғаламшардың дамуы туралы түсініктер береді.

«Астрономия» деген грек тілінен аударғанда «астрон» – жұлдыз, «номос» – заң деген мағынаны береді. Астрономия ең ежелден келе жатқан ғылымдардың бірі. Ең алғашқы астрономиялық деректер б.э.д. 8 ғасырда пайда бола бастады. Адамзат ежелгі заманнан бастап аспан денелерінің орын ауыстыруын зерттеп, оны барлық қырынан сипаттауға тырысқан. Қазақ халқы да планеталарды ауыз әдебиеттердегі аңыздарға қосып отырған. Меркурий планетасын қазақ халқы – Кіші Шолпан, Марс планетасын – Қызыл жұлдыз, Юпитер – Есекқырған, Сатурн – Қоңырқай деген аттарға ие болған. Аспан денелерінің қозғалысы туралы алғашқы көзқарастар кейбір халықтар арасында аңыз түрінде кездеседі. Филолай, Аристарх, Пифагор, Аристотель және т.б. грек ойшылдарының әлем жүйелерінің аспан денелерінің көрінерлік қозғалысын сипаттап, түсіндірді. Осы модельдердің ішінде ең толыққанды зертелгені Птолемей моделі болған. Ежелгі грек философтары Әлемнің негізгі қасиеті етіп сфералық симметрияны бөліп алды. Жалпылай алғанда, симметрия принципі («Гармония») астрономия ғылымының қалыптасуына себепші болған. Парменид философиялық көзқарастан нақты физикалық әлем ұғымын қарастырды. Филолай аспан шырақтарын да, Жерді де шар тәрізді, ал олардың қозғалысы сфералық симметриялы қозғалыс деп есептеген, ал Эратосфен Жердің сфералық формасын анықтап, оның пішіндерін анықтау әдіс-тәсілдерін ұсынды. Астрономия ғылымының даму барысына тек ежелгі грек астрономдары емес, сонымен қатар үнді, қытай және араб астрономдары да өз үлестерін қосқан. Орта ғасырларда Еуропа мемлекеттерінде ғылым ашылмаған қара түнек болатын, ғылымның, соның ішінде астрономия ғылымының жетістіктерін болашақ ұрпақ үшін сақтап, әрі толықтырып, дамытқан араб және Орта Азия ғалымдары болатын. Әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Баттани, Бируни және т.б. ғалымдар ежелгі Әлем мен үнді астрономиясының мұрасын меңгеріп, дамытты. Әл-Фараби барлық ғылым бағытында еңбек жазған ғалым болса да

оның астрономиялық еңбектері ерекше орын алатындығын атап көрсетуге болады. Ол Птолемейдің жүйесін толықтырып, оны сипаттайтын еңбектер жазды, алғашқы болып Шолпан планетасының Күн дискісінен өтуін зерттеген. Еуропада бұл құбылысты бірнеше жылдар өткеннен кейін, 1639 жылы ғана байқаған.

Птолемейдің жасаған жүйесі аспан денелерінің қозғалыстарын есептеуге мүмкіндік беретіндіктен және діни көзқарастармен ұштасқандықтан, орта ғасырларға дейін осы модель жаратылыстанымдық және зертханалық қажеттіктерді қанағаттандыратын негізгі модель болып табылады. Орта ғасырлардағы теңіздегі саяхаттардың арқасында Жер бетінде коммуникациялық байланыстардың күшеюі, сонымен қатар Жер бетінде бағдарлау әдістеріне қойылатын талаптың күшеюі Птолемей жүйесінің кемшіліктерін анықтап көрсетті. Оның ішіндегі негізгісі – шындыққа жанаспайтындығында еді. Н. Коперниктің негізгі практикалық жұмысы барысында жаңа модель – Коперник жүйесі дүниеге келді. Бұл жүйенің де кемшіліктері бар еді, бірақ ол Күн жүйесі құрылымын дұрыс негізде түсіндірді. Коперниктің ашқан жаңалығы діннің қарсылығын жойып, ғылымның даму барысына түрткі болды. Қазіргі кезде аспан шырақтарының қозғалысы дұрыс негізде бақыланып, нақты есептелетін болған. Мұның өзі уақытты өлшеу, Жер бетінде бағдарлану, Жер қорларын барлау және т.б. практикалық мәселелерді шешу үшін қажет болды.

«Аспан механикасы» атты Д.И. Кенжәлиевтің еңбегінде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, И. Кеплер Коперниктің жүйесінде кездесетін кемшіліктерді түзетіп, аспан денелерінің қозғалысын нақты түсіндіретін заңдарды тұжырымдады. Ал Ньютон осы заңдарға сүйене отырып, денелердің өзара әсерлесуінің заңдарын ашты. Осы заң аспан механикасына негіз болған заң. Аспан шырақтарының қозғалысын есептегенде осы заңды негізге алады. Бұл заң планеталардың қозғалыстарын алдын ала есептеуге мүмкіндік береді. Есептелген координаттар аспан денелерінің бақылаудан алынған координаттардан айырмашылығы шамалы болған. Есептеу нәтижелерін ұзақ уақытқа пайдалану үшін, олар дәлірек болуы үшін, планетаға Күннің әсерін ғана емес, басқа денелердің ұйытқуларын есепке алу керек болды. Сондықтан аспан әлемінің есептерін шығару оңай шаруа емес. Ньютон жасаған заңдардың көмегімен аспан шырақтарының қозғалысын бақылау – математика тұрғысынан күрделі шешуді қажет ететін есепке айналды, ал аспан механикасының жетістіктері – математика ғылымының қарыштап дамуына әсер етті. Мысалы, XVIII ғасырдың басында аспан әлемінің дамуына Ньютон заңдарының ықпалы арқасында болса, соңғы жылдарында ғылым – математик ғалымдары Клеро, Даламбер, Эйлер, Лагранж және Лаплас еңбектері арқылы дами бастады. Сол заманнан бастап

аспан шырақтарының қозғалыс теорияларын жасау әдістемелері қолға алынды. Жер бетінде бағдарланып орналасу үшін Айдың қозғалысын көрсететін кестелер жасалына бастады.

XIX ғасыр – аспан әлемінің негізгі құраушы компоненттері, әсіресе алып ғаламшарлар қозғалысының талдағыштық тұжырымдамаларының шыға бастауы, қазіргі кезге дейін қолданылып келе жатқан кестелердің болуы-астрономия ғалымдарының жасаған еңбектерінің жемісі. Солардың ішінде ең үлкен үлес қосқандары: Урбен Жан Жозеф Леверье, Саймон Ньюкомб, Джордж Уильям Хилл болған. Осы ғасыр – аспан әлемі механикасында есептеу тәсілдері ғана емес, сонымен қатар бақылау тәсілдерінің дамып, жетістіктерге жетіп жүрген кезеңі. Юпитер мен Сатурн планеталарының бірталай серіктерінің табылуы, қозғалыстарының сипаттамаларының ашылуы, Уран ғаламшары анықталып, орбитасының элементерінің ашылуы үлкен жетістік болды. Ал Нептунның ашылу тарихы ғылыми әдістемелердің қуаттылығын көрсетті. Бұл планетаны «қалам ұшымен тапты» деген теңеу бар [2].

Астрономия техникалық ғылымдар сияқты физикамен, география, экология, математика, биология сияқты ғылымдармен тығыз байланысты. Астрономия үш негізгі бөлімге бөлінеді: бірінші-астрометрия, екінші- аспан механикасы, үшінші – астрофизика болып бөлінеді. Астрономияның негізі - бақылау болып есептеледі.

Астрономия ғылымының аспан денелерін бақылау және зерттеу жүргізу барысында алға қоятын негізгі мақсаттары:

- Біріншіден, кеңістікте аспан денелерінің алатын орны мен пішіні және мөлшерін айқындау.
- Екіншіден, аспан әлеміндегі денелердің физико-химиялық құрылымын анықтау.
- Үшіншіден, астрономиялық денелердің қалай пайда болатындығы мен олардың даму барысында туындайтын мәселелерін зерттеу.

Астрономия ғылымының мақсаты аспан әлеміндегі денелердің белгісіз қырларын анықтау адамзатқа әрдайым қызықты. Аспан әлемінің бізге беймәлім құпиялары әлі де жеткілікті. Сол себепті астрономияны толықтай зерттелген ғылым деп айтуға болмайды. Зерттеуі таусылмайтын, күнделікті жаңалыққа толы аспан денелерін зерттеу жасөспірімдерді де қызықтыратыны сөзсіз.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 7-11 – сыныптары үшін «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «Физика және астрономия» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың ғылыми тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту. Оқушыларды Әлемнің ғылыми бейнесін тұтастай

түсінуді, бақылау және табиғи құбылыстарды талдау арқылы күнделікті өмірге керекті есептерді шешу жолдарын табуға дағдыландыру [3].

Орта мектепте астрономия ғылымын қазіргі таңда оқытылу деңгейіне зерделеу, оның оқу бағдарламадағы алатын орнына талдау жасау үшін келесі мәліметтерге назар аударайық.

7-сыныпта оқытылатын физика және астрономия пәніндегі астрономия курсына бөлінген «Жер және Ғарыш» тарауында қарастырылатын тақырыптар.

Тақырыптар	Тақырыпты оқыту мақсаттары
Аспан денелері туралы ғылым	геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыру
Күн жүйесі	Күн жүйесінің нысандарын жүйелеу
Күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл)	жыл мезгілдерінің ендіктерге байланысты ауысып отыруы, күн мен түннің ұзақтығын түсіндіру

9-сыныпта оқытылатын физика және астрономия пәніндегі астрономия курсына бөлінген «Астрономия негіздері» тарауында қарастырылатын тақырыптар:

- Аспандағы жұлдыздар әлемі;
- Аспан координатасы, аспан сферасы;
- Аспан шырақтарының географиялық ендіктегі қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт;
- Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары;
- Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау.

9-сыныптағы қарастырылатын оқу мақсаттары:

- Абсолюттік және көрінерлік жұлдыздық шамаларды ажырату;
- Жұлдыздың жарқырауына әсер ететін факторларды атау;
- Аспан сферасының негізгі элементтерін атау;
- Жұлдызды аспанның жылжымалы картасынан жұлдыздардың аспан координатасын анықтау;
- Өртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашылығын түсіндіру;
- Жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақытты сәйкестендіру;
- Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру;
- Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығын немесе өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру.

11-сыныпта астрономия курсына «Космология» тарауында қарастыратын тақырыптар:

➤ Жұлдыздар әлемі. Жұлдызға дейінгі қашықтық. Айнымалы жұлдыздар;

➤ Күн-Жер байланыстары;

➤ Жұлдыздардың планеталық жүйелері. Жер топтарындағы планеталар және гигант- планеталар. Күн жүйесіндегі кіші денелер;

➤ Құс жолы. Галактикалардың ашылуы. Квazarлар;

➤ Үлкен жарылыс теориясы. Қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі арақашықтықты зерттеу. Әлемнің кеңеюі;

➤ Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері. Әлемнің моделдері. Әлем мен Өмір туралы көзқарастар. Адамзаттың ғарыштық болашағы және ғарышты игеруі.

11-сыныптағы қарастыралатын оқу мақсаттары:

- Жұлдыздардың негізгі спектрлік класын анықтау;
- Көрінерлік пен абсолют жұлдыздық шамалардың айырмашылығын анықтай алу;

- Көрінерлік және абсолют жұлдыздық шаманы анықтау үшін формулаларды қолдану;

- Күннің сәулеленуін сипаттау үшін заңдарды, яғни Стефан-Больцман заңы, Винн заңын қолдану;

- Жұлдыздардың дамуын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолдану;

- Қара құрдымдар, нейтронды жұлдыздар және жаңа жұлдыздардың қасиеттерін зерттеу;

- Жұлдызға дейінгі қашықтықты зерттеу үшін, «қарапайым май шамдар» әдісін пайдалануды сипаттау;

- Әлемнің жаңаруы мен қара энергия туралы көзқарастарды талқылау;

- Астрономиялық зерттеулерге сүйене отырып, Әлемнің жаңаруы туралы болжамды талқылау;

- Хаббл заңын пайдалана отырып, Әлемнің жасын бағалай білу;

- Микротолқындық сәулелену туралы теорияны пайдалана отырып, Үлкен жарылыс теориясы туралы түсінік қалыптастыру [1].

Орта мектепте астрономияны оқытуда кездесетін негізгі мәселе – физика пәнімен біріктіріліп оқылатындығында, яғни жоғарыда көрсетілгендей курс физика және астрономия деп аталғанымен 8 және 10 сыныптарда астрономия пәніне байланысты тақырыптар қарастырылмайды. Мектептерде астрономия курсының сағаты қысқаруына байланысты, ЖОО-да жалпы физика және астрономия мамандарын дайындайды. Негізгі дүниетанымдық көзқарас ғылыми жетістіктерге байланысты қалыптасады,

оның ішінде астрономиялық бақылаулар мен Әлемнің даму механизмдері туралы түсініктер маңызды орынды алады. Жоғары қысымда өтетін, вакуумдық жағдайда, тығыздығы үлкен диапазонда болатын жүйелер мен денелерді, жоғары және абсолют нөлге жақын температураларды, жылдам қозғалатын электрондар ағынын Ғарыштық объектілерден бақылауға болады. Соңғы кездері астрономиямен байланысты ғылымдар дами бастады: астрогеология, астробиология, астроэкология. Қазіргі өркениеттің дамуын астрономиямен тығыз байланысты космонавтика ғылымынсыз елестету мүмкін емес. Адамдар Жер маңайындағы ғарыштық кеңістіктер үзіліссіз өмір сүруде, адам Жердің серігі Айда болды, енді Марс планетасына экспедицияға дайындық үстінде.

Көріп отырғандарыңыздай, орта мектепте астрономия пәні физикамен тығыз байланыстырыла отырып оқытылуымен қатар, негізгі тақырыптарды оқытуға да көңіл бөлінеді. Әрине астрономия пәнін тереңдетіп оқытуға элективтік пән ретінде оқытудың маңызы зор, өйткені аспан денелерінің табиғатын оқып-білу адамзат үшін маңызын жоғалтпақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 7-11 сыныптары үшін «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
2. Кенжәлиев Д.И. Аспан механикасы. – Орал, 2007. – 6-9 бб.
3. Рамазанова С.А., Тоқсейітова Р.Қ. Астрономия. – Шымкент, 2009.
4. Каменецкий С.Е., Пурышева Н.С. Теория и методика обучения физики в школе. Общие вопросы. – М., 2000.
5. Винник М.А. К вопросу о роли астрономического образования в обучении и развитии учащихся 8/ Вестник Московского гос. областного ун-та. – Сер. «Педагогика». – 2010. – С. 169-173.

НАРБЕКОВА Ш.М., РАХАШЕВ Б.Қ. ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ АСТРОНОМИИ В СРЕДНИХ ШКОЛАХ.

В статье представлен анализ современного состояния образования в Казахстане, в частности астрономического. Показаны основные возможности, имеющиеся у школьников для получения астрономических знаний. Показана структура курса, описаны средства обучения.

Ключевые слова: физика, астрономия, небесные тела, Солнце, звезда, Солнечная система, Галактика, природные явления, календарь.

NARBKOVASH.M., RAKHASHEV B.K. PROBLEMS STUDYING ASTRONOMY IN THE MIDDLE SCHOOL.

The article reveals information about themes and problems studying science astronomy in the subject «physics and astronomy». In this article showed astronomy themes in 7, 9 and 11 grades. In 7th grade themes about Earth and Space, 9th grade Basics of astronomy and in the 11th grade Cosmology.

Keywords: physics, astronomy, celestial bodies, the Sun, star, solar system, galaxy, natural phenomenon, calendar.

ӘОЖ 371.3:821.512.122(075.8)

МАРКИЗА БАЗАРБАЙҚЫЗЫНЫҢ ШАҒЫН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ БАЛАЛАР БЕЙНЕСІН ЖАСАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

ҮСЕНБАЙ Б., АЯПОВА Ү.С., КАЖИАКБАРОВА Р.Б.

Мақалада балалар жазушысы Маркиза Базарбайқызының «Әкесін іздеген ұл» атты балаларға арналған әңгімелер жинағындағы шағын әңгімелердегі балалар бейнесі талданады. Жазушының шағын әңгімелері бастауыш, орта буын мектеп оқушыларының дүниетанымын кеңейтуге септігі мол, оқуға ыңғайлы, тілі жатық, берер тәлімі мол болғандықтан, оқу жоспарларының вариативті компонентіндегі жекелеген пәндер, курстар және бөлімдерді оқытуға бөлінген сағаттарға «Авторлық бағдарлама» жобаларын жасауға қолданылған. Автор жазушы әңгімелерінің оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға игі ықпалы бар екендігіне тоқталған, идеялық, танымдық ерекшелігіне талдау жасаған.

Кілт сөздер: балалар әдебиеті, проза, әңгіме, авторлық бағдарлама, вариативті компонент, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру.

Қазіргі таңда балалар әдебиетіндегі шағын проза үлгілері кең қанат жаюда. Балалар әдебиетінің өзіндік жоғары талаптары тұрғысынан келсек, санаулы қаламгерлерді атай аламыз. Қазіргі балалар әдебиетінің өкілі – Маркиза Базарбайқызы – ардагер ұстаз. Ол «Әйел жанарындағы әлем», «Арнадым сізге», «Қырмызы», «Ұялшақ махаббат», және балаларға арнап «Әкесін іздеген ұл», «Базарлық», «Жүрек сөзі», «Халықберген» атты кітаптардың авторы.

«Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған жазушы Қанат Қайымның «Ұрпақ тәрбиесінің талбесігі» мақаласында былай деген екен: «Маркиза Базарбайқызының «Батырлары бар ел – бақытты» деп аталатын кітабында ежелден келе жатқан жырларды бала ұғымына сәйкес әңгіме түрінде жазғанын, ерлік дастандардың ең шұрайлы тұстарын ойып алып, оқырманын қызықтырып, әрі қарай сол жырды өзін іздеп оқы деп сілтеме жасауын да автордың тапқырлығы»[1]. Сондай-ақ жазушы Қанат Қайым төмендегідей пікір келтіреді: «Маркиза Базарбайқызының «Базарлық» атты кітабы «Назеркенің ертегісі», «Аңыздар» және «Әулиелер» деп аталатын үш бөлімнен тұрады екен. Шығармалардың барлығы да орта буын мектеп оқушыларының дүние танымын кеңейтуге орасан зор пайда тигізері даусыз. Аса шұбалаңқы емес, оқуға ыңғайлы ертегі-аңыздардың тілі жатық, берер тәлімі мол. Жазушының «Халықберген» деп аталатын кітабы Ұлы Отан соғысының қасіреттерінен сыр шертетін әңгімелерден тұрады. Кітаптың алғы сөзінде автордың өзі айтқандай, «Соғыстың айуандық бет-бейнесін кейінгі

жас балалар білсін дедім»[2]. Өз халқының бастан өткізген тарихын естерінде ұстап, үлгі-өнеге алу үшін қазіргі ұрпаққа дәл осындай шығармалар аса қажет екендігі айтылады.

Маркиза Базарбайқызы «Әкесін іздеген ұл» балаларға арналған әңгімелер жинағымен Алматыда балалар жазушылары арасында ұйымдастырылған «Дарабоз» 11-ші халықаралық байқауының жеңімпазы ретінде танылған. Әңгімелердің электронды нұсқасы қолжетімді (<https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2525>), сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларына қосымша сабақтарда оқу сауаттылығын дамыту үшін өте тиімді екендігі байқалады.

Маркиза Базарбайқызының «Әкесін іздеген ұл» атты балаларға арналған әңгімелер жинағына жазған «Өмірдің өзіндей тартымды» атты алғы сөзінде ақын Мағира Қожахметова жазушының шуақ пен мұңға тұнған әңгімелерімен көпшілікке танылып үлгергендігін айтады. Өмірдің өзіндей табиғи қолтаңбасынан күнде көріп жүрген жандармен әлдеқайда жақынырақ қауыштырғанын, назар аударма қоймайтын жәйттердің мәні мен маңызын аңғартып, күйбең тірліктің таусылмайтын түйткілін шешуге талпынған ана, әже, апа, аға, әке бейнелері балақайлардың бірде тәтті, бірде қатты іс-әрекеті арқылы айқынырақ ашылады. Автордың тілі жатық. Қысқа да нұсқа оқиға желістері оқырманын жалықтырмайды. Айналасына сергектікпен қарайтын жасөспірімдердің қылығы өмірге деген құштарлықпен, білсем, оқысам деген ынта, жігермен астасып жататын терең ойға жетелейтін шығармалар.

«Іңірбайдың күнделігіндегі» он төрт жасар ұлдың күн сайын бойының ғана емес, санасының да жетіліп өскеніне куә боламыз. Жыңғылдан садақ жасауы, суда өскен қоғадан ау тоқуға болмайтыны жас оқырманның көкейіне сақталып қалады. Шидің қалай өсетіні, оны ормай қарулы жігіттер беліне орап тартып, жұлынған шиді реттейді, ең ұзындарын текемет басуға арналған ши етіп тоқиды. Кішілеулерінен жасалынатын «орама шидің» қыз жасауына қосады екен. Ең ұсақ шилерден құрт жаятын шыпта, су сорғытатын сүзекі дайындайды екен. Кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасына бойлаған сайын небір тосын сәттерге кезігесің. Қандай дүниесін алсақ та ұлттық ізгі ұғыммен өзектестігі аңғарылады. Көзден де, көңілден де таса боп, ұмытыла бастаған әдет-ғұрыптарымызды балалардың қимыл-қозғалысымен, сан алуан әрекетімен жеңіл де ұғымды жеткізгенін айтады [3, 6].

Идеясы шымыр келетін әңгіме жанры қиын екені белгілі. Балалар жазушысы Маркиза Базарбайқызының балаларға арналған шағын әңгімелерінде тәрбие мен таным үдерісі қатар тұрады. Образдар мен сөйлеу тілінің ерекшеліктері өз оқырманы – бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген құлшынысын арттыра түсетіні анық. «Акробат» әңгімесінде «Сәуленің басы үлкен. Бес жаста болса да басы үлкен Сәуленің. Сәуле өзі де көбелектей

жеп-жеңіл құлдырандап жүгіреді де жүреді. Арқасынан бантиктеп байланған ал қызыл көйлектің етегі аппақ жібек матамен көмкерілген. Үлпілдеп тұр» [3, 20]. Сәуле ойнап жүріп, биікке ілінген аппақ жіпке көзі түседі. Ауладағы кәдімгі кір жаятын арқан. Сәуле дәл осы жіптен секіруді армандап жүрді. «Көптен армандап жүргені аспанда қалықтаған құстай секірген сол тәтеге елдің бәрі шаттанып қол соқты. Біздің елдің туы желбіреп, тәтенің мойнына алтын алқа тақты. Шіркін, сол тәте сияқты аспанда қалықтап секірсе!» деген тәтті ойлардың сәті түсті деп кір жаюға керілген жіпке қарай атасы қысқа дайындаған ағаштарға өрмелей жөнелді. Көкесі көріп қалып, екі қолын ербendetіп сөйлеп келеді. Ағаштың біреуі сырғи жөнелді. Сәуле қорыққаннан көзін жұмды. Сәуле өз қиялында екі қолын сермей жазды да жіптен асып секіріп кетті. Мәтін соңында жазушы оқырман жастарға сауалын қояды.

«Ал сен секіре ме едің? Ақ тақырға. Тастай жерге? Аяғың сынса не басың жарылса қайтесің? Онда көпке дейін ойнай алмай қалмайсың ба? Жүр, одан да сондай жаттығу жасайтын жерге барайық, жарай ма?» – деп өз ақыл-кеңесін айтады.

«Шаштан» тарту әңгімесінде еңбекке тәрбиелеуді көрсетеді. Уақытында суарудың арқасында жапырағы биік болып жақсы өскен сәбіз бен суы уақытылы берілмеген сәбізді көрсеткен әкесі балаларының еңбектерін салыстырған еді.

«Кеше әкесі Әбіл мен Алшынның егісін мақтады да:

– Тәжім, сен егісінді суаруды ұмытып кеткенсің бе, сәбіздің бойы тырбыш өспей қалыпты ғой? – деп сұрады. Ағасы мен інісі жамырып:

– Ол мәк тепті!

– Ол қыз ғой! – деп шуласты» [3, 18].

Тәжікүл балалық әрекетімен таңертең ерте оянып, өсіп тұрған сәбіздің жапырағынан еппен тартып бойын биіктетіп қояды. Екі жағындағы Әбіл мен Алшынның егінінен де биік болғанын қалады. Әкесі бүгін көрсе өзін мақтасын деген ой болды. Күн қыза оянған Тәжікүл құлап жатқан сәбіздерін көргенде жылап жіберді. Әкесі қызын жұбатып,

«– Айналайын, не істесең де ақылмен ойланып істе. Сені шашыңнан тартқанмен сен тез өспейсің ғой. Солай емес пе? Енді тамыры жұлынған сәбіз өспейді» – деп, енді орнына қайта егу қажет болғанын түсіндіреді.

Балаларды есік алдындағы аз ғана жерге егілген көкөністің өзі диханшылық кәсіпке ғана емес, еңбексүйгіш болып өсуге тәрбиелеп отырады. Егетін көкөністің ұрығын қалай себу, жерін қалай дайындау, қалай су беру керектігін үйреніп өскен бала кез келген істі дәл солай рет-ретімен үйлестіруге бейім болып өседі. Әңгімеде уақытылы суғарылмаған өсімдіктің жайқалып өсе алмайтынын аңғартып отыратын әке тәрбиесі бала тәрбиелеуде ата-аналарға үлгі бола алады.

«Әкесін іздеген ұл» әңгімесінде кіп-кішкентай Санат аулада ойнап жүріп Әділдің көкесі зообаққа апаратынына уәде бергенін айтып мақтанғанына жауап таба алмаған соң, көкесін жұмысына іздеп барса, балмұздақ әперетінін айтып, бес-алты жасар бүлдіршін балақайлар үлкен шаһардың кең даңғылына шығып кетеді. Әділ бармай жолдан кері қайтса да, Санат көшені бойлап оқушыға, әжейге кездеседі. Санатты әкесі рұқсатсыз жалғыз жүргенін айыптап сабап та алады. Баласы үш күн көрмеген соң сағынып іздегенін айтып ақталуда. Әкесі де баласына қатарынан кезекшілікте болғанын айтып түсіндіре бастайды. Әңгіме арқылы отбасындағы қарым-қатынастың соншалықты жауапкершілікті талап ететіндігі көрініп тұр. Балаларына ата-анасы ескерту жасап отыруы, ата-ана баласы үшін алаңдайтыны, тағы басқа да балалардың бойындағы алаңғасарлық әрекеттердің алдын алу – тәрбие болары анық.

«Айтылмаған өтірік», «Су тазалығы», «Жастық» әңгімелері балаларды өтірік сөйлемеуге, таза болуға, жалқау болмауға шақырады. Өсіресе су тазалық қана емес, салт-дәстүрлерімізде баланы неге қырық күн суға түсіру керектігін және Әйіп пайғамбардың әңгімесі арқылы бала түсінігін кеңейтіп отырады. Аяжан мен Досжанның жастықпен төбелескеніне әжесі жастық туралы ертегі айтып береді. Бала есінде сақтайтындай ақылдарын айтып отырады: «Әжесі жастықты әдемілеп жинап қою керектігін көрсетті.

– Ал, олай етпесе ше, апам құсап жәй тастай салса, түс көрмей қаламыз ба?

– Жиналмай жатқан жастық «кел, жата ғой» деп, адамды өзіне шақырып тұрады. Жата берген кісі ауру болады, жата берген бала жалқау болады. Сондықтан жастықты тікейтіп жинап қояды. Бас киім мен жастықты табанға салып таптауға болмайды. Бас киім киелі. Жерде жатқанын көрсен, көтеріп қой» [3, 29].

Әжесі немерелерінің үйде зеріккенше спортпен айналысқанын қалап, көрші аулада жақында ашылған спорт клубына апаратынын айтады.

«Асхат» әңгімесінде мектепке баруға қызығып жүрген Әсет көк сөмкесін бес жасар Асхатқа мақтанышпен көрсетіп, ешкімге айтпауын сұрайды. Апасы кірлетесің деп ренжіп жүретінін айтқан соң, амалсыз өзінің қашан мектепке баратынын сұрап апасының қасынан қалмай жүрді.

« – Әсет, Маржан, Абылай – бәрі мектепке кетті. Мен қашан барам?

– Кейін, балапаным.

– Папам келген соң ба?

Тігін машинасы зырылдауын кілт тоқтатты. Құлаққа ұрған танадай тылсым тыныштық баланың тынысын тарылтып жіберді.

«Папам» дей беріп еді...

– Қақылдап қалдың ғой, қараң өшкірдің баласы! Қарасы батсын оның!» [3, 32].

Әкесін сұрағанда апасының қарғап-сілеген сөздері кіп-кішкене балақайды ойландырып қойды. Әкеме неге «Қарасы батсын оның» деп айтады. Мен әкемді сағынамын ғой деген сұрақтар мазалайды. Бұл әңгімеде періштедей үлбіреген нәзік жүрекке қаншалықты ашулы болсаң да, ашуды іркіп, балаға жөн сөйлеуге шақырып тұрған сияқты. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алатын болған соң, ата-ананың арнайы дайын болуын талап етеді.

«Бәйге күрең» әңгімесінде Көлбай қызы Санашты тоғыз жасынан «Ақжолтайым» деп еркелетуінен айтыскер ақынның бала тәрбиесінде ерекшеленгенін байқауға болады. Қызын ұл баладай аттың құлағында ойнатып, бәйге күреңге отырғызып, алпыс шақырым жарыс өтетін жолды екі-үш күн зерттеп жүруі – нағыз бапкердің ісі дерсің.

Бәйгеде алдыма жан салмаймын деп оза шапқан Санаш шапшаңдықты тез ауыстырғанда атпен бірге мұрттай ұшқалы қыз көйлегін кигізіп кішігірім той жасаған соң, анасы атқа жоламай әдемі көйлек кейіп, өз істерімен айналысқанын қалаған еді.

Он үшке толған Санаш әкесі көрші ауданға айтысқа кеткенде есік алдында байланған байталға қызыға қарағаны сол еді. «Есік алдындағы кермеде бір байтал кегеңдейді. Қасына жетіп бардым. Байтал шекелей қарап оқыранды. Сағалдырығынан ұстап, кекіліне қол тигіздім. Әкемнің алдыңғы айтыста ұтып алған сыйлық жылқысы екен. «Өзім келгенше қарай тұрындар, келген соң үйірге қосамын» деп, тапсырып кетіпті.

Апам маған зекіңкіреп:

– Қашанға айтам атқа жолама деп! Болды, үйге кір. Ана Шара артыңнан қалмай «жаңа үлгідегі көйлегімді көр» деп қыңқылдып жүр. Ат – еркек баланың жұмысы. Бар, кет!

Мен інілеріме байлаған жіптерің жіңішкелеу екен, үзіліп кетпесін деп ескертіп үйге бұрылдым.

Көп өтпей-ақ Асан жетті ендігіп:

– Ат қашып кетті!» [1, 37].

Санаш із кесіп жүріп Ғалиәкбар ағайының көмегімен көп жылқының ішіннен ұстайды. Атты үйіне әкелгенде шешесі үндемейді. Әкесі келгенше атқа ие болғанда, анасы аттың қасынан қумайды. Шабандоз қыздың із кесіп, жылқы мінезін тануы да қызыға білген ісіне барын салса игеретін тамаша өнер сияқты.

«Мерген» әңгімесінде де әкесінің қасында ер балаша киінген қыз. Мұғалім әке арасында саятқұмар. Қолы босай қалса баланың ересектеуі Әбіл мен төрт-бес жасар қызымен балыққа барады. Аңға шығарда оқты да бірге

өздері жасайды. Қалған оқты келесі қысқа сақтамай көктем шыға шыны бөтелке көздетіп сайысып үнемі озып жүрген қызына әкесі риза болады.

«Жетіншіні бітірген жылы облыс бойынша жақсы оқитын балаларға жолдама берді. Біздің ауданнан жалғыз қыз мен ғанамын. Облыстан тағы екі қыз бар екен. Қалғаны кілең ұлдар» [3, 42]. Алматы айналасы биік тау қоршаған сұлу қалалы аралағанда Тир дегені жақын жерде қадап қойған нысананы ату қызға қатты ұнайды. Бірақ ұлдар түк тигізе алмаса да, қыздарды маңайлатпайды. Шалбарланған Лаура деген Өскеменнің қызы өңмендей келіп мылтыққа жармасады. Қыздың шашын желбіретіп жайып жібергені мен тыртыттып кейген шалбары Санашқа ұнай қоймайды. Өйткені әжесі шаш жаю әйел адамға дұрыс емес екенін айтып отыратын еді. «Бұл қыздың ісі емес!» деп ұлдар қарсыласпаған соң, он оқтың екеуін тигізді. Лаураның қолынан мылтықты жұлып алып, көздегенін мүлт жібермеген қызға ұлдар шулап енді анасын ат, сосын мынаны ат деуге көшті.

«Мен үшін атшы деп өздері бытыра сатып әперді. Дөп тигізсең беретін «приз» дегені болады екен. Әй, бір айызым қанғаны-ай.

Жоқ жерден дәрежем көтеріліп, біздің мергеніміз деген құрметті атаққа ие болып шыға келдім. Мен солай мерген атандым!» [3, 43]. Әңгімеден тағы да бала тәрбиесін көреміз. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оята білген әке бейнесі арқылы қыз баланың мергендік қабілеті көрінеді.

«Көсеу» әңгімесінде бесінші сыныпта оқып жүрген қыз бала бауырсақ пісіру үшін ашыған қамырды жайып кесіп үлгере алмағаны үшін өгей шешенің от көсеп отырған көсеуі шекеге тиеді. Жалаң аяқ ақ қардың үстінде жан сауғалаған бейкүнә қыздың аянышты тағдырын көреміз. Ашуы көп өгей шеше жасаған қылмысын жасыру үшін «Осыдан біреуге мен ұрды деп айтсаң, басыңды кесіп аламын! Осыдан айтып көр, басыңды кесемін!» деп қызды қорқытып отыр [3, 49]. Төрт бес күнде әкесі келіп, қызының жарақатын емдеп, қалаға мектеп-интернатқа жіберуі, анасынан айрылған жетімекті бұдан ары қорлауға жол бермеудің жалғыз амалы сияқты. Өзі ана бола тұра баланы соншалықты жәбірлеуге қолы барған адамға қызын сеніп тастай алмайтыны көрініп-ақ тұр.

«Ұрлық» әңгімесінде Тәжікүл шебер қыз Санагүлмен сабаққа бірге барады. Тәжігүл де тоқыма үйренгісі келеді. Санагүлдің ескі портфелі ашылып кетіп, Тәжігүлге ұстатпай жүрген тоқыма көзіне түседі. Қызығып кетіп, жымқыра қойды. Ойнап болған соң қайтарып беремін деп ойлаған еді. «Сабақ біткенше зорға шыдап, үйіне жетісімен шөптің тасасына отыра қалып, тоқыманы қолына алды. Осы Санагүл қалай істейді. Жып-жып еткізіп, әп-әдемі өрнектерді шығара қояды. Жібi түскiр шатасып, Тәжікүлдің нәзік саусақтарын мүлдем тыңдамайды!» [3, 56].

«Келесі күні Санагүл әжесіне ілесіп, үйге кіріп келе жатқанда жүрегі зу ете түсті. Әжесі: «Менің Тәжім ұры емес! Басқа жерден іздеңдер! Ө, несі-ай, менің немеремді ұры атандырғысы келе ме?» – деп бұрқылдағанда кешегі тоқыманы сұраусыз алғаны – «ұрлық» деп аталатынын түсінді. Мына әжесінің соншалық шамданғанына қарағанда «ұрлық» деген өте жаман нәрсе екен» [3, 57]. Әңгіме желісі балаға рұқсатсыз біреудің затын алуға болмайтынын түсіндіріп тұр. Тәжікүлдің ұятты ісін біле қойған әжесі дүкеннен жіпті сатып алып, пілтекешті әжесіне жасатады. Ертесіне адуын әжесінің орнында жуас әже бір қозыны сойып, Санакүлді әжесімен қонаққа шақырды.

«Былайынша, Санагүл екеуі дос. Жыны келгенде «сен ұрысың» дейтіні бар. Біреулер ұрлық туралы сөз етсе, сол баяғы алқызыл жіп есіне түседі. Алқызыл жіпті тоқыма. Сол алқызыл жіптей беті өртеніп шыға келеді Тәжікүлдің» [3, 58]. Әңгімеде «Ұрлық түбі – қорлық» дегенді Тәжікүлдің ұяттан беті өртеніп шыға келетінінен көреміз.

«Ауысқан әріптер», «Мәнтияз» әңгімелеріне лайықтап оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды құру арқылы шығарма оқуға деген қызығушылығы арттыруға болады.

АУЫСҚАН ӘРІПТЕР

Қайрат бұл сыныпқа жақында келді. Ерні томпиып, ұрты бұлтиған сүйкімді бала. Елгезек. Міне, тағы да «Мен айтам, мен айтам» деп, көтерілген қолымен бірге ұшып кете жаздап отыр.

Орнынан тұрар-тұрмастан:

– Тырық! – деп саңқ еткізді. Бір-екі жеңілтек бала қосыла тырқ етті. Тіпті жап-жас мұғалима қыз да езуін әзер ұстады.

– Дұрыстап айт. Қанша? Қайрат костюмінің етегін төмен тартып түзеді. Өзіне сенімді түрде:

– Бес жердегі сегізім тырық! – деді. Енді бүкіл сынып күлді.

– Апай, апай, ол ылғи «Қ»-ның орнына «Т» дейді. Нанбасаңыз, атын сұраңыз. Алма тықылдап болар емес.

– Атыңды айтшы.

– Тайрат. Бала көзі жыпылықтап жасып қалды. Мұғалима ойланды.

– Қайрат, бүгін сабақтан соң екеуміз қалып, әріптерді дұрыс айтуды үйренейік, жарай ма?

Қайраттың көзі жайнап, қайтадан құлшына бастады.

«Ауысқан әріптер» мәтіні бойынша сұрақтар:

1. Қайрат қандай бала?

А) сүйкімді, елгезек бала

- В) жеңілтек бала
С) қу бала
D) жалқау бала
2. Бүкіл сынып кімге күлді?
A) Мұғалімге
B) Алмаға
C) Қайратқа
D) оқушыларға
3. Қайрат қандай жағдайда қалды?
A) сабақ айтқысы келмейді
B) «Қ»-ның орнына «Т» дейді
C) атын айта алмады
D) санды бұрыс айта алмады
4. Мұғалима Қайратқа нені айтты?
A) сабақтан соң қалып, әріптерді дұрыс айтуды үйренуді
B) әріптерді ауыстырып айтуға болмайтынын
C) Алманың айтқанын
D) бүкіл сынып неге күлгенін
5. Мұғалима нені ойланды? (қосымша ой қосу)
A) оқушымен жұмыс жасауды
B) Қайраттың ата-анасы қатты еркелетеді
C) Қайраттың әріпті айталмауына ата-анасы мән бермейді
D) Қайрат өзі әріпті айта алмайтынын білмейді

МӘТНИАЗ

Мәтниз биыл жетіншіге көшті. Бойы сырықтай. Әкесімен тенесіп тұр. Тек әкесіндей иықты емес. Әлі есейеді ғой. Анасы: «Өскенде әкеңнен де ірі болатын түрің бар» дейді. Болса екен. Күнде ертемен тұрып турникке тартылады. Таэквондаға барып жүр.

...Осы жаз жұмыс істеп ақша тапқысы келсе де, ата-анасы бұғанан қатқан жоқ деп рұқсат бермей отыр.

Сосын әкесіне көмегім тисе де қайда жатыр деп, науқандық жұмысқа ілескен-ді. Науқандық дегені аз уақытта тез бітіруі керек осындай қой қырку, қой тоғыт, сақман сияқты жұмысты айтады екен.

Күн шыжып тұр. Жүн жетілді, көтерілді деседі. Қырқып алмаса қой пысынайды екен. Мазасыз қой қоң жинамайды екен. Ондай қой қыста көтерем, арық болады екен. іш тастайды екен. Яғни, қозысы өліп қалады. Пәлі, бәрі біріне бірі тәуелді екен. Міне, Мәтниз қандай жауапты жұмыста жүр. Мәтниз көп нәрсені көңіліне түйді. Жаңа сөздер, ұғымдар үйренді.

Мәтнийздың әкесін бәрі мақтайды. Тез қырқады, таза қырқады, қойдың денесіне түк жарақат түсірмейді деп қауқылдасады. Мәтнийз кеудесін кере қоқиланып жан-жағына қарады. Кілең ересек кісілер, мұнда достары жоқ. Мәтнийз аздап ұялыс тапты. Ұялған тек тұрмас деген. Тез қой ұстауға жүгірді.

Әкесі ұялы телефонмен сөйлесіп қолы тимей жатқанда сөреде аяғы байлаулы қойды қырқып көрді. Қызық екен. Көзі алайып адырайған қойдың басынан сипап: «сен қорықпа, қойым. Мен қанатпай қырқамын, тек сен қозғалмай тыныш жат, жарай ма? Сенің жүн дейтін тоныңды шешіп алмасақ, сен терлейсің ғой», – деп сөйлеп қояды.

Қой бірдеңе түсінгендей көзін жұмып, мойнын созды. Мәтнийз электр қырықтықпен зырылдатып қырка жөнелді.

Жаңағы:

– Ербимей былай тұр!

– Өңкиіп алып не тұрыс, мә, қырықтық. Бол, шапшаң, іске кіріс! деген үлкендер, әкесінің:

– Ол – оқушы бала. Әлі жас. Маған қой әкеліп тұрса да жетеді, – деп ара түскені, енді кара, міне өзі қырқып жатыр!

Әкесі сөйлесіп болып:

– Балам, жинал. Шешең ауруханаға түсіп қалыпты. Үйге қайтамыз. – деді. Мәтнийз:

– Әке, сіз өзіңіз барып бір жайлы қылып келіңіз. Мен осында қалып, істей тұрайын. Әйтпесе, бізге ақша төлемейді ғой! – деп қиылды.

– Жарайды, орныға балаң істей тұрсын. Икемі бар екен. Кісі қолы жетпей жатыр. Сені жібермеймін десем, бәрібір ала көңіл болып ештеңе тындырмасың. Барып, біліп кел. Біз мұнда балаңа бас-көз болармыз – деп, бастығы да рұхсат етті.

Мәтнийз болса әкесін ұятқа қалдырмайын деп, күніне он бес-жиырма қой қырқып тырысып-ақ жатыр. Әкесі қайта оралып, үйдегі жай туралы түсіндіргенде, жігіттер баланың қоймен сөйлесетін әдетін, қойдың Мәтнийзды тыңдайтынын жамырасып айтып мәз болысты.

Міне, әкесінің қолғанаты болды деген осы деп арқасынан қағып қояды. Бастық та өзіңе еңбеккүніңді бөлек төлеймін деп қуантып қояды. Алақай! Өзіне жеке спорт киімін алатын болды! Қуанған Мәтнийздың қолы-қолына жұқпайды.

«Мәтнийз» мәтіні бойынша тапсырмалар:

1-тапсырма

1. Әңгіменің негізгі тақырыбы қандай?

2. Бұл әңгіменің қандай тәрбиелік мәні бар?

3. Сақман, қой тоғыт, қой қырку сөзінің мағынасын мұғалім көмегімен ашыңдар?

2-тапсырма

Қой өсіру шаруашылығында қандай науқандық жұмыстар болады?

- A) қой қырку, қой тоғыт, сақман
- B) саумал, қымызмұрындық
- C) Бесқонақ, Қызыр қамшысы, Тобылғы жарған, отамалы,
- D) қойды жүндейді, күзейді

3-тапсырма

«Қой керек болса, мизамда қырық, жүн керек болса, қазанда қырық» деген ел аузында сақталған мақал бойынша (өлі жүн, тірі жүн деген) естіген, оқыған әңгімелерінді айт.

Балаларға кітапқа қызығушылығын ояту әрі оқыту үшін әңгіменің мазмұнына сай суретшінің түрлі-түсті майлы бояуымен салынған сурет артық болмас еді. Өйткені, бала ең бірінші мәтіннің қысқа болуымен бірге көздің жауын алатын тамаша суреттерге назар аударады. Суреттегі кейіпкерге қарап отырып бала мәтіннен оқиғаның мазмұнын оқуға кіріседі. Шағын әңгімелеріне лайықты салынған көркем суреттердің балаға әсері ерекше болары анық. Осындай шағын әңгімелерге лайықтап сурет салу сынды тапсырмалар арқылы баланы шығармашылық ізденіске баулуға болады. Шығармашылық ойлау, сурет салу қабілеті бар балалар басты кейіпкерге деген көзқарасы арқылы сурет сала алады.

Қорыта келгенде, балалар жазушысы Маркиза Базарбайқызының шағын әңгімелерінің бастауыш, орта буын мектеп оқушыларының дүниетанымын кеңейтуге ықпалы зор, әсіресе қалада өскен жас буынға ауыл өмірінің қызықты болары анық. Аса көлемді емес, оқуға ыңғайлы ертегі-аңыздардың тілі жатық та шұрайлы, берер тәлімі мол, айтар ғибраты мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қанат Қайым. Ұрпақ тәрбиесінің талбесігі // «Қазақ әдебиеті» газеті 29.06.2018 // <http://qazaqadebieti.kz/15272/tpa-t-rbiesini-talbesigi>
2. Гүлзина Бектас, Ақбота Исләмбек. Бір жыл – бір белес // «Айқын» газеті 15.03.2017 // <https://aikyn.kz/2017/03/15/7003.html>
3. Әкесін іздеген ұл / Базарбайқызы Маркиза. Балаларға арналған әңгімелер жинағы. – Алматы: «Фирма Орнак», 2015. – 176 бб.
4. Серғазы Қалиұлы «Қазына жинаған қаламгер – Мұзафар Әлімбаев» // «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті, 25.12.2018 г.

УСЕНБАЙ Б., АЯПОВА У. С., КАЖИАКБАРОВА Р.Б. СВОЕОБРАЗИЕ СОЗДАНИЯ ОБРАЗА ДЕТЕЙ В НЕБОЛЬШИХ РАССКАЗАХ МАРКИЗЫ БАЗАРБАЙКЫЗЫ

В статье рассматривается своеобразие изображения детей в произведениях сборника детских рассказов ветерана-педагога Маркизы Базарбайкызы «Сын, ищущий отца» («Әкесін іздеген ұл»). Также исследователи отмечают, что малые по форме рассказы способствуют расширению кругозора учащихся начального и среднего звена, язык их доступен для такого возраста, они имеют большое воспитательное значение. Поэтому, считают авторы статьи, такие рассказы можно использовать для создания авторских программ за счёт часов, отведённых для изучения отдельных предметов, курсов и разделов в вариативном компоненте учебных планов. С этой целью исследователи творчества М. Базарбайкызы привели задания, выполняемые в рабочих тетрадях, формирующие грамотность чтения учащихся. Также в статье представлены образцы заданий, которые содействуют не только усвоению содержания текста, раскрытию его темы, но и способствуют творческому поиску учащихся.

Ключевые слова: *детская литература, проза, рассказ, авторская программа, вариативный компонент, формирование грамотности чтения учащихся.*

USENBAY B., AYAROVA U.S., KAZHIAKBAROVA R.B. THE UNIQUENESS OF THE CHILDREN IMAGES IN THE SMALL STORIES BY MARKIZA BAZARBAIKIZY

The article discusses the peculiarity of the images of children in the collection of children's stories written by a distinguished teacher Markiza Bazarbailizy «Son Looking for his Father» («Kesn Stegen l»). The researchers also note that small in form stories contribute to the expansion of horizons of primary and secondary school students, their language is familiar for this age, they are of great educational value. Therefore, according to the authors of the article, such stories can be used to create author's programs at the expense of hours allotted for the study of individual subjects, courses and sections in the variable component of the curriculum. So, investigators of creativity of M. Bazarbaikizy provided for the tasks in workbooks that develop the reading skills of students. The article also presents samples of tasks that contribute not only to the assimilation of the content of the text, the disclosure of its theme, but also contribute to the creative search of students.

Key words: *children's literature, prose, story, author's program, variable component, formation of reading literacy of students.*

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚИТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

ӘОЖ 930.2

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ТҮРЛІ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

БАЙТУРЕЕВ Д.Ш.

Зерттеу аймағы – оқушылардың тарих пәнінде ресурстар арқылы зерттеушілік дағдыларының дамуы болып табылады. Проблемалар анықталып, оқушының жеке қабілеттеріне қарай оқыту әдістері бағытталады. Дереккөздер арқылы ойластырылған оқыту әдістері оқытудың тиімділігін арттырады. Соның дәлелі – зерттеу оң нәтижесін көрсетті. Зерттеудің нәтижесінде оқушылардың бойында зерттеушілік дағдысының дамығандығы, эксперимент жасауға қызығушылықтары байқалды. Қолданылған әдістер оқыту әдісінің тиімділігін көрсетеді. Зерттеу барысындағы сәтті тұстар мен өзгерістерді қажет ететін тұстары айтылады. Зерттеудің өзектілігі анықталып, өз дәрежесінде жүргізілгені көрініс тапқан.

Кілт сөздер: *зерттеушілік дағды, дереккөздер, мета-таным, өзін-өзі реттеу, қалыптастырушы бағалау, тәжірибе жасау дағдысы, сын тұрғысынан ойлау, ғылыми-зерттеу, проблеманы анықтау, функционалды сауаттылық, тиімді әдіс – тәсілдер.*

Мектепте іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізудің басты мақсаты – мұғалімнің кәсіби дамуымен сабақ үрдісінің табысты болуы. Білім беру саласының дамып, өркендеп жатқанын есепке алсақ, іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарымен айналысу, қосымша зерттеу жасау әр-бір заманауи, ізденімпаз ұстаздың негізгі міндеті. Қазіргі таңда сабақ үдерісін жақсартумен қатар ұстаздардың кәсіби дамуы үшін іс-әрекеттегі зерттеу жобасы өте бағалы дүние болып отыр. Осы орайда ел Президенті Н.Ә. Назарбаев 2020-жылғы Қазақстан халқына Жолдауында – «Оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа алып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, мектеп қабырғасында іс-әрекеттегі зерттеумен айналысуды жөн санадым. Қазіргі таңда зерттеумен айналысу мұғалімнің кәсіби дамуы үшін таптырмас әрекет болып отыр. Іс-әрекеттегі зерттеу – тәжірибені жетілдіру, терең түсіну мақсатында және сыныптағы жұмысты, тәжірибені жүйелі түрде зерттеу [3, 46-6]. Іс-әрекетті жүргізудің

басты мақсаты – мұғалімнің кәсіби дамуы мен сабақ үдерісінің табысты болуы [1, б. 61].

Ғылым саласына «іс-әрекеттегі зерттеу» деген санаттың енгізілуі әдетте Курт Левиннің (1946) атымен байланыстырылады және бұл терминді пайдалана отырып еңбек шығарған бірінші адам болса да, ол бұл идеямен ертеректе 1913 жылы Вена қаласында басылып шыққан жұмыс арқылы Германияда танысты деген болжам бар (Altrichter H. & Gstettner P., 1992). Шындығында, 1926 жылы жарияланған Букингемнің «Оқытушыларға арналған зерттеулер» атты кітабында бізге таныс іс-әрекеттегі зерттеу үдерісі қолданылады. Зерттеу жүргізуге бағытталған басты қадамдарды негізге ала отырып, іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу үшін негізгі мәселелер мен басымдылықтар анықталып, осы сыныптағы білім сапасын арттыру үшін арнайы жоспар құрылды.

Жоспар:

- Зерттеуге байланысты сауалнама даярлау;
- Зерттеудің өзектілігін анықтау;
- Жауап алу стратегияларын құру, қажетінше өзгерту;
- Ашық сұрақтарды пайдалану;
- Алынған жауаптарды талдау;
- Сапалық деңгейі өзгеше сұрақтарға көшу;
- Қадам нәтижесіне сүйеніп, келесі қадамның жоспарын жасау.

Сабақ процесін жақсарту мен ұстаздардың кәсіби дамуы үшін «Іс-әрекеттегі зерттеу» жобасы мектептерге ендіріліп, мұғалімдер өз іс-тәжірибесін зерттеуді қолға алуда. Бұл деген сөз – зерттеу процесі үздіксіз жүреді, сондықтан да әдістерді жаңарта отырып, зерттеу циклі жалғасын табады. Жаңартылған білім бағдарламасында «Тарих» пәнінің өзіндік ерекшелігі бар. Ол – сенімді, пікірін жеткізе алатын тәуелсіз тұлғаны тәрбиелеу. Ал тарих сабағында берілген тапсырмалардың барлығы дерлік сын тұрғысынан ойлауға негізделген; сыни ойлай алу, пікірді еркін жеткізе алу және оқушының шешендік қабілеті мен ойын бүкпесіз айта алу дағдысының дамуы, оқушының өмірге икемделе өсуімен тікелей байланысты. Осы орайда АКТ-ның рөлі орасан зор. Тарих пәнінің мақсаты: оқушылардың функционалдық дағдысын дамыту, оқушының сабақта алған білімін өз өмірінде қолдана алуына ықпал ету.

Зерттеу мақсаты: Әр түрлі ресурстарды пайдаланып, оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамыта отырып, тарих пәнінен білім сапасын арттыру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Ис-әрекеттегі зерттеу үрдісінде балалардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға мүмкіндік жасайтындай етіп тапсырманы ұйымдастыру.

2. Белгілі – бір бейімделген тапсырмалар арқылы оқушылардың ресурстар жайлы түсініктері мен зерттеу дағдыларын дамыту.

3. Зерттеу үрдісі барысында деректерді жинақтап және өз тәжірибелерін жақсарту мақсатында нәтижелерді өңдеп, қайта қолдану.

Күтілетін нәтиже: Ситуацияны жан-жақты ұғынатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын, ресурс көздерін қолдана отырып, алған білімдерін өмірде қолданатын, шығармашыл және зерттеуші тұлға қалыптастыру.

Зерттеу әдістері:

- ✓ Оқушылармен сауалнама жүргізу;
- ✓ Оқушылармен үш стратегияда жұмыс істеу; (жеке, жұпта, топта);
- ✓ Белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану;
- ✓ Сабақ барысында ресурстармен жұмыс істей отыру, сыни ойлауға бағыттайтын, функционалды дағдыларын дамытатын тәсілдерді пайдалану; (дебат әдісі, миға шабулы әдісі, мәтінмен жұмыс, аудио-видео материалмен жұмыс, ашық сұрақтар қою арқылы және т.б.);
- ✓ Балалардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне және жас ерекшеліктеріне қарай тапсырма түрлерін түрлендіре әзірлеу.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау

Зерттеу 9-сыныптар арасында жүргізілді. Сауалнамалар нәтижесінде зерттеудің өзектілігі анықталды. Оқушылардың сабақ барысында ресурстармен нақты жұмыс істей алуы, сын тұрғысынан ойлай алу білімімен, еркін пікір айта алулары, жаһандық көзқарас білдіре алулары мен кез-келген жағдаятта объективті пікірлерін білу мақсатында арнайы ашық сұрақтар мен жаттығуға бағытталған тапсырмалар берілді. Сынып ішіндегі жауаптар легі үш түрлі деңгейде анықталды. Сауалнама нәтижесі төмендегі кестедегідей болды.

Сіз ресурстарға қаншалықты зерттеу жүргізіп талдай аласыз?				
Диалогқа түскенде ресурстарға сүйене отырып ашық сұрақтарға нақты жауап бере алдым.	Ашық сұрақтарға сыни жауап беріп, талдап шығу қиын, бірақ ненің қиын екенін анықтап жауап бердім	Ресурстарды пайдалануда сыни талдау үшін ашық сұрақтарға толық жауап бере бастадым	Қиын, бірақ нәтиже көрсеттім, сабақты меңгерген сияқтымын	Қиындау, бірақ соған қарамастан тапсырмаларды орындай алдым
А	В	С	-	-

Талқылау жүрген соң қандай сезімде болдыңыз?				
Мүлде сенімсізбін	Сенімсізбін	Аздап сенімдімін	Сенімдімін	Өте сенімдімін
-	-	С	В	А

